


Кенжетаева Г.К., Азимхан А., Кенжин Ж.Б.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

Оқу құралы



DCRU
Алматы, 2022

ӘОЖ 351/354 (075.8)

КБЖ 66.3 я 73

М 44

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Торайғыров университетінің» Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды

Рецензенттер:

С.К. Кунязова – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор;

А.А. Камиева – PhD докторы, қауымдастырылған профессор

Ж.К. Ержанова – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Құрастырушылар:

Г.К. Кенжетасева, А. Азимхан, Ж.Б. Кенжин

М44 Мемлекеттік қызмет және басқару: оқу құралы /
Г.К. Кенжетасева, А. Азимхан, Ж.Б. Кенжин.— Алматы:
ЭСПИ, 2022.— 156 б.

ISBN 978-601-352-734-5

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының білім алушыларына арналған оқу құралы. Оқу курсы жақсы меңгеру үшін негізгі оқу-әдістемелік материалдар жиналған. Оқу құралын студенттер мен оқытушылар пайдалана алады.

ӘОЖ 351/354 (075.8)

КБЖ 66.3 я 73

ISBN 978-601-352-734-5

© Кенжетасева Г.К.,

Азимхан А.,

Кенжин Ж.Б., 2022

© ЭСПИ, 2022

Материалдық дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге авторлар мен құрастырушылар жауапты

КІРІСПЕ

Оқу құралында мемлекеттік қызметтің мазмұны мен мәні, негізгі белгілері, даму эволюциясы, Қазақстан Республикасының басқару құрылымына шолу жасалған.

Мемлекеттік қызмет – мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырудың құралы ретінде, оның қазіргі заманғы жай-күйіне және Қазақстандағы жергілікті мемлекеттік басқарудың ең төменгі сатысы ретінде нақтыланған және мемлекеттік басқарудың жаңа саласы жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері де қамтылған.

Оқу құралы студенттерге, магистранттарға, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлерге, мемлекеттік қызметшілерге және жалпы көпшілікке арналған.

1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЯСИ ЖАҢҒЫРТУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Елімізде орын алып отырған жаңа кезең мен саяси-әлеуметтік өзгерістер демократиялық даму жолының оңтайлы үлгісін қарастыру барысымен байланысты, аталған өзгерістердің маңыздыларының бірі қазіргі заманға сай мемлекеттік қызмет институтының құрылуы болып табылады.

Мемлекеттік қызмет институты мемлекеттік басқару мен саяси биліктің ажырамас бөлігі, сонымен қатар күрделі әлеуметтік зерттеуші ретінде, мемлекеттік қызметтің ғылыми-теориялық талдауын болжау және мемлекеттік қызмет институтының түйінін, саяси даму мәнмәтінінде оның саяси-басқару жүйесінде құрылу тарихының келісілген мазмұнын анықтаушысы қызметін атқаруда.

Мемлекеттік қызмет – мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттерін және функцияларын жүзеге асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіліктерді атқару бойынша ресми қызметі.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызмет заңнамасының тек Қазақстанға тән сипаттары, тиесілі жақтары да бар. Батыс елдерінің қоғамды құру және заңнамалық моделдеріне деген еліктеушілік ең алдымен Қазақстан қоғамының дәстүрлері мен әлеуметтік ұйымдасуына, сондай-ақ рухани және мәдени құндылықтарын ескере отырып құрылуы тиіс.

Өткен жүзжылдықта орнаған тарихи естеліктерді талдай отырып, Қазақстандағы мемлекеттік қызметін рәсімдеу мемлекеттік құрылымның ішкі құрылысы мен басқару формасына сай қиын үдеріс болғанын байқауға болады. Мемлекеттік қызметтің дамуы мемлекет құрылысымен ондағы болып жатқан өзгерістерін көрсете отырып бірге дамыды. Бұл үдерістерге экономикалық нысанды және әлеуметтік факторлардан бөлек мемлекетті басқарушы тұлғаның да ықпалы үлкен болды. Мемлекет басшысы әрдайым мемлекеттік билік органдарының

қиыншылықты қажеттілігі мен оның құрамы жайлы шешімді қабылдап отырады.

Әкімшілік реформаның мақсаты – нақты демократиялық, әлеуметтік, құқықтық бастауға кепілдік беретін жаңа мемлекеттікті құру болғандықтан, мемлекеттік қызметтің функционалдық міндеттерін түбегейлі түрде ой елегінен өткізу қажеттілігі тууда. Біздің ойымызша мемлекеттік қызметтің осы заманға сай негізгі міндеттері: билік деңгейлері және тарамдары органдарының тиімді жұмыс жасауын және азаматтардың құқықтары және бостандығын қамтамасыз ету.

Негізгі міндеттерден жалпы (мемлекеттік қызмет жүйесі атқаратын) және ерекше (дербес) – (мемлекеттік қызметтің құрылымдық элементтер жүзеге асыратын) функциялар бөлінеді.

Сонымен, мемлекеттік қызмет функциялар туралы айта отырып, оларды былайша бөлуге болады: бір жағынан, әлеуметтік институтқа тән функциялар - қоғамдағы міндеті және рөлін көрсететін; екіншіден, саяси-құқықтық институтке тән және мемлекеттік басқару механизмінің маңызды бөлігі ретінде мақсат, міндеттерін жүзеге асырудағы мемлекет құрылымдары мен органдары жүйесіндегі ролінсипаттайды.

Сондықтан мемлекеттік қызмет қызметкершілер мен мекемелерден тұратын жиынтық ретінде емес, әлеуметтік байланыстар және қарым- қатынастар жүйесі ретінде қарастыру қажет, өйткені мемлекеттік қызметтің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырушы басқару органы- мемлекеттік қызмет субъектісін құрумен маңызды түрде байланысты.

Жоғарыда берілген пайымдамада бойынша саяси жүйеге институттық аспектен қарағанда мемлекеттік қызмет әлеуметтік-саяси жағынан өте күрделі институт, функционалды жағынан - мемлекеттік басқару механизмдерінің бірі. Осы уақытқа дейін қоғамының саяси жүйесінде мемлекеттік қызметтің маңызы мен рөлін түсінуде біртұтас көзқарасының болмауы содан болар. Біздің бағалауымыз бойынша мемлекеттік қызметті күрделі әлеуметтік феномен ретінде түсінуде, оның

маңызын, рөлін, әлеуметтік – саяси маңызын бағалауда әрқайсысының өзі түрліліктерден тұратын бірнеше көзқарас қалыптасты. Жіктеу ерекшеліктеріне тоқтамай-ақ, ең ерекше дегендеріне тоқтасақ, әлеуметтік, көпшілік-құқықтық, саяси-құқықтық деп бөлуге болады.

Әлеуметтік көзқарасты қолдаушылар (Е. В. Охотский [90], В. Г. Игнатов [91], А. И. Турчинов [92] және басқалары) мемлекеттік қызметті мемлекет қызметінде тұрған тұлғалардың ортақ қызметін ұйымдастырушы тарихи қалыптасқан, тұрақты форма ретінде қарастырады.

Ғалымдардың келесі тобы (Новиков А. В., Тарасова Н. Н. және т.б.) шетел тәжірибесіне сілтеме жасай отырып, мемлекеттік қызмет бюджеттен төленетін және тапсырма бойынша мемлекетке қызмет ету барысында жүзеге асырылатын қоғамдық-пайдалы еңбек түрлері ретіндесанайды.

Келесі авторлар тобы (Э. В. Ковальский М. А., Журко, А. А. Томилин) мемлекеттік қызмет – мемлекеттік қызметті жүзеге асыру, деңгейінен басқа салалардың тиімді және оңтайлы қызмет істеуіне байланысты адамдарға әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету деп қарастырады.

Бұндай пікірлерді саяси ғылым арнасына ауыстырсақ, аталған жіктеу аясында мемлекеттік қызметті мемлекет, саяси партиялар, әскер, сот, прокуратура сияқты институттарға жатқызуға болады, өйткені бәрі жиынтықтала келе сипатталған қоғамдағы саяси мүдделер мен қарым- қатынастарды көрсетеді.

Құқықтық көзқарасты қолдаушылар мемлекеттік қызметтің әлеуметтік рөлі аталмыш институттың құқықтық-саяси негізі арқылы ашылады дейді. Олай дейтін себебін мемлекеттік қызмет жұмысын заңда анықталуы қажет мемлекеттік-құқықтық белгіленімдердің жиынтылығының көмегімен нормативтік реттеу қажеттілігіментүсіндіреді.

Мысалы, Стариков Ю. Н. [31] мемлекеттік қызметті «құрамында көптеген кіші институттар бар құқықтың түрлі салалық нормаларынан тұратын кешенді құқықтық институт» ретінде қарастырады.

Г. В. Мальцев мемлекеттік қызметті «мемлекеттік аппарат кадрларын кәсіби жетілдіру, мемлекеттік органдар және қызметшілердің өкілететрін жүзеге асыру, мемлекеттік аппараттың құрылысы мен іс-әрекеттерін ұйымдастырумен өзара байланысқан қарым-қатынастар жүйесі» деп аңқтайды [20].

Осы ретте Г.В. Атаманчуктың мемлекеттік қызмет туралы ұсынған келесі анықтамасын келтіру өте орынды: «мемлекеттік қызмет – мемлекеттік органдарда ұйымдастырылған мемлекеттік қызметті атқару арқылы мемлекет функциялары мен мақсаттарын жүзеге асырудағы азаматтардың кәсіби және тәжірибелі түрде қатысуы». Бұл анықтамада үш элементтің өзара байланысы байқалады: мемлекет, мемлекеттік орган, мемлекеттік лауазым және мемлекеттік органдағы азаматтың белсенділігіндегі және мемлекеттік лауазымдағы ең бастысы – мемлекеттік орган міндеттерін жүзеге асыру, әлеуметтік-саяси проблемаларды шешу, адамдардың әрекеттері мен тәртібін реттеу, адамдардың мүддесін қорғау қызметін көрсету және т.б.

Сонымен мемлекеттік қызмет тек «мемлекеттік органдардың өкілеттігінің атқарылуын қамтамасыз ету үшін» ғана қажет емес, мемлекеттің негізгі бағыты – өз азаматтарының мүддесі және қажеттілігі үшін қызмет жасау деген сөз. Біздің ойымызша қоғамды демократиялау жағдайында мемлекеттік қызмет осы бағытта дамуы керек.

Демек, мемлекеттік қызмет – бір жағынан мемлекеттік билікті қолдану және мемлекет міндеттері мен мақсаттарын қалыптастыру және жүзеге асыру тәртібін анықтайтын құқықтық, ұйымдастырушылық және процессуалдық институттар (пішін, әдіс, қағидалар ж.т.б.) жүйесін, екіншіден – бұл арнайы дайындалған және мемлекеттік аппаратта кәсіби еңбек ететін адамдар жиынтылығы. Осыған орай, оны құқықтық-көпшілік институт деп сипаттауға болады, өйткені, ол мемлекетке- сол үшін жалақы төленетін, арнайы статусы бар және басқару функцияларын кәсіби орындайтын өкілетті аппарат (мемлекеттік қызметші) тікелей жүзеге асыратын басқару арқылы қол жетілетін көпшілік билікті ерекше ұйымға тұрақатысты.

Кейбір ғалымдар, мысалы, В. С. Комаровский, мемлекеттік қызметті көбірек маңызда қарастырады, оның айтуынша мемлекеттік қызмет тек құқықтық-көпшілік институт емес, саяси-құқықтық институт [30].

Бұндай көзқарасқа сәйкес, мемлекеттік қызмет- құқықтық-көпшілік сала емес, әлеуметтік-құқықтық қызмет саласы.

Демек, мемлекеттік қызметке оранласатын тұлға мемлекеттік лауазымға кірісе отырып, қоғам үшін маңызды істерді шешуге құқылы және ол үшін жауапты екенін түсінуі керек.

Барлық жоғарыда келтірілген көзқарастарды шоғырландыра отырып жасалатын болжау-мемлекеттік қызмет әлеуметтік-саяси кеңістікке тәртіп және ұтымдылық енгізу үшін қажет, сондықтан басқарушылықпен тығыз байланысты. Демек, мемлекеттік қызметтің институттық негізінде саяси лауазымдық тұлғалардың мемлекеттік органдар өкілеттерінің атқарылуын қамтамасыз ету, баспалдақтық бағыну қағидаларындағы қызметтік міндеттердің орындалуы, өмірлік жалдау қағидасы негізінде заңмен қатал орнатылған қызметті жүзеге асыру.

Мемлекеттік қызмет барлық басқару процесстерінің қажетті элементтері болады деп санауға болады. Мемлекеттік қызмет функциясының сипаты мен есебін анықтаудағы қиындық осыдан болса керек: біреулер оларды мемлекеттік басқару функцияларымен теңестіруге талпынса, басқалар мемлекеттік қызметті мемлекеттік басқарудан қашықтатып, формалды-бишікештік тәуелсіз құрылым ретінде көрсетеді.

Біздіңше, мемлекеттік қызметті әлеуметтік институт ретінде көпәспектті арнада қарастыру керек.

Мысалы, В. В. Волошина және К. А. Титов үш қырын көрсетеді: заңдық аспектісі - мемлекеттік аппаратта лауазымдық міндеттер мен өкілеттілікті практикалық атқару; әлеуметтік мемлекеттің мақсаттары мен міндеттерін қоғам өмірінде жүзеге асыру, саяси- мемлекет пен оның азаматтары арасындағы қатынастырушы буын. Бұндай пайымдамалардан жасайтын тұжырым- «мемлекеттік қызмет» деген түсінік мазмұны мен

құрылымы бойынша кешенді болуы керек және топталған түрде осы элеуметтік құбылыстың көпаспектілігін, көпжақтылығын, күрделілігін қамтып, көрсетіп отыруы қажет[12].

Бір қатар авторлар (мысалы, Б. В. Лытов) «мемлекеттік қызмет» деген түсінік бұдан да көп аспектіден тұрады деп санайды. Ол- экономикалық, саяси, құқықтық, элеуметтік, ұйымдастырушылық, кадрлық, және бақа аспектілер. Мысалы Г. П. Зинченко социологиялық, көргенділік және басқа аспектілерді қосады.

Біздің ойымызша , көпаспектілік мемлекеттік қызметті сипаттау және рөлін анықтау барысында мемлекеттік қызметті формалды түрде қарастыруға болмайды, өйткені ол саяси жүйенің түрленуіне байланысты құбылмалы болып келеді, өйткені ол саяси жүйенің өзгерістерімен тығыз байланысты, ол – саяси жүйенің ажыратылмайтын элементі, өзгеріс процесстерін жүргізуші десе де болады, сондықтан қоғамның демократталу үдерістерін көрсететін саяси даму контекстінде кешенді қарастыруды талап етеді.

Мемлекеттік қызметті зерттеудің теориялық негізіне жасалған талдау қорытындысын анықтай отырып, мемлекеттік қызмет көпқырлы ерекшелігімен сипатталатын көп функциялық күрделі институт деп тұжырым жасауға болады:

- саяси аспекте – мемлекет пен қоғамдағы саяси консенсустың маңызды факторы болып келетін, саяси-биліктік мақсатар мен міндеттерге қол жеткізу бойынша саяси күштер жасап шығарған мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттер, өйткені оның жұмысы мен тиімділігі элеуметтік-саяси қатынастардың тұрақтығынабайланысты;

- элеуметтік – мемлекеттік ұжымдарда лауазымдық орында отырған тұлғалардың мемлекет тапсырмасы бойынша қоғамдық пайдалы қызмет көрсетуін кәсіби жүзегеасыру;

- құқықтық – мемлекеттік қызметті жүргізу, әрекеттерін ынталандыру, қызметшілердің жауапкершілігі, тиым, шектеулерді реттеуші құқықтық нормалар тәрізді мемлекеттік-қызметтік міндеттер, қатынастарды заңды,ресмилеу;

- көпшілік –құқықтық-көпшілік ұйым түрлері, яғни қандай да бір болмасын әкімшілік аясында формалды белгіленген мақсатармен біріккен қызметшілер жиынтықтылығы;

- ұйымдастырушылық – келесі элементтерден тұратын жүйе тәрізді көрсетілген: мемлекеттік аппараттың ұйымдастырушылық және процессуалды негіздерін қалыптастыру, лауазымдық иерархия құрау және құқықтық сипат беру, талапқа сай қызметшілердің жауапкершілігін таба білу, бағалау, және ынталандыру;

- арнайы –мемлекеттік қызметшінің мансабын анықтайтын арнайы кәсіптік дайындықтың кең жүйесі,қандай да бір мемлекеттік лауазымға конкурстықіріктеу;

- этикалық – мемлекеттік қызметшінің этикалық кодексінің болуы, басқаша айтқанда «этикалықар-намыс».

Мемлекеттік қызмет бірнеше топқа біріктіруге болатын қарым-қатынас жиынтылығынан тұрады:

- мемлекет атынан әрекет жасайтын өкілетті орган және лауазымды тұлға, мемлекеттік қызметші, мемлекеттік лауазымдағы тұлғаның орнын ауыстырушы арасындағықарым-қатынас;

- мемлекеттік қызметші және азаматтар, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер және ұжымдармен өз қызметтік міндеттерін орындау барысында жасалатын қарым-қатынас, яғни, осыған байланысты жоғарыда көрсетілген қатынастар жүйесінде мемлекеттік қызметші байланыстырушы буын болып табылғандықтан, демократиялық даму концепциясы бойынша мемлекет қоғамға қатысты қызмет көрсету рөлін атқарады;

- мемлекеттің шексіз мүмкіндігін анықтайтын қарым-қатынас –мемлекеттік қызметшінің жағдайын-орнын өз білгенінше орнықтыру (көпшілік билік мақсатарына деген берілгендік қағидасы»);

- билік пен азаматтар арасындағы қарым-қатынас, азаматтарды шенеуніктерден, лауазымдық тұлғаларды қызметтік озбырлықтан қорғайтын құқық нормаларының реттелуі міндеттішарт.

Сонымен, тұжырымдай келе, демократиялық, құқықтық мемлекеттің мемлекеттік қызметі - саяси-биліктік қарым-қатынас жүйесінде ұйымдастырылған мақсаты, функциялары және қағидалары бар саяси жүйенің ажыратылмас элементі.

Мемлекеттік қызмет институты - барлық саяси билік жүйесінің дамуын анықтайтын фактор ретінде оның қызмет етуіне мүмкіндік беретін маңызды саяси әлеуеті бар, мемлекеттік басқару механизмдерінің ұдайы өндірілуіне мүмкіндік туғызушы саяси жүйенің функционалдық элементі, оның ерекшелігі және функциялары, институттары және элементтері сапасының эволюциялық және (ауыспалы кезеңде) революциялық өзгерістерін жүзеге асыратын маңызды элементі деп анықтаймыз.

Мемлекеттік қызметтің қайта құрылу үдерісі көбіне сыртқы саяси факторларға байланысты. Оған қоса мемлекеттік қызмет Қазақстан мемлекетінің аумағында орталық басқаруды қамтамасыз етіп және тұрақтылықты сақтау үшін құрылады.

Мемлекеттік қызметке қызметтік және салалық бірлесу жұмыстары тән, яғни мемлекеттік мекемелердің арақатынасын орталықтандыру, нормативті-құқықтық актілердің орындалуын қадағалау, мемлекеттік және муниципальді басқару арасындағы байланыс.

Бұл жағдайда, Қазақстан қоғамының демократиялық даму моделін таңдап, осы бағытта жүргізіліп отырған әкімшілік реформалардың саяси жаңару үдерісінде мемлекеттік қызмет институты жүйесінің қоғам мен мемлекет басқару қайта құрылуы жағдайында даму барысын талдау өтемаңызды.

Мемлекеттік қызмет дәстүрлі ғылыми әдебиетте әлеуметтік-құқықтық институт ретінде қарастырылады. Мемлекеттік қызмет мемлекеттің қажеттіліктеріне орай мемлекет пен оның шеңберінде бірге құрылып дамып келеді. Еңбекті бөлу барысының бастапқы даму сатылары ондағы түрлі әлеуметтік топтардың құрылуына әкеліп соқты, аталған топтардың арасында қызметкерлер деп, ал олардың өзгелердің өмір тіршілігін қамтамасыз ететін жұмыстары қызмет деп аталған топ өзінің ерекше орнын алды.

Мемлекеттік қызмет дамуының соңғы кезеңдерінде, құқықтық тіркеу (орнаған қоғамдық байланыстарда, мемлекеттік қызмет атқаруда, құқықтық қарым-қатынас формасы) ала отырып әлеуметтік-құқықтық институт ретінде құрыла бастады.

Кеңес Одағы кезінде мемлекеттік қызметті «кеңестік мемлекеттік қызмет» алмастырды, яғни оны аталған қызмет аясында кез-келген мемлекеттік мекемедегі басқарушылық немесе осы басқарушы персоналдарға қызмет көрсететін шаруашылық-техникалық қызметкерлер болсын, немесе мұғалімдер, дәрігерлер, қарулы күш қызметкерлері және т.б. енетін болды.

Сондықтан мемлекеттік қызмет енді мемлекет тапсырмаларын мемлекеттік қызметкерлермен кәсіби түрде орындайтын еңбек түрлерінің бірі ретінде қабылданды. Мемлекеттік қызметкерлер деп рухани құндылықтарды немесе мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыратын адамдарды атады.

Дәстүрге айналғандай біздің уақытымыздағы кейбір жарық көрген баяндамаларда мемлекеттік қызмет жоғарыда аталған мағынада көрсетілген. Кеңес Одағы кезінде мемлекеттік қызмет мемлекетке қызмет көрсететін саяси- билік институты ретінде саяси партиялардың көлеңкесінде қалып отырғанын айта кету керек. Алайда қоғамның демократиялануы мен азаматтық институттардың құрылу кезінде басқару жүйесінің өзгеріске ұшырауына сәйкес мемлекеттік қызметке деген көзқарас та өзгереді.

Қазақстанда мемлекеттік қызметті институциялау тәуелсіздік алған жылдардан басталды. Осы институттың қалыптасуында қатысушылар арасында екі түрлі ара-қатынастар қалыптасуы мүмкін деп санаймыз: нысан және нысан иесін мінездейтін қызметтік ара-қатынастар (қызметкер-эсер ету нысаны) және еңбек қарым-қатынастары нысан иесі мен нысан иесі (қызметкер-қызметкер), бұл сөзсіз мемлекеттік қызмет институтының күрделі құрылысына мән бере отырып, пайда болып отырған құқықтық

ара қатынастар арасындағы келеңсіздіктерді реттеу мүмкіндіктерінің түрлеріне түсініктеме бере алады. Оған қоса мемлекеттік қызмет саяси-басқару механизіміне ұқышты түрде енгізіліп, саяси бағыттың орындалуын қамтамасыз ететін құрал ретінде қызмет атқарады.

Ұзақ уақыт бойы мемлекеттік қызмет бұл – ақыл-ой интеллектуалды қызмет түрі ретінде саналып келген. Атап өтер болсақ, Козлов Ю. М. мемлекеттік қызметті рухани құндылықтарды жүзеге асыруға немесе мемлекеттік мекемелердің қызметін атқаруға бағытталып, өзге қызмет түрлерінен бөлек бір қызмет түрі деген анықтама берген [15].

Әрбір мекеменің құрамына кіретін міндетті элемент, ал сол мекеменің беделі қызметтің беделін анықтайды деген өзге де көзқарастар бар.

Егер бұл көзқарасты дұрыс деп санайтын болсақ, онда барлық мекемелерді мемлекеттік мекемелер және мемлекеттік емес мекемелер деп бөліп қарастыру қажет болады. Олай болса мемлекеттік қызмет тек мемлекеттік мекемелердегі (мемлекеттік аппараттағы) жұмыс болып саналады.

Қазіргі Қазақстандағы мемлекеттік қызметтің дамуы мен құрылу ережесінің концепциялық негізі «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 453 Заңынан тұрады.

Осылайша, аталған «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1 бабының 10-тармағына сәйкес «мемлекеттік қызмет – мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы қызметі».

Осы анықтаманы алып қарайтын болсақ: біріншіден, мемлекеттік қызмет бұл қажетті дайындық пен арнайы білімді және т.б. қажет ететін; екіншіден – мемлекеттік мекеменің құзыретіндегі қызметтерді орындауға бағытталған қандай да бір қызмет түрі.

Мемлекеттік қызметтің негізгі белгілері:

- 1) мемлекеттік ұйымдастырушы қызметінің бір түрі;
- 2) әкімшілік, еңбек, азаматтық, қаржы және басқа да құқық салаларының нормаларымен реттеледі;
- 3) ақылы түрде кәсіби негізде жүзеге асыралады, яғни арнайы даярланған қызметкерлермен – мемлекеттік қызметкерлермен жүзеге асырылады;
- 4) олардың қызметінің мәні – мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іс жүзінде жүзеге асыру.

Жалпы мемлекеттік қызметтің принциптері ҚР – сы Конституциясының Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар деп бекіткен нормаға негізделеді. Олар мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен нақты жүзеге асырудың аса маңызды заңдылықтарын белгілейді.

1. Заңдылық принципі мемлекеттік қызметшілер лауазымдық міндеттерін атқарған және олардың құқықтарын қамтамасыз еткен кезде ҚР – сы Конституциясы мен заңдарының өзге нормативтік құқықтық актілерден жоғары күші болатындығын білдіреді. Бұл Конституцияның ең жоғарғы заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады деген ҚР-сы Конституциясының 4-б. 2-т. нормасына негізделеді.

2. Қазақстан патриотизм принципі, (гректің *patriotes* – отандас, *patris* – отан дегені) – мемлекеттік қызметінің өз Отанын, халық сүйетіндігін, оларға деген терең сезімін, берілгендігін, республиканың тәуелсіздігін нығайтуға, онда өркениетті демократиялық қоғам құруға, елдің экономикасы мен мәдениетін, ең алдымен өз халқының тілі мен дінін дамытуға бар білімі мен күш – жігерін аянбай жұмсайтындығын білдіреді.

3. Мемлекеттік биліктің заң шығарушысы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастық принципі. Бұл республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол аталған тармақтардың тежемілік әрі тепе – теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс – қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады деген Конституцияның 3 – бабының 4 – тармағына негізделген.

4. Азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдық принципі, бұл Қазақстанның заңнамаларындағы жаңа ереже мемлекеттік қызметшілердің адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын білуге, сақтауға және қорғауға міндеттейді. Қазақстанда құрылып жатқан құқықтық мемлекет үшін адамның ең қымбат қазына екендігін тану және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзуға әкеп соқтыратын іс – әрекеттері үшін барлық мемлекеттік қызметшілердің «Мемлекеттік қызмет туралы» заңда қаралған жауапкершіліктері болмай қалмайтындығы міндетті болуға тиіс.

5. Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарлатуға тең құқығы принципі. Оның мәні мынада, мемлекеттік қызметке қабылданған кезде нәсіліне, жынысына, ұлтына, тіліне, әлеуметтік тегіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, тұрақты тұратын жеріне, дініне, иланымына, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты қандай да болсын тікелей немесе жанама шектеулер қоюға болмайды.

6. Азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруінің еріктілігі принципі. ҚР Конституциясының 24-б ның 1-т-да бекітілген әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы барлығына негізделеді.

7. Мемлекеттік қызметшілердің кәсібилік және жоғары біліктілік принципі. Мемлекеттік лауазымның бос орнына (ваканцияға) кандидатты іріктеген кезде пайдаланылатын негізгі белгілер. Басымдық ең лайықтыға, жақсы дайындығы барға, мамандығы бойынша жұмысының көп өтілі барға, іс жүзінде өзінің ұйымдастырушылық қабілеттілігін көрсеткенге беріледі.

8. Мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекке ақыны тең төлеу принципі. ҚР Конституциясының 24-бының 2 – т-да бекітілген әркімнің өз еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына құқығы бар деген ережеге негізделеді.

9. Жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерді орындаудың бағынысты мемлекеттік қызметшілер үшін міндеттілік принципі. Қазақстан мемлекеттілігінің негізгі бастауларының бірі болып табылады. Ол мемлекеттік биліктің біртұтастығына және заңның жоғары күші болатынына, төменгі органдардың жоғарғы органдарға бағыныстылығына негізделеді. Осының арқасында мемлекеттік механизмнің барлық буындарында атқарушылық тәртіп үшін шынайы жағдайлар жасалынады.

10. Мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болу және есептілік принципі. Мемлекеттік қызметтегі тәртіпті нығайтудың мемлекеттік қызметшілердің өздерінің міндеттерін ойдағыдай орындауын қамтамасыз етудің, олардың сол үшін жауапкершіліктерін арттырудың аса қажетті және тәжірибеде сыналған пайдалы тәсілдері.

11. Қоғамдық пікір мен жариялылықты ескеру принципі. Мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың ашық болуын, мемлекеттік органдарға қол жетерлік болуын және олардың мемлекеттік қызметшінің тағдыры, құқықтық жағдайы туралы мәселелері оның ырзашылығы мен және келісуімен шешулерін болжайды. Жариялылықты кеңейтпейінше, қоғамдық пікірді ескермейінше, бақылау үшін ашық және қол жетушілік болмайынша мемлекеттік қызметшілердің шынайы бақылауда болуы мүмкін емес. Мемлекеттік органдар бірде – бір қызметкері бақылаудан, сыннан тысқары қалуға тиіс емес.

12. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалу принципі. Олардың қалыпты қызмет атқаруы үшін қажетті жағдайлар туғызуды, қызметтік міндеттерін орындауға тосқауыл болатын кедергілерді жоюға тиісті шаралар қолдануды көздейді. Қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуы: олардың еңбегінің беделін көтеруді айтарлықтай жоғары еңбек ақы төлеуді, еңбек етуге, демалысына қалыпты жағдайлар туғызуды, мемлекеттік сақтандыруды, қызмет жөнінен өсуді болжайды.

13. Мемлекеттік қызметшілерді қызметтік міндеттерін адал, зиянсыз атқарғаны, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу принципін жүзеге асыру шаралары «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның 23 – бабында қаралған.

14. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің өкілеттілігін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылық принципі мемлекеттік тәртіпті күшейтуге, мемлекеттік қызметшілердің тапсырылған жұмыс үшін жеке жауаптылық сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

15. Мемлекеттік қызметшілердің Біліктілігін арттыруды үздіксіз жүргізу принципі қызметшілердің тиісті бюджет қаражаты есебінен қайта даярлануын, кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруларын, арнайы оқу орындарын ұйымдастыруды, т.б. болжайды.

Осылайша мемлекеттік қызмет өз кезегінде: әлеуметтік-құқықтық институты немесе мемлекеттің арнайы мекемелерінің және т.б. түрдегі қызмет болып табылады. Сондықтан мемлекеттік қызмет әрдайым өзінің қоршаған саяси жүйе ортасында болып отыратын өзгерістерге бейімделіп, қайта құрылып отыратын басқаруға қажетті қызмет ретінде өзгеріп отырады деген ой туғызуы мүмкін.



2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖАҢАРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Мемлекеттік қызмет мемлекеттік саясаттың мақсаттарға жетудің бірден- бір құралы болып табылады. Еліміздің тәуелсіздік алуы мемлекеттік басқару әдістерін қайта қарауды, сонымен бірге мемлекеттік қызмет институтын жетілдіруді талап етті.

Демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің құрылуы негізі мемлекеттік қызметтің кадрлары болып табылатын тиімді мемлекеттік аппаратсыз мүмкін емес. Осы себептен мемлекеттік құрылыстың басымды міндеттерінің бірі мемлекеттік органдардың тиімді, мінсіз, білікті жұмысын қамтамасыз ететін кәсіби мемлекеттік қызметшілерді даярлау болып табылады.

Мемлекет әлеуметтік институт ретінде тек халықтың өз егеменділігін іске асыру және өз билігімен иелік етудің бір түрі екенін естен шығармаған абзал. Өз билігінің бөлігін мемлекетке тапсырған халықтың табиғи құқығы сол билік кіммен, қандай мақсатта және қалай қолданылып жатқанын білу, сондай-ақ мемлекеттік басқару процестеріне тікелей немесе жанама ықпал ету. Жаһандану үдерісінің қарқынды даму факторы айқындаушы болып тұрған кезде кез келген ел үшін әлемдік жүйеде лайықты орынды сақтап қалуда осы құқықты іске асыру мүмкіндігі 20 ғасырдың екінші жартысында зор маңызға ие болды.

Қазақстандағы мемлекеттік қызметтің қалыптасуы белгілі бір саяси дағдарыстар тобымен сипатталатын кең жаңару процесі аясында өтті. Бұл әлеуметтік және саяси идентификация дағдарысы; материалды және мәдени құндылықтарды бөлу қайшылықтары; халықтың саясатта қатысу дағдарысы және тағы басқалары.

Мемлекеттік билік органдарын құру және оның жұмысы мына принциптерге негізделуі тиіс: бірлестік және жүйелік;

жүйесінің орталықтандырылуы және функциялардың жекеленуі; басқару қызметшілерінің біліктілігі; заңдылық; жариялылық; функцияларды және өкілеттікті тиімді жіктеу; ашықтық және мемлекет пен азаматтар бақылауында болуы. Әрине аталған тізім толық емес, дегенмен біздің ойымызша белгілі шамада осы органдардың құзыреттілігін іске асыратын мемлекеттік қызметтің қалыптасу барысына басқаша карауға мүмкіндік тудырады. М. Вебер басқару субъектісі мен объектінің арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз етеудегі мемлекеттік қызметтің жетекші ролін атап өткен, ол лимитация принципіне қалыптасқан бұл институт қоғамдық құрылыстың тұрақтылығының кепілдігі деп білген [13].

Мемлекетті басқару жүйесін рационалды құру қоғамның саяси ұйымдасуының маңызды мәселелерінің бірі. Белгілі француз ғалымы М. Дюверже қоғамды әр уақытта өзгерісте тұратын күрделі әлеуметтік-биологиялық организммен салыстыра отырып, басқару процесін адам ағзасына мейкоментозалық әсер етумен, яғни дәрігердің тәжірибесі мен біліктілігінен адамның өмірі байланысты деген пайымдауымен келісуге болады.

Мемлекеттің мәні тек қана бірыңғай, тұтас және жүйелі ұйымдастырылған мемлекеттік қызмет арқылы ғана жүзеге асырылады.

Тиісінше саяси жаңарудың талаптарына жауап беретін мемлекеттік қызмет институтын құру Қазақстандағы реформалау процестерінің маңызды мәселесі болып табылады.

Алайда, жоғарыда аталып өткендей, қазіргі замандағы Қазақстандағы оның қалыптасу процесі объективті саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік сипаттағы себептермен күрделіленді. Өз кезегінде, тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында кәсіби даярланған мемлекеттік қызметтің болмауы терең әлеуметтік-саяси дағдарыстан шығуды қиындатады. Қоғамдық тәжірибе көптеген шетелдік тәжірибеге толы. Оның ішінде, Аустрия, Италия, ФРГ, Финляндия және тағы басқа еуропалық

елдер экономикалық реформаларда жүргізбей тұрып мемлекеттік қызметті реформалаған тәжірибе бар.

Қазіргі заманғы батыстық ғалымдары Дж. Бэрнхем, Д. Белл, Дж. Гэлбрэйт және т.б. әлеуметтік басқаруды «қоғамды оған тән әлеуметтік дерттерінен құтылтып, оның өміршеңдігін арттыратынын», және оны индифферентті, өндірістік қатынастардан тәуелсіз феномен» ретінде қарастыратынын атап өтеді.

Біздің пайымдауымызша бұл қоғамды басқарудың универсалды үлгісін тоқтаусыз іздеумен түсіндіріледі. Қоғам әр уақытта эволюцияланатынын, ал оның институттары трансформационалатынын, соның әсерінен қоғамдық қатынастардың сипаты өзгертіні анық. Ол өз кезегінде басқару субъектісі (индивид немесе сәйкесінше институт) тарапынан тәнік әсер егуді талап ететінін атап өтукерек.

Сондықтан дамыған демократиялық мемлекеттерде азаматтық қоғам – адамдар (индивидтер) бірі-бірімен және мемлекетпен тәуелсіз субъектілер ретінде әрекет ететін әлеуметтік кеңістікке тең. Сәйкесінше, «азаматтық қоғам жеке мүддерлерін жүзеге асырып, жеке таңдау жасайтын тәуелсіз индивидтер әрекет ететін әлеуметтік, экономикалық, және мәдени кеңістік саласы» екенін атап өтуге болады.

Осы себептен дамыған азаматтық қоғамның құндылықтық бағыты адамдардың мүдделеріне әсер ететін еркіндік болып табылады және оның жаңа қоғамдық-саяси құрылымын қалыптастыруға әсер етеді.

Қазақстанның мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет институты қазақстандық қоғамның демократиялануымен байланысты саяси жаңару процестерімен және осымен байланысты басқару жүйесінің трансформациясымен тікелей байланысты болды деп пайымдаймыз.

Басқару қатынастарының күрделі сипатына байланысты әлемдік саяси ғылымда басқару жүйесіне деген бірыңғай көзқарас қалыптасқан жоқ. Мысалы, Г. Саймон «басқарудың

технократиялық теориясын» жақтайды, осыған сәйкес мемлекетті ғылыми басқарудың тұжырымдамасын қалыптастырады. Д. Белл постиндустриалды қоғамды «модернизация теориясы» призмасы арқылы қарастырады, Б. Беквит «экспертократия теориясын» ұсынады, З. Бзежинский «технотрондық қоғамды» моделдеген.

Қазақстан жағдайында мемлекеттік басқару институты өз бастауын 1991 жылғы егемендіктен алады. Қазақстан әкімшілік-құқықтық жүйеден барлық кадрлық әлеуетті мұра қылып алды. Ол кезде еліміз мемлекеттік қызметте құқықтық өзгерістер енгізуге әлі де дайын емес болатын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында КСРО -дан мұра болып қалған заңнама басшылыққа алынды. Тек кейінірек заң әзірлеу тәжірибесі қалыптаса бастады. Оның өзінде де Ресей Федерациясынан бұл мәселе бойынша айтарлықтай кейін қалғандығымызды атап өту қажет.

Бұның себебі, біріншіден, бұл мәселенің қазақстандық жүйеге жаңалығы және шешімін табудағы айқын тәжірибенің болмауы; екіншіден, заң ғылымы бойынша да бұл бағытта еш айқындық болмады және мемлекеттік қызмет саласында болып жатқан қайта құруларға ықпал етуге (ғылыми –теориялық көмек) дәрменсіз болып қалды.

Мемлекеттік қызметті жаңғыртуды елде болып жатқан жаңалықтар қажет етті. Қазақстан жаңа қоғамдық жүйеге ену жолында тұрғандықтан өмірдің барлық салаларына өзгеріс енгізу қажеттілігі туды, ең бастысы – басқару жүйесі және меншіктік қатынастарды түбегейлі қайта құру керек болды.

Сондықтан мемлекеттік қызметті реформалау сол кезде және қазір де жаңа демократиялық мемлекетте азаматтардың құқығы мен бас бостандығын қорғауға бағытталған заңнама және мемлекеттік аппаратты кешенді түрде қайта құру арқылы жүзеге асыру қажет болды.

Сонымен, мемлекеттік басқаруды және мемлекеттік қызметті реформалау – егемен Қазақстанда жүргізілген және қазір де жүргізіліп отырған әкімшілік реформалардың маңызды бөлігі болып табылады.

Бірінші кезекте бұрынғы КСРО актілерінің қолданысқа жарамды және жарамсызы, болмаса жаңа жағдайға қайшы келетінін межелеп алу міндеті тұрды. Елімізде жаңа, тәуелсіз мемлекет құру барысында 1992 жылдан бастап осы күнге дейін мемлекеттік қызмет мәселелерін шешудегі кеңес кезеңтәжірибесінің жағымды тұстары, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің және құқықтық және экономикалық салада дамыған шет елдердің тәжірибесі қолданылып келеді.

Кеңес үкіметі кезеңінде 1917 жылғы 11 қарашада шығарылған «Азаматтық шен және текті құрыту туралы» декреті кеңес билігінің ең алғашқы актілерінің бірі болғанын көреміз. Бұл актінің шығарылуы ең бастысы ескі мемлекеттік аппараты жою және патшалық шенеуніктікті таратып, барлық заңнамалық және басқару функцияларын әр деңгейдегі Кеңестің өкілдік мекемелерінің қолында шоғырландыру қажеттілігін көксеген революциялық идеясынан туындаған болатын.

Шен және лауазымдар жүйесі әкімшілік-командалық жүйеге қызмет көрсететін және кеңес кезеңінің аяғы 1987 жылғы қайта құруға дейін қолданыста болған.

КСРО-да мемлекеттік қызметті құқықтық реттеудің негізі болып табылатын кадрлық саясаттығы шешімін Коммунистік партия қалыптастырған. Кеңес кезеңінде мемлекеттік қызмет туралы заң болмаған және болуы мүмкін емес еді. Өйткені, Кеңес Үкіметі коммунистік партиясы өзінің шексіз билігімен мемлекеттік қызметпен бөлісе қоймас еді. Ол кезеңде Қарулы күштер және ішкі істер органдарында ғана мемлекеттік қызмет толық түрде тәртіптелген болатын. Мемлекеттік қызметкерлер лауазымдарын жинақтау тәртібі одақтас республикалардың конституциясы, министрлер кеңесі және халық депутаттарының жергілікті кеңесі туралы заңдар арқылы, Үкімет өкімдері және де басқа нормативтік құқықтық актілермен анықталатын.

Сонымен қатар бұл құжаттарда мемлекеттік қызметкерлер лауазымын жиынтақтау мәселелерін шешуге құқылы лауазымдық тұлғалар мен нақты органдар анықталған. Бұндай актілер: 1922

жылғы 21 желтоқсандағы Ресей социалистің федеративті кеңестік Республкасының Халық комиссарлары кеңесінің декретімен бекітілген – кейбір салаларда арнайы атак, ранг және шен енгізу туралы; 1967 жылғы 3 қықүйектегі КСРО Мемлекеттік еңбек коммитеті бекіткен бірегей лауазымдық номенклатура; 1932 жылғы 20 наурызда Ресей социалистің федеративті кеңестік Республкасының Халық комиссарлары кеңесінің және Жалпыресейлік орталық атқару комитеті бекіткен бағыну тәртібіндегі тәртіптік жауапкершілік туралы Ереже; Еңбектік таласты талқылау тәртібі және басқа нормативтік құқықтық актілер пайдаланылған.

Кеңес кезеңінде кадрларды іріктеп, тағайындау саяси, іскер және жеке қасиеттеріне байланысты жүзеге асырылды. Нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіздігіне байланысты лауазымдық сатымен жоғарылату көбіне басшының қарауында болды. Бұндай «қараудың» заңды салдары мемлекеттік қызметкерлер арасында тиісті мамандық пен кәсіптіктің жоғына әкеліп соқты, әсіресе бұндай жағдай мемлекеттік қызметтің төменгі және орталық звеносында орындалды.

Мемлекеттік қызметтің «кеңестік моделіне» тән келесі принциптер:

- Социалистік мемлекеттің халқының мүдделеріне қызметшінің сәйкес келуі;

- демократиялықцентрализм;
- Ұлттықтеңдік;
- жоспарлылық;
- социалистікзаңдылық;
- мемлекеттік тәртіп.

Тек қана түрлі деңгейдегі партиялық органдар кандидатураларын бекітетін лауазымдар (номенклатуралар) тізімі болатын.

Кадрлық саясатты жүргізген партиялық органдар саяси, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени жағынан аса маңыздылығына байланысты лауазымдық номенклатураларды анықтаппартияның

саясатын жүзеге асыратын адамдарды қойып отырды. Лауазымға бекіту кезінде ең алдымен кандидаттың КПСС адалдығы, кейіннен кәсібилігіне талап қойылды.

Жоғары лауазымдағы басшылар коммунистік партияның орталық комитеті құрамына еніп, партияның басқарушы органдарына енген. Сонымен партияның жарғысына сәйкес сәйкесінше комитеттердің дерективаларын орындауға міндеттенді. Осылайша іс жүзінде демократиялық центризм принципі орындалып, партияның мемлекет пен қоғамды, басшылық рөлі қамтамасыз етіліп отырды.

Мемлекеттік қызметтің «кеңестік моделін» сипаттай келе, келесіні атап өтеміз:

- кеңестік мемлекет кәсіби шенеуніктілікті құру мақсатын көздеген;

- мемлекеттік қызметшілердің басты міндеті мемлекеттік міндеттерді орындау;

- мемлекеттік қызметшілер Халықтар депутаттары кеңесі мен партиялық органдардың бақылауында болды;

- қызметке тұру мен босату әкімшілік жолдармен жүргізілді және т.б. Мемлекеттік қызметтің «кеңестік моделіне» келесі жетіспеушіліктер тән: кадрды тандауда кәсіби көзқарастың болмауы; мемлекеттік кадрлық саясатқа партияның анықтаушы әсері.

Кеңес үкіметі кезінде толығымен мемлекеттік басқару және ерекше партиялық-шаруашылық механизмі номенклатурасын құру әрекеті қабылданған болатын. Кеңес өкіметінде мемлекеттік қызметкерлер қатарына көптеген «еңбектенушілер» категориясын жатқызған болатын. Айтарлықтай жеке меншік құқығы болмағандықтан кеңес үкіметіндегі мемлекеттік қызметті құқықтық басқару механизмі еңбек құқығының бөлігі ретінде қарастырылды.

Қазақстандағы кеңестік кезеңдегі мемлекеттік қызмет моделінің кемшіліктері болды, ол мемлекеттік қызметтің толықтай саясиландырылуы, мемлекеттік қызмет саласындағы

нақты жымыспен қамту жағдайларының болмауы, мемлекеттік қызметтің формализациясы және тағы басқалары.

Мәселен, Е. Б. Исакуловтың айтуынша кеңестік үлгідегі мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері келесідей болды:

- кадрларды таңдау, қою және әрі қарай кадрлық баспалдақ бойынша көтеру номенклатуралық принциптің болуы. Оған сәйкес мемлекеттік органдағы белгілі бір басшылық лауазымға потенциалды субъект бекітілген талаптарға сәйкес келуі қажет (жұмыс өтілі, тәжірибесі, сәйкесінше біліктілік және т.б.) және оны ішіндегі міндеттісі оның партияға қатыстылығы;

- мемлекеттік қызметшілердің қызметінің кәсіби негізі, яғни ол кәсіби біліктілігіне, әкімшілік тәжірибесіне, қызметтік баспалдақ бойынша көтелірудің процедуралары мен дайындық жүйесінің ведомствасына бекітілуі; мемлекеттік лауазымның қатаң қызметтік иерархиясы анықталды, оған сәйкес лауазымдық иерархиядағы лауазым жоғары болған сайын сол лауазымдағы тұлғаға соншалықты құзырет берілетін;

- партиялық идеологиямен байланысы, мемлекеттік қызметшілерді лауазымға бекіту партиялық органдармен келісудің қажеттігі;

- түрлі мемлекеттік қызметтің түрлерін біркелкі емес нормативті сүйемелдеу (бір жағынан, сот билігі органдарында қызметтен өтудің, соттардың құқықтық жағдайын реттейтін, министрлердің, мемлекеттік органдар басшыларының жауапкершілігін бекітетін нормативті құқықтық актілердің болмауы, екінші жағынан әскери қызметтің, ішкі істер органдарындағы қызмет деталді түрде регламентациялануы);

- міндеттер мен құқықтар формасындағы қызметтік құзыреттер шеңберінің нақты белгіленуі, оның ішінде мемлекет қойған міндеттер мен қызметтерді (мемлекеттік тәртіпті және әлеуметтік заңдылықты сақтау, еңбекке адал қтынас, мемлекеттік және қызметтік құпияны сақтау) іске асыру үшін мемлекеттік органның құзыреті шегіндегі жалпы және арнайы;

- ерекше игіліктер жүйесі (әлеуметтік жағынан), яғни мемлекеттік өзіметшілердің белгілі бір дәрежеге жетуіне сәйкес берілетін еңбек төлемі, медициналық қызметтерге жеңілдіктер, демалыс, тауарлар мен азыя-түлікпен қамтамасыз ету сияқты формалардаұсынылады.

Мемлекеттік қызметтік мәнін түсіну және мемлекеттік қызметшілердің кеңестік әлеуметтік-саяси жүйесіне арналуы әр уақытта тарихи сипатта болып, және көкейкесті саяси мәнмәтінде анықталды. Мемлекеттік қызметтің рөлі, функциясы, мәні, сәйкесінше мемлекеттік қызметшілердің мәртебесі КСРО мемлекеттілігінің түрлі даму кезеңдерінде қойылған саяси міндеттерге байланысты болды. Сондықтан кеңестік кезеңдегі мемлекеттік қызмет феноменін түсіну үшін социалистік мемлекет құрылысының түрлі кезеңдерінесәйкес басқару қызметіндегі идеологиялық және саяси мәнмәтінде ескеру қажет.

Осылайша, ХХІ ғасырдың басында Қазақстан Республкасының мемлекеттік қызметтің реформалау, ең маңыздысы және біріншіден іздеп отырған модельді таңдауды көздейді. Мемлекеттік қызметтің құрылымы, оның қызметкерлерінің мәртебесі, қызметті өткеру тәртібі, басқару тәртібі және т.б., осы таңдалған модельден туындайды. Бүгінгі таңда Қазақстанға мемлекеттік қызметтің мемлекеттік-әкімшілік моделі қажет, бұл пікірді көптеген мемлекеттік-әкімшілік басқарушы мамандар ұстанады. Мемлекеттік қызметтің концептуалды моделін анықтау, оны реформалауға қатысты көптеген тиісті шараларды сұрыптауға әкеледі.

Әкімшілік-бұйрықтық басқару әдісінен демократиялық басқару әдісіне көшу туралы ауқымды мақсатын көздеген қазіргі заманғы Қазақстанның саяси даму кезеңінде тиімді басқару жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымын құру, аталған мақсатқа жетудің шарты болып табылады, себебі кең кешенді мәселелерді шешуді талап етеді: саяси (саяси жүйені модернизациялау), экономикалық (тиімді экономиканы құру), құқықтық (құқықтық жүйені интеграциялау), әлеуметтік

(элеуметтік-экономикалық дамудың деңгейіне байланысты халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру). Аталған мәселелерді мықты ұйымдастырылған және жоғары деңгейде дайындалған мемлекеттік қызметсіз ойдағыдай шешуді елестетуі қиын.

Мемлекеттік қызмет мәні жағынан түрлі контекстте қарастыруға болады. Бұл мемлекеттік қызметтің түрлі аспектілерімен сипатталатын күрделі қызмет түрін білдіреді, олардың ішінде: нормативті (этикалық және құқықтық регулятивтер), ұйымдастырушылық (құрылым, функциялар), идеологиялық (идеологемалар, қызмет философиясы), саяси (белгілі бір жүйедегі мақсатты жүзеге асырушы), практикалық (қызмет етуі, процестерді басқару). Мемлекеттік қызмет басқарушы режим мен саяси жүйеге қарамастан конституция мен мемлекеттік саясатты жүргізудің маңызды құралы болып табылады.

Кеңес Үкіметінде саясаттану ғылымы мен түрлі элеуметтік білім салаларының болмауына байланысты мемлекеттік қызмет әкімшілік құқық, партиялық және кеңестік құрылыстың арнайы зерттеу пәні болып келді.

Сонымен қатар, түрлі деңгейлердегі партиялық органдар бекітетін кандидаттар лауазымдарының (номенклатура) тізбесі болған. Шаруашылық, құқық қорғау, әскери, кәсіподақ және де басқа ведомстволар және ұйымдар басшылығын тағайындау құқығы КОКП сатылы лауазымдық құрылымдары арасында бөлінген: Саясибюро номенклатурасы, Орталық комитет хатшылығы номенклатурасы, Орталық комитет бөлімдерінің номенклатурасы, обкомдар номенклатурасы, горком, райком. номенклатурасы. Кадрларды іріктеу және орналастыру коммунистік партия комитеттерінің өзіне сәйкес партиялық-ұйымдастыру жұмыстары бөлімдері арқылы жүзеге асырылып отырған.

Кадрлық саясатты жүзеге асырып, іске асыру үшін партиялық органдар КОКП саясатын, шешімдерін іске асыруға қабілетті адамдарды саяси, шаруашылық болмаса элеуметтік-мәдени

жағынан әсіресе маңызды номенклатуралық лауазымдарға тағайындау үшін анықтайтын. Қандай да бір постка тағайындалатын үміткерден бәрінен бұрын компартияға деген адалдық талап етілетін және әріде ол бірінші кезекте билеуші партия алдында жауапты болатын. Маңызды лауазымда отырған әкімгерлер сонымен қатар Орталық комитет компартия құрамына және басқарушы органдарға аудандық органдарды қоса енгізілген.

Демек, олар партия Жарғысы бойынша компартияның сәйкес комитеттерінің директиваларын орындауға міндетті болады. Осылайша КОКП -тің мемлекеттегі және қоғамдағы бағыттаушы және басқарушы ролі қамтамасыз етіліп отырған.

КСРО мемлекеттік-партиялық құрылымның бөлшектенуі 1987 жылы басталып 1991 жылдың желтоқсаны аяқталды. Бірақ оның бөлігі ғана бұзылды- партиялық қондырмасы, ал кеңестік аппарат сол бұрынғы онжылдықтар бойғы қалпында қалды. 1991 жылдан бастап мемлекеттік аппараттың қызметі айтарлықтай деңгейде реформаларды жүзеге асыру міндеттеріне сәйкес келмейтін болды, оның әрекетінде біліксіздікпен қатар тиімсіздік және заңды, Президент, Үкімет және басқа органдар актілерін тікелей орындамау жиі байқалатын болды. Сондықтан мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызметте реформа жүргізу қажеттілігі туындады.

Дүйсенов Э. Э. сол кезде мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару саласындағы шешілмеген келесі проблемаларды атап өтеді:

- Мемлекеттік қызметкерлердің айтарлықтай бөлігінің біліксіздігі, кәсіптік дайындығының, әсіресе құқықтық, кадрлық және экономикалық мәселелер бойынша жеткіліксіздігі. Мемлекеттік органдар қызметкерлерінің кәсіби деңгейі жоғары болмауы, ал құқықтық мәдениеті әлі де болса жақсартуды қалайды. Мемлекеттік басқару қызметкерлерінің де сапалық деңгейі әлі де болса жақсартуды қажет етеді- ау деген болжамға негіз бар. Осы уақытқа дейін атқарушы билік органдары үшін

кәдрлерді іріктеудің бірегей қолданыстағы жүйесінің болмауы, кәдрлердің негізсіз ауыспашылығы тым жиі болған қалпында. Бұл мемлекеттік қызметті тұрақсыздандырады.

- Мемлекеттік құрылымдардың ұйымдастырушылық-тұрақсыздығы.

1991 жылдан бастап мемлекеттік аппаратта құрылымдық қайта өзгертулер жүргізілуде. Бұл заңдылық, өйткені әкімшілік реформа экономикалық реттеу әдістеріне сай билікті орталықсыздандыру, мемлекеттік билік және басқару органдарын жетілдіру және қысқарту. Алайда, мемлекеттік аппаратты қайта құрастыру көбінесе ғылыми-теориялық, экономикалық және құқықтық-ұйымдастырушылық негіздерге сүйенбегендіктен аппараттың ұлғаюы, бюрократ-ғандырылуы, бірін-бірі қайталайтын, бір-біріне қайшы келетін органдардың, штаттың қисынсыз көбеюіне әкеліп соқты. Мемлекеттік шенеуліктерді қысқарту бойынша науқан формалды түрде өткізілді. Мемлекеттік қызметті реформалаудағы шет елдердің тәжірибесіне қарасақ, көп елдегі мемлекеттік аппаратты қысқарту — ең алдымен қысқартыған штат есебінен жалақыны көтеру. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметкерлердің тиімді жұмыс істеп, еңбек сапасын көтеруіне мүмкіндік жасайды.

- Мемлекеттік аппараттың айтарлықтай жемқорлануы жүргізілген реформаларға тосқауыл болуы. Түрлі мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары көбіне коммерциялық құрылымдардың құқыққа қарсы әрекеттеріне себепші болады, олардан түрлі қызмет және сыйлықтар қабылдайды, өздері, болмаса басқа адамдар арқылы кәсіпкерлікпен айналысады. Бұндай әрекеттер экономикалық реформаларды өткізуге қиындық туғызады, республикадағы саяси жағдайды тұрақсыздандырады, мемлекеттік биліктің абыройына нұсқан келтіреді және қоғамының наразылығын арттырады. Одан әрі жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтарын және бостандығына нұқсан келтіреді, демократиялық қағидалар және құқықтық тәртіпті бұзады, барлық мемлекеттік аппарат іс-әрекеттерінің беделдерін түсіреді және заңдылық принциптерін бұрмалайды.

Пара беруге мәжбүрлеу жекешелендіру, кәсіпкерлік әрекеттерді лицензиялау, бюджеттік қаржыны бөлу, жылжымайтын мүлікті жалға беру барысында көп кездесетін жайт. Бүгінгі күнде мемлекеттік қызметті жемқорлықтан тазарту-қоғамды сауықтандырудың ең маңызды шарты болып табылады.

- Мемлекеттік органдарда қызметтік тәртіптің төмендеуі үзіліссіз және қисынсыз ұйымдастырушылық шаралардың жүргізілуі, мемлекеттік қызметшілердің өз әрекеттерінің нәтижесіне деген қызығушылығының болмауының, сонымен қатар барлық деңгейдегі басшылардың өзіне және қол астындағы қызметкерлеріне деген талаптарының жеткіліксіздігінің салдарынан болады. Кейбір жағдайда мемлекеттік қызметшілердің құқықтық нигилизмі шектен шығыпжатады.

- Мемлекеттік қызметтің беделінің төмендеуі. Мемлекеттік қызметшілердің айтарлықтай көпшілігі жалақының аздығы, болашаққа деген сенімсіздігі, қызметтік жағдайдың тұрақсыздығы салдарынан өз лауазымдық міндеттеріне немқұрайды, талпыныссыз, қызығушылықсыз қарайтыны байқалады. Бұндай жағдай көбіне бар білімін өз бағыты бойынша қолданбайтын қызметшілерде жиірек байқалады. Мемлекеттік қызметшілер мен коммерциялық, кәсіпкерлік жұмыспен айналысатын жұмыскерлердің еңбек ақысындағы айтарлықтай айырмашылық әлеуметтік қауырттылықты ұлғайтады, сонмен қатар мемлекеттік органдардан ең білікті деген мамандардың кетуіне себеп болады.

Кейінгі жылдарда мемлекеттік қызметкерлерге бірнеше қатар еңбек ақы көтергеннен кейін бұндай үдеріс біраз төмендеді.

- Мемлекеттік қызметті тиісті идеологиялық қамтамасыз етудің жоқтығы. Мемлекеттік аппарат және қоғамның идеологиясыздандырылуы пара алу, жемқорлық, қолдампаздық, кәсіпкерлік іспен заңсыз айналу сияқты негативтік құбылыстардың мемлекеттік қызметте таралуына себепболды.

КПСС саяси аренадан кеткеннен кейін біз коммунистік идеологиядан да бас тарттық. Бірақ оның орнына жалпы адами,

тиісті бағалықтардан тұратын идеологиямен бұрынғы идеология орнын уақытылы толтыра алмадық. Бізге елде жүргізіліп жатқан реформаларды идеологиялық қамтамасыз ететін үйлесімді жүйе қажет. Жаңа идеологияның негізі қазақ мемлекетінің тарихы мен егеменді Қазақстанның мазмұны бойынша демократиялық, саяси-құқықтық болып келетін құжаттарында орын алған. Бұл бірінші кезекте – Қазақстан Республикасының Конституциясы және еліміздің нациамалық ақтілері.

Жаңа идеология ұлттық қана мүддемен шектелмей жалпы әлеуметтік, жалпыадамдық бағалықтарды насихаттауы керек. Бүгінгі күнде идеологиялық жұмыста жетекші рөл құқықтық білімді насихаттауға берілуі керек. Бұл кейінгі кезде қоғамда және мемлекеттік аппаратта туындаған құқықтық нигилизмді жеңуге және шенеуніктердің заңға деген құрметін арттыруға мүмкіндік береді.

- 1995 жылға дейін орын алып келген мемлекеттік органдардың кадрлық жұмысы және кадрларымен жұмыс істеу мәселесін нормативтік- кадрлық реттеудің жүйесіздігі мен жеткіліксіздігі мемлекеттікті күшейту бойынша шаралардың және елде жасалып жатқан реформалардың жүзеге асырылу тиімділігін азайтты. Атқару билігі органдарын қоса, мемлекеттік органдар жұмысында әлі де болса демократтау, заңдылық, адамның мүддесі мен құқығын сақтау деген мақсаттар орталық орын алмаған. Өз шешімін таппаған басқа да өте маңызды мәселе – бірнеше мәрте ұйыдастыру шаралары барысында қолданылатын мемлекеттік қызметкерлерді жұмыстан шығару, бұның салдарынан туатын психикалық шиеленістік жағдай, ертеңгі күнге деген сенімсіздік, мәжбүрлі жұмыссыздық, мамандығына сәйкес келмейтін жұмыс іздеу деген сияқты негативтік жағдайлар туындайды.

Тағы да бір шешімін толық табуды қажет ететін мәселе – көптеген мемлекеттік қызметкерлердің құқықтарының қорғалмауы және лауазымдық міндеттерінің регламенттелуі.

Бұндай жағдай олардың, әсіресе жергілікті атқару билігі саласында өз бетімен әрекет жасауына әкепсоғады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлердің заңды мүдделері мен құқығының сақталуын қадағалайтын қолданыстағы механизмінің болмауынан еңбек туралы заңнаманың, тәртіптік және материалдық жауапкершіліктің көптеп бұзылуына жол беріледі [14].

Сонымен бірге КСРО-ң ыдырауымен бірге бұрын қолданыста болған мемлекеттік қызметті ұйымдастырушылық қамтамасыз ету жүйесі де жойылды. Нәтижесінде, мемлекеттік билік және басқару органдары адамдармен тиісті жұмыс істеу тәжірибесіз және дайындықсыз, бір-бірімен белгілі тәртіппен қатынассыз бөлек-бөлек жұмыс істей бастады.

Сонымен, Қазақстандағы мемлекеттік құрылыстың алғашқы жылдары мемлекеттік қызмет саласындағы аталған және басқа олқылықтарды түзетуге тек түбегейлі реформа арқылы ғана қол жетеді. Бұл мәселені мемлекеттік аппаратт функцияларының кейбір аспектілерін бірен-саран өзгерістердің көмегімен шешу тиімсіз болды, өйткені ол өзгерістер көбіне мемлекеттік органдардың кейбір қажеттілігі мен нақты сұрақтарына, ағымды саяси өзгерістер бойынша, қоғамның қойған сұрақтарына берілген жауап ретінде ғана, келісілмей, жүйесіз, жасалды. Сонымен бірге, Кеңес үкіметіне дейінгі Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы және ондағы мемлекеттік қызметтің элементтерін де қарастыру қажет.

Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы тарихи дәстүрі, сәйкесінше мемлекеттік қызметтің алдын Ұлы даладағы сақ басқарушыларынан алады. Көшпенділіктер мен қалалардың өзара байланыстында қазақ мемлекеттілігі қалыптасты, оның алғашқы формасы – хандық болды. Ұлы далада алғашқысында дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, басқарушы элитаның авторитетіне негізделген билік үстемдік етті. Ұлттық дістүр мен мүдделерге бекімділік алғашқы хандардан бастап Кенесары ханға дейін жалғасты. Көшпелі халықтар тарихы жеке хандардың, іскер басыларының

қызметі призмасынан қарастырылды. Шығыстың ұлама ғалымы Әбу Насыр Әл-Фараби (X ғ.)

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» тристағында мемлекет адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірлестік ретінде пайда болады деген.

Баласұғынның «Бақытты болу ғылымы» (XI ғ.) поэмасында басқарушылар мен бағынушылардың өзара қарым-қатынасының тәртібі әзірленген. Түрік ойшылы басқарудың негізгі принципі ретінде қатаң заңдарды ақыл, бақыт және игі өмірмен қоса сақтау деп санаған.

Ортағасырларда қазақ мемлекеттілігінің қалыптасқанын білдіретін дәлел дамыған басқару жүйесімен бірге Шыңғыс хан ұрпақтарының арасында нақты лауазымдық бөліністің, әр ишпеніктің жауапкершілігінің болғаны белгілі.

Ортағасырларда қазақ мемлекеттілігі мен мемлекеттік қызметінің қалыптасуына Қасым хан мен Есім хан айтарлықтай әсер етті. Қасым хан басқарған жылдары «Қасым ханның қысқа жолы» атты заңдар кодексі әзірленіп, қабылданды.

Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуын талдауда Тәуке ханның «Жеті жарғысы» аса маңызды, себебі бұл құжат XVIII және XIX ғасырларда қазақ қоғамындағы қоғамдық-саяси қатынастарды құқықтық реттеудің негізгі актісі болып табылды. «Жеті жарғы» нормалары қазақ қоғамында 200 жылдан аса жазылмаған конституция қызметін атқарды.

XIX ғасырдағы Қазақстандағы саяси ой қазақ ғалымдары мен ағартушыларымен ұсынылған, мысалы, Ш. Уалиханов халық үшін өзін-өзі басқарудың маңыздылығын атап өтті; И. Алтынсарин туыстық пен пара алушылыққа қарсы шықты; А. Құнанбаев өз кезеңінен алдыңғы қатарда болған идеяларды қозғады (әділетті, адамгершілікті заңдарды әзірлейтін ақылды, адал адамдарды басқарушы қылдыру керектігін айтты.)

Тәуелсіз Қазақстанның бірінші президенті Н.Н. Назарбаевтың қоғамдық- саяси идеялар мен көзқарастары «Без правых и левых», «Идейная консолидация общества как

условия прогресса Казахстана», «За мир и согласие в обществе», «На пороге XXI века», «Ғасырлар тоғысында», «В центре Евразии», «Эпицентр мира», «Қазақстандық жол» және басқа да еңбектерінде қарастырылды. Осы еңбектерде жаңа мемлекеттіліктің қалыптасу жолдары туралы идеялар, мықты президенттік билік пен басқару формасының қажеттігі, кәсіби парламентті құру қажеттігі туралы айтылды.

Сонымен, Қазақстандық жаңғырудың алғышарттарына келсек, тәуелсіздік алған кезеңнен саяси жүйе трансформацияда болды. Осы трансформация жағдайында мемлекеттік қызмет жүйесі де тұрақты өзгерісте болды. Қазақстандағы саяси жүйенің трансформациясы көрсеткен отандық ғалымдар қатарымен зерттеулерде қарастырылған.

Қазақстанның саяси жүйесі өткен трансформацияны авторлар тобы (Ә. Нысанбаев, М. Машан, Ж. Мурзалин, А. Тулегулов) жан-жақты зерттеген Авторлар жаңа саяси процестер кезеңін 1985 жылдан – іс жүзінде коммунистік жүйе шеңберіндегі посттоталитарлық модернизацияның басталуы кезеңінен алады. Ал кеңестік даму кезеңін шартты түрде коммунистік идеяның доминанттылық егу кезеңі деп анықтап, оның аяқталуын 1985 жылмен белгіленген. Алайда бұл кезең КСРО халықтық депутаттарының съезінде атакты Коммунистік партияның кеңестік қоғамдағы басқарушылық рөлі туралы Конституцияның 6-бабы жойылған 1989 жылға дейін жалғасты.

Авторлар тобы елдегі саяс процестерді, оның ішіндегі саяси трансформациясын 3 кезеңге бөліп қарастырады.

Бірінші кезең (1985–1991 жж.) ұлттық парадигманың үстемдігі жылдары. Қазақстанның ұлттық дамуы идеялары төңірегіндегі қоғамдық-саяси қозғалыстардың, партиялардың, түрлі әлеуметтік басғыптағы қауымдастықтардың дамуы. Алайда Қазақстанның мемлекеттілік тәуелсіздігінің алуымен біртіндеп ұлттық идея бәлсендей түсті. Сонымен ұлттық идея егемендік алу шеңберіндегі қысқа мерзімдік миссиясын орындап, кейіннен басқа идеяға, яғни қоғамдық-саяси үрдістер эволюциясындағы

кеңесі идея мемлекеттік-саяси даму идеясына көшбасшылықты берді.

1992 жылдан оптималды мемлекеттік-саяси құрылысты іздеу идеясы ел дамуының логикасын, бағытын, болып жатқан үдерістердің мәнін толықтай анықтап отырды. Қазақ қоғамы кездескен алғашқы проблемалардың бірі республиканы басқарудың парламенттік немесе президенттік формаларын таңдау болып табылады. Парламенттік режимнен суперпрезиденттік республиканың қалыптасуына дейінгі кезеңде биіктің дағдарысы, оның ішінде Парламенттің 2 рет таратылуы сияқты мәселелермен бірге жүрді.

1995 жылғы Конституцияның екінші бабында басқарудың президенттік формасы туралы айтылғанмен, АҚШ мысал бола алмағаны президенттік республиканың классикалық түрі болып табылмайды. Президенттік республиканың басты сипаты – президенттің бір мезгілде үкімет және мемлекет басшысы болуы.

Авторитарлық дәстүрле ұзақ болған мемлекеттер, оның ішінде Латын Америкасы елдері, Азия мен африка елдері, сонымен бірге посткеңестік кеңістіктегі Ресей мен Қазақстанда ерекше, президенттік басқару формасының классикалық емес типі – суперпрезиденттік республика түрі кеңінен дамыған.

Кейіннен, басқару формасы институционализацияланған соң мемлекеттіліктің даму процесі билік тармақтарының құзыреттерінің бөлінумен байланысты болды. Қазақстан суперпрезиденттік республика генезисі шеңберінде билік тармақтарының құқықтық мәртебесі мен ресурстарының өзара қатынасын сәйкестікке келтіру мақсатында 1993 және 1995 жылдары Конституциялар қабылдады.

Елдің мемлекеттік-саяси дамуының маңызды мәселелерінің бірі биліктің орталықсыздандырылуы, орталық және жергілікті деңгейдегі құзыреттерді бөлу болды.

Децентрализациялық үрдістердің нақты көрініс тапқан жер бізді 1997 жылғы қазанда қабылданған Стратегияның жетінші басымды бағыты – «Кәсіби мемлекет» болатын.

Және келесі кезеңді авторлар тобы 2003–2005 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық парадигма деп болжаған.

Сол кездерде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалардың детерминанттығына қарамастан, экономикалық реформалар анықтаушы болмаған. Оған экономикалық реформалардың экономикалық үдерістердің жоғарғы деңгейдегі саясылылығына байланысты төмен тиімділігі себеп болған. VIPproblem тобының жүргізген эксперттік сауалнама осыны дәлелдейді, мысалы респонденттердің 60 % - ы дағдарыстың тереңдеуінің себептерінің бірі экономикадағы саяси конъюктураның доминанттылығы деп атап өткен.

Мемлекеттік қызметті реформалау – Қазақстанның әкімшілік-саяси өмірінің сол саланы құқықтық реттеу және заңнамасын жетілдіру бойынша айтарлықтай жетістікке жеткен салаларының бірі. Олардың ішінде маңыздылары әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді құқықтық қорғау, жемқорлыққа қарсы сипаттағы шаралар, мемлекеттік қызметшілердің моральді-этикалық келбетіне қойылатын талаптарды бекіту нормаларын қабылдау болды.

Әкімшілік реформалар эволюциясы және мемлекеттік қызметті жүргізу тәжірибесі Жарлықтың қағидаттарына түзетулер енгізіп, заңға тәуелді нормативтік актілер қабылдауды талап етті. Сондықтан 1990 жылдан бастап мемлекеттік басқаруды реформалау бойынша белсенді жұмыс атқарыла бастады. Бұл Қазақстан Республикасы Президентінің бірнеше Жарлықтарының қабылдануына алып келді.

1996 жылғы 29 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің

«Орталық атқарушы органдарды құрылымдарының жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы» Жарлығы қабылданды.

1996 жылғы 19 қарашада «Мемлекеттік қызметшілердің салық салынатын мүлік пен кірістерді декларациялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қабылданды.

Бұл шешім мемлекеттік қызметке түсу мен қызмет бойынша өсу кезінде салық салу объектісі болып табылатын мүлік пен кірістер туралы мәліметтерді салық органдарына тапсыруды қарастыратын мемлекеттік қызмет туралы заңның нормалары механизмдерінің жетіспеушіліктері мен жетілдірілмегендігі себептерінен қабылданған.

1997 жылы 4 наурызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін реформалаудың кезекті шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығы шықты, 1997 жылы 22 сәуірде

«Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының әрі қарай реформалау туралы» Жарлығы қабылданды. Осы және басқа да қабылданған нормативті актілер біріншіден, әртүрлі түрлерін легитимді дамыту үдерісін негіздеу мен қамтамасыз етуге; екіншіден, саяси транзит жағдайында мемлекеттік қызметтің қалыптасу үдерісіне жүйелі көзқарастың болуына мүмкіндік берді.

1997 жылғы сәуір мен мамыр айларында Қазақстан Республикасындағы жаңа әкімшілік-территориалды құрылысқа байланысты көптеген мемлекеттік қызметшілер жұмыстан босатылған болатын. Себебі 5 облыс қысқартылып, облыс ішінде белгілі өзгерістер, аудандардың біріктірілуі мен қысқартылуы жүргізілген болатын.

1997 жылғы 10 қазанда «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың тиімділігін әрі қарай арттыру бойынша іс-шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қабылданды.

1997 жылғы 5 қарашада «Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, ұйымдасан қылмыс пен жемқорлықпен күресті әрі қарай күшейту бойынша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қабылданды.

Қазақстан Республикасының Парламенті мемлекеттік қызметке қатысты басқа да заңдар қатарын қабылдады, оның ішінде «Нотариат туралы» Заң (1997 жылғы 14 шілде),

«Дипломатиялық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (1997 жылғы 12 қараша). Қазақстан «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының тіртіптік алқасы, облыстық және оған теңестірілген тәртіптік алқалар туралы ереже» Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілді.

Қазақстанда 2000 жылдың басынан Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика тәртібі қызмет еткеніне қарамастан, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексін әзірлеп, Кодекс Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы Жарлығымен бекітілді. Ар-намыс кодексі мемлекеттік қызметшінің іс-әрекетіне қойылатын талаптар нормаларын детальді түрде қарастырды. Мемлекеттің институцияланған дамудың нормативтік қамтамасыз ету хроникасынан көрініп тұрғандай, транзит жағдайында әкімшілік дамудың методологиясына қажеттіліктің болғанын түсіну бар, және әкімшілік реформалау бойынша барлық қабылданған шаралардың концептуалды мәні мен құқықтық негізі болған. Құқықтық мемлекет жолын таңдаған Қазақстан мемлекеттік институттардың даму мен жетілдірілуіне, оның ішінде мемлекеттік қызметті дамуыды бастаған. Қабылданған барлық нормативті актілердің мақсаты жағдайды тұрақтандыру, мүмкін болатын қауіпсіздік қауіптерінің алдын алу, және ауысу дәуірінде мемлекеттік құрылыс үдерісін ашық жүзеге асыру болды. Мемлекеттік қызметті реформалау мен мемлекеттік қызметтегі инновациялар жалпы саяси реформалаумен салыстырғанда озық сипатта болып, транзиттік экономика динамикасымен синхронизацияланды.

Қазақстан Республикасының Президентінің 1997 жылы халыққа жолдауы «Қазақстан – 2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» жарияланғаннан бастап мемлекетті реформалаудың, оның ішінде әкімшілік реформалаудың жүйелі курсы басталды.

Президент мемлекеттің жаңа рөлі адамдар үшін шешім қабылдау емес, жеке адамдар және жеке бизнес өздері мен өз отбасылары үшін тиімді шаралар қабылдау үшін жағдай жасауда екенін атап өтті. Қазақстан Республикасының Президентінің 1997 жылы халыққа жолдауы «Қазақстан – 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты жолдауында: «Барлық істерге жөн-жосықсыз араласу әдеті, ақпаратты қоғамнан жасыруға жетелейтін құпияшылдықтың қажетсіз және зиянды сілемі, ведомствошылдық пен жершілдік, жекжаттылық пен топшылық, ұжымдық жауапсыздық, сүреңсіздік пен бойкүйездік, сәйкессіз және көп сатылы құрылым, сыбайлас жемқорлық – міне біздің бюрократияның бұрынғы режим тәрбиелеп кеткен әрі соңғы жылдары анық көрініс берген, жасырын нысаннан ашық күйге ауысқан «қадір-қасиеттерінің» әлі де толық емес жиынтығы осы» [1].

Қазақстан Республикасының Президентінің аталған Жолдауында басты міндеттердің бірі болып тиімді, кәсіби және нарықтық қатынастарға сәйкесінше басқару құрылымдары мен мемлекеттік қызметті құру; ұлттық мүдделерді қорғайтын, басымды мақсаттарды іске асыруға қабілетті және нәтижесінде бәсекеге қабілетті мемлекетті құра алатын Үкіметті құру болып қойылды. Сонымен, транзит кезеңіндегі мемлекеттік қызметтің басты мақсатын концептуалды түсіну аяқталды. Қазақстан үшін бағдарламалық құжатта мемлекеттік қызметті реформалаудың стратегиялық мақсаттары анықталды.

Оның мәні қоғамның, әр азаматтың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын кәсіби аппаратты құру, азаматтар үшін мемлекеттік қызметке тең қолжетімділік құқығын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік қызметті нормативті қамтамасыз етудің жан-жақты дамуына қарамастан, іс жүзінде оның қызмет етуінде адами фактор бар. Егеменді қазақстандық мемлекеттілігінің кезеңінде мемлекеттік қызметтің қалыптасу барысында келесідей

кұбылыстар болды: кадрлардың ауысу деңгейінің жоғары болуы (тағайындауларға байланысты «командалық» құрамның келуі); мемлекеттік қызметке алу мен кандидаттарды таңдауда бұзушылықтар; орындалған жұмыстың сапасы мен көлеміне еңбек төлемінің сәйкес келмеуі; төменгі құрылымдардағы мемлекеттік қызметшілердің білім деңгейінің төмен болуы, жемқорлық фактілері, азаматтың мүдделерінен мемлекет мүдделерінің жоғары тұру принциптерінің бұзылуы және т.б. Бұрынғы сананың трансформациялануы мен кәсіби қызметтің жаңа принциптеріне өту үдерісі мемлекеттік қызметшілердің көп бөлігінде қарама-қайшылықпен өтті. Экономикалық қатынастардың ретсіздігі жаңдайында проектеқционизм мен жемқорлыққа қызықтыратын факторлар көп болды. Сондықтан 1997 жылы 21 қазанда Қазақстан Республикасының Президентінің Жоғарғы тәртіптік кеңес құру туралы жарлығы қабылданды. Осы органның пайда болуы «мемлекеттік тәртіптің нығаюы, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігінің артуы, қызметтік лауазымды кері пайдалануға жол бермеу, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика ережелерін сақтайды қамтамасыз ету үшін» қажетті болды. Мемлекеттік қызмет мемлекет жүйесіне және азаматтардың өміріне маңызды әсер ететін болғандықтан, құқық бұзушылықтар мен белгілі бір іркілулербилік органдарын халық тарапынан критикалық бағалауға алып келеді. Мемлекеттік қызмет институтының қалыптасуы белгілі бір ұсталымдармен жүріп отырды. Транзиттік кезеңдегі мемлекеттік қызметтің қызмет етуінде байқалатын негативті факторларды (трайбализм, жемқорлық, бюрократиялану формаларындағы протекционизм) жеңу үшін Қазақстан Республикасының Президенті 1998 жылғы жолдауында мемлекеттік қызметке «өз Отанының патриоты болып табылатын адал, жақсы дайындалған азаматтарды» алу мақсатын қойды.

Мемлекеттің қалыптасуы кезеңінде күшінде болған «Мемлекеттік қызмет туралы» Жарлық мемлекеттік қызметті нормативті реттеудің бірінші тәжірибесінің күшті және әлсіз

жақтарын көруге, мемлекеттік басқаруды нақты практикасын әрі қарай трансформациялау мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндікбереді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті қалыптастыру үдерісі арнайы мамандандырылған мемлекеттік органды құруға алып келді. Кәсіби және бағытталған арнайы құрылымның рөлін атқаруға арналған органның міндеттері:

- елде қазіргі заманғы мемлекеттік қызметті ұйымдастыруға, осы саяси институттың мемлекеттік реформалау үдерістері мен кезеңдерін қамтамасыз етуге;

- мемлекеттік қызмет туралы заңнама саласын қалыптастыруға;

- мемлекеттік қызметті жоғары кәсіби мамандармен қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыруға;

- мемлекеттік қызметті әлеуметтік бақылау жүйесімен қамтамасыз етуге.

Посткеңестік кеңістікте бірінші рет 1998 жылғы қыркүйекте арнайы құзыретті орган – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі құрылды. Агенттіктің қызметінің қалыптасуының бірінші кезеңінде «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңының жаңа редакциясының жобасын әзірлеу қажет бөлді және мемлекеттік қызметке алуда конкурстық таңдау принципін енгізді. Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы және оның Қазақстанда пайдалануын басқа дамыған мемлекеттердегі мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы салыстырмалы талдау мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру үшін осы салада «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңды жетілдіру және заңға тәуелді нормативті актілер қатарын қабылдау қажеттілігін көрсетті. Мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға өзгертулер енгізу жаңа мемлекеттік міндеттермен, мемлекеттік басқаруды реформалаумен, қаржылық және бюджеттік құқықтың өзгеруімен, барлық экономикалық және саяси жүйенің реформалануымен бұйырылды.

Қазақстандағы халықаралық ұйымдардың (ПРООН, Дүниежүзілік банк, ТАСИС, ЮСАИД) өкілдіктерінің

қолдауымен шетелдердегі мемлекеттік қызмет тәжірибесін зерттеу қазақстандық заңнаманың кемшіліктерін түсінуге, 1999 жылы мемлекеттік істер жөніндегі құзыретті органның қызметін бастауға, және қысқа мерзім ішінде «мемлекеттік қызмет туралы заңды» және мемлекеттік қызметке қатысты 20 заңға тәуелді нормативті актілерді қабылданды.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Заңға мемлекеттік қызметке кадрларды конкурс арқылы алу; барлық мемлекеттік қызметшілердің әкімшілік және саяси болып бөлінуі; еңбек төлеу принциптері арқылы мемлекеттік қызметшілерді карьералық өсуге ынталандыру; мемлекеттік қызмет мәселелерімен айналысатын құзыретті органның дамуы туралы жағдайларды қарастырды. Заңның негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігін арттыру және олардың әлеуметтік қорғалуына бағытталған мемлекеттік қызметті реформалауды құқықтық қамтамасызету.

Алайда осы күнге дейін әлеуметтік-мәдени феноменіне және оның әлеуеті қандай деген сұрақтарға жауап жоқ. Осы сұрақтарға жауап табу үшін мәселенің теориялық-әдістемелік негіздерін қарастыру маңызды. Мемлекеттік қызмет институтының сипаты тарихи түрде анық болуы керек, ал әлеуметтік рөлі және функционалдық салмағы идеологиялық және универалистік тұрғылардан бағаланбай, әлеуметтік-мәдени орта талаптарына сәйкестігі тұрғысынан бағалануы керек. Түрлі тарихи дәуірлерде мемлекеттік қызмет институтының түрлі рөлдік сипаттамалары және оған сәйкес басқару моделдері болды. Әкімшілік мәдениет әлеуметтік мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады және оның регуляторлық қызметін атқарады. Бұл функция идеалдардың іске асырылуын, қоғамның мақсаттық талпыныстарын, құндылықтарын, іс-қимыл үлгілерін, сәйкесінше санкциялар жүйесін білдіреді.

Әкімшілік мәдениет белгілі бір әлеуметтік контексте қызмет етеді. Сондықтан мемлекеттік қызметтің әлеуметтік-мәдени параметрлері қоғамдағы әлеуметтік мәдениетке сәйкес келеді.

Мақсатты тұжырымдаудың утопиялық тәсілі әкімшілік-коминдшлық мәдениетті тудырады. Ол басқарудың орталықтанған үлгісіне, авторитарлы режимге, рөлдер мен құқықтардың, міндеттер мен жауапкершіліктердің бөлуімен сипатталады.

Мақсатты тұжырымдаудың прагматикалық тәсілі ұйымдастыру- бейімделу мәдениетін қалыптастырады. Ол орталықтанбаған басқару үлгісіне тән, демократиялық режимге, шытымақгастыққа, келісу тәсілдері мен процедураларын пайдалануға негізделеді.

Мақсатты тұжырымдаудың дәстүрлі тәсілі күзеттік-полициялық мәдениетті қалыптастырады. Ол басқарудың аралас үлгісіне тән, тоталитарлық режим, репрессивтік әдістерді қолданады, азаматтық бастамаларды басып тастаутән.

Қазақстандағы мемлекеттік қызметті реформалау ұлттық ерекшеліктерді ескерумен әкімшілдік-әміршілдік мәдениеттен ұйымдастыру-бейімделу мәдениетіне өтуді қарастырды. Осындай мәдениеттің негізінде мемлекет пен қоғам арасындағы ұйымдастырулық сапалы жаңа қарым-қатынастың түрі әлеуметтік әріптестік қалыптасады. Әріптестіктің маңызды бағыты қоғамның басты күштерінің өзара мүдделерінің болуымен сипатталады. Нәтижесінде барлық әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін әлеуметтік мемлекеткұрылады. Біздің көзқарсымыз бойынша мемлекеттік билік органын мемлекеттік басқару жүйесінің бөлігі, оның еркін орындаушы механизм, сондықтан өз міндеттерін мемлекеттің атынан және тапсырысы бойынша өз құзыреті шеңберінде орындаушы ретінде анықтауға болады.

Қазақстан қоғамының демократиялық жаңарту жағдайында мемлекеттік басқару органдар жүйесін құрудағы Тұжырымдамалық көзқарастар бойынша Қазақстан Республикасында билікті жүргізудегі конституциялық ережелер болып табылады: тікелей халықтың жүргізуі немесе мемлекеттік билік органдары арқылы (биліктің горизонталды бөлу принципінің негізінде: заң шығару, орындаушы, сот билігі). Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік билік

органдарын құрудағы принциптік жаңа концепцияны бекітті, ол Қазақстан халқының демократиялық даму жолын айқындайтын принциптерде негізделген: халық билігі; заңның үстемдігі; адамның және азаматтың құқықтарын іске асыру кепілдігі; биліктің бөліну принципі және т.б. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік билікті Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Соттары жүргізеді. ҚР Президенті, мемлекет басшысы бола отырып, билік жүргізу барысында аталған мемлекеттік органдармен қарым-қатынас жасайды және жүйенің орталық элементі ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясының кепілі болып табылады.

Отандық саяси ғылымда президенттік институттың қалыптасуы маңызды мәселе. Т. С. Донаков пен Е. К. Ертісбаевтардың президент институтының қалыптасуын кезеңдеу келесідей:

Т. С. Донаков келесі төрт кезенді ұсынады:

- 1990 жылғы сәуір-қараша – Қазақстанда президент институтын қалыптастырғаннан бастап;

- 1990 жылғы қараша мен 1993 жылғы қаңтар аралығы. Бүкілхалықтық сайлауда сайланған президент атқарушы биліктің басшысы болды;

- 1993 жыл мен 1995 жылғы тамыз аралығы;

- 1995 жылдан бері қарай – референдумда қабылданған Конституция президенттік басқару нысанын енгізді.

Е. К. Ертісбаев Қазақстанның саяси жүйесінің эволюциясының 4 кезеңін ұсынады.

Осылайша, қазіргі таңдағы Қазақстанның саяси даму кезеңіндегі халықтың демократиялық орнығуымен сипатталатын, Президенттік басқару институтымен бекітілген мемлекеттік билік органдар жүйесі басқару жүйесінің үш тармағының қарым-қатынасымен сипатталады. Олар өз кезегінде құрылымы және ұйымдастыру жағынан бөлінген және мемлекеттің функцияларын орындауға бағытталған.

3 МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ БАСТАПҚЫ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ

Мемлекеттік лауазым – мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық өкілеттік пен лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген құрылымдық бірлігі;

Мемлекеттік лауазым – бұл мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген лауазымдық өкілеттілік пен лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген құрылымдық бірлігі.

Мемлекеттік лауазымды жүзеге асыру үшін лауазымдық өкілеттіліктер беріледі. Лауазымдық өкілеттілік – бұл заңда белгіленген құқықтары мен міндеттері бар мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында қойған мақсат-міндеттерге жауап беретін, нақты мемлекеттік лауазыммен қарастырылған өкілеттілік. Осы лауазымды өкілеттілік лауазымды тұлғаларға жүктеледі. Лауазымды тұлға – үнемі, уақытша немесе арнайы өкілеттілік бойынша мемлекет өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын немесе мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық – шаруашылық қызметтерді атқаратын адам.

Мемлекеттік лауазым заңмен, мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген құрылымдық бірлігі ретінде айқындалған.

Лауазым деп қызмет орны түсініледі, ол оған орналасқан адамның құқықтық мәртебесін айқындайды. Бұл оның лауазымдық (қызметтік) міндеттерінің көлемі, оның лауазымдық (қызметтік) құқықтары, оның өзіне берілген құқықтарды жүзеге асыру және міндеттерді орындау үшін жауаптылығының шегі, сондай – ақ осы адамға қойылатын мамандық және біліктілік талаптар. Шын мәнінде, лауазым мұндай ұғымында тиісті мемлекеттік органның, сондай – ақ Конституцияға және басқа заң

актілеріне сәйкес құрылатын өзге мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін жүзеге асыру жөніндегі тиісті адамның орындайтын жұмысының мазмұнын айқындауға қызмет етеді.

Мұндай «өзге» мемлекеттік органдарға, мысалы, Қазақстанның Ұлттық Банкі, ҚР-ның Прокуратурасы, Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің аппараты және т.б. жатады.

Мемлекеттік қызметшілер лауазымдары оларды тағайындау мақсаттарына қарай саяси және әкімшілік лауазымдарға бөлінеді.

Саяси лауазымдарға:

- ҚР-ның Президенті тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілер, олардың орынбасарлары;

- ҚР-сы Парламентінің Палаталары және Парламент Палаталарының Төрағалары тағайындайтын және сайлайтын мемлекеттік саяси қызметшілер, олардың орынбасарлары;

- ҚР-сы Жоғарғы Сот аппаратының басшысы, оның орынбасарлары;

- Конституцияға сәйкес Президент пен Үкіметтің өкілдері болып табылатын мемлекеттік саяси қызметшілер;

- Орталық атқарушы органдар мен ведомстваларды басқаратын мемлекеттік саяси қызметшілер (басшылар), олардың орынбасарлары атқаратын лауазымдар жатады.

Саяси лауазымдарға Президент белгілейтін өзге лауазымдар да жатқызылуы мүмкін.

Мемлекеттік қызметті өткеру – бұл ұзаққа созылатын процесс, ол мемлекеттік қызметшілердің қызметке кіргеннен бастап одан шыққанға дейін атқаратын қызметтерін дәйекті түрде ауыстыруынан көрініс табады. Осы уақыт ішінде мемлекеттік қызметшінің әкімшілік – құқықтық мәртебесі жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті өткеру екі түрлі құқықтық актілермен іске асырылады. Олар бірінен-бірі өздерінің туғызатын құқықтық салдарының сипатымен айырылады.

Олардың біріншісі Қазақстанның барлық азаматтары үшін мемлекеттік қызметті өткерудің жалпы тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді құрайды. Олар мемлекеттік

қызметке қабылдаудың сынақ мерзімінен өтудің тәртібін, мемлекеттік қызмет жағдайының ерекшеліктерін, аттестация өткізудің тәртібін, қызметке орналасудың, лауазымдық санаттар тоқтарына жітқызудың, құрметті атақтар берудің және қызмет өткерудің өңге де мәселелерінің тәртібін белгілейді.

Құрметтік актілердің екінші түрі – бұл заңдық айғақтар түрлерінің бірі, яғни нақты бір азамат үшін мемлекеттік – елдік қызметтік қытынастар туғызатын, өзгертетін немесе тоқтататын нақты жағдайларды реттейтін жеке – дара актілер.

«Мемлекеттік қызмет туралы» заң бойынша мемлекеттік қызметке кіруге, заңдарда өзгеше белгіленбесе, жасы 18 жастан асып емес, қажетті білімі бар және өзге белгіленген талаптарға сай келетін ҚР-сы азаматының құқығы бар.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметін ынталандыруды екі топқа бөлуге болады:

- 1) жеңілдіктер;
- 2) көтермелеу шаралары.

Жеңілдіктер әр түрлі болады және әдетте, мемлекеттік қызметшілердің тиісті санаттарына қарай тағайындалады.

Көтермелеудің жалпы шаралары еңбек туралы заңдармен, мемлекеттік қызметшілердің нақтылы санаттарының құқықтық мәртебесінің ерекшеліктерін қарайтын құқықтық актілермен тағайындалады.

Көтермелеумен қатар заңнамалар, қажет болған кезде, мемлекеттік қызметшілердің заңдық жауаптылығын қарайды, яғни айтқанда: тәртіптік, әкімшілік, материалдық және қылмыстық. Жауаптылық мемлекеттік қызметшілерге олардың қызметтік түрде құқық бұзушылық жасағаны үшін, яғни заң жүзінде құқыққа қарсы ретінде танылған құқықтар мен іс – әрекеттер үшін заңдарда қаралған қандай да болмасын сазай мен жаза шараларынан көрініс табады. Жалпы мәлім, құқық бұзушылықтар қылмыстарға және теріс қылықтарға бөлінеді.

Тәртіптік жауаптылық – бұл қылмыстық тәртіптен құдаланбайтын мемлекеттік қызметтің ережелерін кінәлі түрде

бұзған үшін қызметтік бағыныштылық тәртібімен тәртіптік ықпал жасаудың шараларын қолдану. Ол өзге азаматтармен бірдей жалпы негіздемелер негізінде белгіленген. Алайда мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметінің сипаты олардың жауаптылығын реттеудің кейбір ерекшеліктерін де болжайды.

Заңдық жауаптылықтың бұл түрін реттейтін нормативтік актілер «Мемлекеттік қызмет туралы» заң, «ҚР-ның әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану Ережесі», «ҚР-сы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет өткеру туралы ереже», «ҚР Қарулы күштерінің тәртіптік жарғысы», «ҚР-ның Кеден органдарында лауазымды адамдардың қызмет өткеруі туралы Ереже» және кейбір басқа актілер болып табылады. Олар жауаптылықтың негіздемелерін, тәртіптік жазалардың түрлерін, бұл жазаларды тағайындау жөніндегі атқарушы билік органдары мен басшылардың құқықтарын, сондай – ақ мемлекеттік қызметтің нақты жағдайларын ескере отырып, оларды қолдандың және шағым жасаудың тәртібін белгілейді.

Мемлекеттік қызметшінің теріс қылық жасауы жаза қолдану үшін негіз болып табылады. Тәртіптік жаза – бұл қызметшілердің теріс қылық жасағаны үшін лауазымдық өкілеттігіне сәйкес тиісті құқығы бар тұлға әдетте мемлекеттік органның басшысы) қолдануы мүмкін тәртіптік жауапкершілік шарасы. Тәртіптік жазалардың түрлері: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, қызметке сәйкес еместігі туралы ескерту, атқаратын қызметінен босату болып табылады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер үшін санаттармен біліктілік кластары белгіленген. Лауазымдық санаттарды және әкімшілік лауазымдарды санаттарға жатқызу тәртібін уәкілетті органның ұсынысы бойынша ҚР Президенті бекітеді. Мемлекеттік әкімшілік қызметкерлер үшін 8 санат және 16 біліктілік кластары белгіленген.

Жоғарғы санатқа мына лауазымдар жатады: Премьер – министр, Мемлекеттік хатшысы, Президенттің әкімшілігінің жетекшісі; Премьер – министрдің орынбасарлары;

Бірінші санатқа мына лауазымдар жатады: Үкімет аппаратының жетекшісі; ҚР Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін мемлекеттік органның жетекшісі; министрлері, мемлекеттік комитеттердің төрағалары, облыс әкімдері, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерінің орынбасарлары; Орталық сайлау комиссияның төрағасы; Президент әкімшілігі мен Үкімет аппаратының жетекшілерінің орынбасарлары; ҚР Президентінің көмекшілері мен кеңесшілері; Президент өкілдері; Парламент Палаталарының аппаратының жетекшілері; Президенттің Әкімшілігінің құрылымдық бөлімдерінің жетекшілері; үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқару органдарының жетекшілері;

Екінші санатқа мына лауазымдар жатады: ҚР Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін мемлекеттік органның жетекшісінің орынбасарлары; министрлердің орынбасарлары, мемлекеттік комитеттердің төрағаларының орынбасарлары, облыс әкімдері, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерінің орынбасарлары; Орталық сайлау комиссияның төрағасының орынбасары, хатшысы және мүшелері; Парламент Палаталарының аппаратының жетекшілерінің орынбасарлары; Президенттің Әкімшілігінің құрылымдық бөлімдерінің жетекшілерінің орынбасарлары және мемлекеттік инспекторлар; Үкімет өкілдері; Парламент Палаталары мен Үкімет аппаратының құрылымдық бөлімдерінің жетекшілері; Парламент Сенатының Төрағасы мен Мәжілісінің Төрағасының көмекшілері мен кеңесшілері; үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқару органдарының жетекшілерінің орынбасарлары; аудан және облысқа бағынушы қалалардың әкімдері;

Үшінші санатқа мыналар жатады: департаменттердің, агенттіктердің, комитеттердің жетекшілері; басқарма басшылары; ҚР Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін мемлекеттік органның бірінші жетекшілері, министрлер және мемлекеттік комитет төрағалары, сонымен қатар Үкіметтің

құрамына кірмейтін өзге де орталық атқару органдарының бірінші жетекшілері және Парламент Палаталарының көмекшілері мен кеңесшілері;

Төртінші санатқа мыналар жатады: департаменттердің, агенттіктердің, комитеттердің жетекшілері; басқарма басшыларының орынбасарлары; ҚР Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін мемлекеттік органның бірінші жетекшілерінің, министрлердің және мемлекеттік комитет төрағаларының, сонымен қатар Үкіметтің құрамына кірмейтін өзге де орталық атқару органдарының бөлім басшыларының орынбасарлары; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен республика астанасының жергілікті атқару органдарының басқарамаларының, қызметтіктерінің бөлім басшылары;

Бесінші санатқа мыналар жатқызылады: облысқа қарайтын аудандар мен қалалардың әкімдерінің орынбасарлары, ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың бас және жетекші мамандары; министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, сонымен қатар ҚР Үкіметінің құрамына кірмейтін өзге де орталық атқару органдарының бас жетекші мамандары; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқару органдарының басқармаларының, бөлімдерінің, қызметтіктерінің басты жетекші мамандары; маслихат аппараттарының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының жергілікті атқару органдарының бас және жетекші мамандары;

Алтыншы санатқа мыналар жатқызылады: аудандық және облыстық маңызы бар қалалардың, қалалардағы аудандық жергілікті атқару органдарының қызметкерлері, басқармалардың, бөлімдердің жетекшілері, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың маслихаттарының аппараттарының құрылымдық бөлімдерінің жетекшілері; республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқару органдарының

қызметкерлері, басқармаларының, бөлімдерінің, жергілікті атқару органдарының ауылдық, поселкалық, аудандық бағынышты қалалардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың маслихаттардың аппараттарының мамандары;

Жетінші санатқа мыналар жатқызылады: аудандық, облысқа бағынышты қалалардың, қалалық аудандық жергілікті атқару органдарының, ауылдық, поселкалық, ауданға қарасты қалалық жергілікті атқару органдарының, олардың бөлімдерінің, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың маслихат аппараттарының мамандары.

Мемлекеттік қызметкерлерге кәсіби даярлығына және олардың лауазымына біліктілік талаптарына байланысты кластар беріледі.

Жоғарғы, бірінші және екінші санаттардағы мемлекеттік қызметкерлерге біліктілік кластары лауазымына, кәсіби біліктілік деңгейіне және жұмыс нәтижесіне байланысты беріледі. 3–7 санаттардағы мемлекеттік қызметкерлерге кезекті біліктілік кластары аттестация нәтижесі бойынша беріледі.

Мемлекеттік қызметшілердің әкімшілік – құқықтық мәртебесі – мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының, міндеттерінің және шектеулердің жиынтығы.

"ҚР мемлекеттік қызметі туралы" заңының 8 бабына сәйкес мемлекеттік қызметкер мынаған құқылы:

1) ҚР Конституциясында және өзге де заңдарымен белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) өз өкілеттілігі шегінде мәселелерді қарауға және шешім қабылдауға қатысуға, тиісті органдар мен лауазымды тұлғалардың оларды орындауларын талап етуге;

3) белгіленген тәртіпте лауазымдық міндеттерді орындау үшін қажетті ақпарат пен материалдар алуға;

4) лауазымдық міндеттерді атқару үшін белгіленген тәртіппен меншік нысандарына карамастан ұйымдарда болуға;

5) басшыдан мемлекеттік қызметшінің атқаратын лауазымына сәйкес қызметтік өкілеттілік міндеттері мен көлемін дәл белгілеуді талап етуге;

- 6) жеке басының қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 7) өзі атқаратын лауазымға жұмыс сапасына, тәжірибесіне және заңда белгіленген өзге де негіздерге қарай ынталандырылуына және еңбегіне ақы төленуіне;
- 8) тиісті бюджет қаражаты есебінен қайта даярлануға және біліктілігін арттыруға;
- 9) өзінің мемлекеттік қызмет өткеруіне қатысты материалдармен кедергісіз танысуға, қажет болғанда жеке түсініктеме беруге;
- 10) қызметі бойынша жоғарылауға;
- 11) қызметшінің пікірінше негізсіз айып тағылғанда қызметтік тексеру жүргізілуін талап етуге;
- 12) еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, қауіпсіз және жоғарғы өнімді жұмыс істеуі үшін қажетті еңбек жағдайына;
- 13) әлеуметтік және құқықтық қорғалуға;
- 14) мемлекеттік қызметтен өз қалауы бойынша босатылуға;
- 15) зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандырылуға;
- 16) жоғарғы мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға мемлекеттік қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

Мемлекеттік қызметшінің мынадай негізгі міндеттері болады:

- 1) ҚР Конституциясы мен заңдарын сақтауға;
- 2) ҚР Президенті бекіткен тәртіпте ант беруге;
- 3) азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, заңдарда белгіленген тәртіп пен мерзімде азаматтардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;
- 4) өзіне берілген құқықтар шегінде және қызмет міндеттеріне сәйкес өкілеттілігін жүзеге асыруға;
- 5) мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтауға;
- 6) өзіне заңда белгіленген шектеулерді қабылдауға;

7) басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін, жоғарғы органдар мен лауазымды адамдардың өз өкілеттіліктері шегінде шығарған шешімдері мен нұсқауларын орындауға;

8) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауға, соның ішінде мемлекетті қызметті тоқтатқаннан кейін де заңмен белгіленген белгілі бір уақыт ішінде, ол жөнінде қолхат бере отырып сақтауға;

9) қызметтік әдеп нормаларын сақтауға;

10) қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған, азаматтардың жеке өмірін, ар – намысын және қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді құпия сақтауға және олардан, заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай ақпарат беруді талап етпеуге;

11) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге;

12) мемлекеттік қызметкердің жеке мүдделері оның өкілеттілігінен түйсетін немесе қайшы келетін жағдайларда оларды тағайындауға құқығы бар лауазымды адамды дереу хабардар етуге;

13) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға міндетті.

Мемлекеттік қызметте болуға байланысты қойылатын шектеулер:

1) өкілді органдардың депутаты және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болуға;

2) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақылы қызметпен айналысуға;

3) кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның ішінде, егер коммерциялық ұйымды басқаруға тікелей қатысу ҚР заңдарына сәйкес оның қызметтік міндетіне кірмейтін болса, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға;

4) үшінші тұлғалардың істері бойынша өзі қызмет істейтін не өзіне тікелей бағынысты немесе өзінің бақылаудағы мемлекеттік органдарда өкіл болуға;

5) өзінің қызметтік іс-әрекетін материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсатта пайдалануға;

6) ереуілдерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және қызметтік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;

7) лауазымдық өкілеттілігін орындауға байланысты азаматтар мен заңды тұлғалар көрсететін қызметті жеке мақсатына пайдалануға құқығы жоқ.

Мемлекеттік қызметкер белгіленген тәртіпке және заңдарға сәйкес, қызметке кіргеннен кейін бір ай ішінде мемлекеттік қызметті өткеру уақытына өзінің меншігіндегі коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесті және осы адамдарға заңды тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүлікті жалға берген өзге де мүлікті қоспағанда, пайдалану табыс алуға әкеп соғатын өзге де мүлікті сенім білдірілген басқаруға беруге міндетті. Осы мүліктен, соның сыйақы, дивидендтер, ұтыстар, мүлікті жалға беруден және басқа да заңды көздерден түскен табыс нысанында табыс алуға құқығы бар.

Мемлекеттік қызметкер өзінің жақын туыстары (ата - анасы, жұбайы, аға – інісі, апа – сіңілісі, балалары) немесе жекжаттары атқаратын қызметке тікелей бағынысты лауазым атқаруына болмайды.

Мемлекеттік қызметті өткеру – бұл лауазымдық өкілеттіліктерін практикада жүзеге асыруда көрінетін, қызметкердің күнделікті жұмысы және қызмет ету барысында қызметкердің құқықтық мәртебесіндегі өзгерістер.

Қызметкер лауазымға кірген сәттен бастап мемлекет белгілеген және кепіл болатын нақты құқықтар мен міндеттерді тасушы болып табылады. Құқықтар мен міндеттер қызметкер істейтін органның міндеттерінен, функцияларынан және құзырлығынан туындайды.

Мемлекеттік қызметті өткеру элементтері:

- 1) мемлекеттік қызметке кіру;
- 2) сынақ мерзімін белгілеу;
- 3) мемлекеттік қызметшілерді аттестациялау;
- 4) қызметті ауыстыру;
- 5) қызметті атқару кезінде берілетін жеңілдіктер және шарттандырулар;
- 6) мемлекеттік қызметшінің жауаптылығы;
- 7) мемлекеттік қызметтің тоқтатылуы.

«Жасақтау» ұғымы мемлекеттік қызметкерлердің кадрларын дайындауды, іріктеуді және орналастыруды білдіреді. Мемлекеттік қызмет кәсіби қызмет болғандықтан, онда орналасатын азаматтар кәсіби даярланған болуы тиіс. Мемлекеттік қызметкердің білім деңгейі, біліктілігі мемлекеттік басқару аппаратындағы нақты лауазымдардың талабына жауап беруі тиіс.

Кадрларды дайындау – бұл жауапты басқарушы лауазымдарда жұмыс істеу үшін арнайы оқыту, біліктілік деңгейін көтеру, кадрлардың резервін қалыптастыру.

Мемлекеттік қызметкерлерді оқыту арнайы оқу орындарында, сондай-ақ тікелей мемлекеттік қызметкер істеп жүрген мемлекеттік органның шегінде де өтуі мүмкін.

Резервті қалыптастыру кадрларды жаңарту процесінде сабақтастықты, жалғастырушылықты, орын басушылықты қамтамасыз ету үшін қажет болып табылады. Резервпен жұмыс қызметтік перспектива қағидасына сай келуі тиіс.

Іріктеу, ереже бойынша, басқару органдарын жаңа қызметкерлермен толтыру. Мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын, практикада қалыптасқан және нормативті бекітілген нақты талаптар болады.

Мемлекеттік қызметке кіру кезінде мынадай талаптар қойылады:

- 1) ҚР азаматы болуы қажет;
- 2) егер ҚР заңдарында тиісті лауазымдар жөнінде өзгеше белгіленбесе, 18 жастан кем болмауға;

3) қажеттібілімі, кәсіби даярлығы және белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес болуы тиіс;

4) мемлекеттік қызметке кірген кезде салық қызметі органдарына өзі алған табысы мен өзіне меншік құқығымен тиесілі, салық салу объектісі болып табылатын мүлкі туралы мәліметтерді табыс етуге міндетті;

5) арнайы тексеруден өтуі тиіс;

Қабылдау – мемлекеттік қызметке тұлғаны алған кезде жинақтайтын тәсілдердің бірі. Мемлекеттік қызметкерлердің көпшілігі қызметке қабылдау тәртібінде алынады.

Тағайындау – бұл мемлекеттік органдардың жеке құрамын жинақтаудың негізгі тәсілдерінің бірі. Тағайындау тәртібінде мемлекеттік органдардың және олардың құрылымдық бөлімдерінің жетекшілерінің, олардың орынбасарлары және басқа да лауазымды тұлғалар лауазымға алынады. Тағайындау бірнеше тәсілдер арқылы жүзеге асырылады: тиісті орган немесе лауазымды тұлға дербес түрде (ҚР Президентінің ҚР Мемлекеттік хатшысын тағайындауы); ұсыну бойынша (Президенттің ұсынысы бойынша Сенат - Жоғарғы Соттың Төрағасын, ҚР Жоғарғы Сотының коллегиялар төрағасын және судьяларын); келісім беру бойынша (Парламенттің келісімі бойынша Президент Премьер-Министрді тағайындайды).

Сайлау – мемлекеттің, тұрғындардың белгілі бір саны бойынша немесе қандайда болмасын органның тапсырмасы бойынша құзырлықты жүзеге асыруға нақты бір тұлғаларды уәкілетті ету. ҚР заңнамасы бойынша Президент, барлық деңгейдегі депутаттар сайлануға жатады. Сайланушылық өзінің артынан көп құқықтық салдарларға әкеледі: саланған тұлғаны бақылау құқығы; оның есебін тыңдау, жұмысын бағалау. Сайлаудың өзіне тән процедурасы болады: талқылау, дауыс беру, дауыстарды санау және т.б. Сайлау белгілі бір уақытқа ғана есептеледі, осы мерзім өткеннен кейін осы лауазымға қайтадан сайлау жүргізіледі.

Конкурс – лауазымға орналасудың дербес, ерекше тәсілі. Сайлауға ұқсас болып келеді. Конкурстың мәні - барлық қатысушылар үшін тең жағдайда жарысу тәртібінде бос лауазымға орналасу. Конкурс үшінші санаттан жетінші санатқа дейінгі лауазымдарға орналасуға мүмкіндік береді. Ол құжаттардың конкурсы түрінде жүргізіледі. Арнайы құрылған конкурстық комиссия конкурсқа қатысушыларды білімі туралы, мемлекеттік қызметті өткеру немесе өзге де қызметтерді атқару туралы құжаттардың, сонымен қатар тестілеу нәтижелерінің, ұсыныстардың негізінде бағалайды. Конкурстық комиссияның шешімі азаматпен контракт жасасу үшін немесе осындай контракт жасасудан бас тарту негізі болып табылады.

Мемлекеттік қызметкерлердің лауазымына жинақтаудың қандайда болмасын тәсілін таңдау қызмет түріне, қызметкердің сапатына, сондай-ақ нақты лауазымдық өкілеттіліктерге байланысты болады.

Мемлекеттік саяси қызметшілердің мемлекеттік қызметке кіруі тағайындау не сайлау негізінде, сондай – ақ ҚР заңдарында белгіленген басқа да реттерде, тәртіп пен жағдайларда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын мемлекеттік органдар лауазымдар санаттарына қойылатын үлгі біліктілік талаптары негізінде әзірлейді және бекітеді.

Кадрлармен жұмыс істеудің бір түрі болып – оларды орналастыру. Орналастыру – бұл әркімге оның мамандығына және біліктілігіне, жеке бас ерекшеліктеріне және ұжымдық мүдделеріне сәйкес, өз уақытында адамдарды анағұрлым білікті немесе жауапты лауазымға пайдалану үшін қалыптасқан мүмкіндіктерін ескере отырып орын беру.

Мемлекеттік органдарда лауазымға орналасудың төрт ұйымдық – құқықтық тәсілі жалпыға мәлім:

- 1) қабылдау;
- 2) тағайындау;

- 3) сайлау;
- 4) конкурс.

Осылардың әрқайсысы еңбек шартын жасасумен байланыстырылатын әкімшілік актіні шығарумен аяқталатын өзіндік процедураны білдіреді.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымға алғаш рет ықабылданған немесе жоғарғы санаттағы мемлекеттік әкімшілік лауазымға қабылданған азамат үшін 3 айға дейінгі мерзімге сынақ белгіленуі мүмкін. Егер сынақ мерзімі өтіп, мемлекеттік әкімшілік қызметкер мемлекеттік қызметті жалғастыра берсе, ол снақтан өткен болып саналады және сынақ мерзімі мемлекеттік қызмет стажына есептеледі ("ҚР Мемлекеттік қызмет туралы" заңының 15 бабы).

Мемлекеттік әкімшілік қызметкерлер олардың кәсіби даярлығы, құқықтық мәдениеті, азаматтармен жұмыс істеу қабілеттілігі деңгейін анықтау үшін кемінде 3 жылда 1 рет аттестациядан өтеді. Оны жүргізу тәртібі мен талаптарын уәкілетті органның ұсынысы бойынша ҚР Президенті бекітеді. Аттестациядан жоғарғы, 1 және 2 санаттағы мемлекеттік лауазымдағы мемлекеттік қызметкерлер өтпейді.

Жұмысында жетістіктерге жеткені үшін, бастамашылығы үшін, өзінің кәсіби деңгейін үгеі көтеретін мемлекеттік қызметкерді қызмет бабы бойынша ктермелеу жоғарғы лауазымға ауыстыру немесе одан да жоғары біліктілік класын беру арқылы жүзеге асырылады;

Жұмыс уақытының ұзақтығы, сонымен қатар күні бұрын болжанбаған жұмыс күні үшін өтем ақы төлеу кепілі мен тәртібі және мемлекеттік қызметкерді демалыс және мереке күндері қызметке келуге міндеттеу ҚР еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Мемлекеттік қызметте болудың шекті жас мөлшері 60 жас белгіленген. Кәсіби біліктілік деңгейі жоғары және денсаулық жағдайы сай тұлғалардың мемлекеттік қызметте болу мерзімі ұзартылуы мүмкін. Бұл мерзім 5 жылдан аспауы тиіс.

Мемлекеттік қызметкердің еңбегіне төленетін ақы қызметтік міндеттерін сөзсіз және тиянақты атқаруы үшін жеткілікті материалдық жағдайды қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдарды білікті және тәжірибелі кадрлармен жасақтауға жәрдемдесуге, олардың адал да бастамашыл еңбегін ынталандыруға тиіс.

Мемлекеттік қызметкерлердің еңбек ақысын төлеудің бірыңғай жүйесін Үкімет әзірлейді және Премьер – министр ҚР Президентіне бекітуге береді; Олардың жалақысы бюджет қаржыаты есебінен не болмаса Ұлттық банк қаржысынан төленеді. Мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің жалақысы мен оларға төленетін басқа да төлемдер ҚР заңдарында белгіленген тәртіпте индекстелуге тиіс.

Мемлекеттік қызметкерге сауықтыру үшін 2 лауазымдық айлық ақысы мөлшерінде жәрдемақы төленіп, ұзақтығы отыз күнгізбелік күнге ақы төленетін жыл сайынғы демалыс беріледі.

Өткізілген аттестация мемлекеттік қызметкерді ынталандыру негізі болып табылуы-мүмкін. Оны 3 топқа бөлуге болады:

1) моральдық (алғыстар, ҚР мемлекеттік наградалары, кезекті біліктілік класын мерзімінен бұрын беру);

2) материалдық (ақшалай сыйақылар, құнды сыйлықтар);

3) ұйымдық (қызмет бабы бойынша көтермелеу).

Мемлекеттік қызметкердің жауаптылығы (ҚР "Мемлекеттік қызмет туралы" заңының 28 бабы). Мемлекеттік қызметкер өзіне жүктелген міндеттерді орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін, лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдаланғаны, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны үшін, сондай ақ осы Заңда белгіленген, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді сақтамағаны үшін мемлекеттік қызметкерге мынадай тәртіптік жазалар қолданылады:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) қатаң сөгіс;

4) қызметке сәйкес еместігі туралы ескерту;

5) атқаратын қызметінен босату:

Мемлекеттік қызметкерлер қылмыс және өзге де құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда ҚР заңдарында белгіленген тәртіпте тиісінше қылмыстық, әкімшілік, материалдық жауаптылыққа тартылады.

Мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік қызметі тоқтатылады.

Мемлекеттік саяси қызметкердің отставкаға шығуы және қызметтен босылуы:

1) оның жазбаша арызы негізінде жүзеге асырылады;

2) оның отставкасын қабылдау немесе одан бас тартылу туралы шешім жазбаша арыз берілген күннен бастап 1 ай мерзімде қабылданады. Саяси қызметші отставкадан бас тартылған жағдайда қызметтік өкілеттілігін атқаруды жалғастыруы тиіс және ҚР заңдарында көзделген тәртіппен қызметтен босауға құқығы бар. Лауазымдық өкілеттілігін өрескел бұзу, мемлекеттік қызметте болуға лайықсыз қылықтар жасау мемлекеттік саяси қызметкердің отставкаға шығуы үшін негіз бола алмайды, қайта жұмыстан босату үшін негіз болады. Оларды қызметтен босату негіздері мен тәртібін ҚР Президенті белгілейді (ҚР мемлекеттік қызметі туралы заңның 26 бабы).

Мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің мемлекеттік қызметінің тоқтатуының негіздері:

1) өз тілегі бойынша жұмыстан босату туралы арыз беруі;

2) зейнеткерлік жасқа толуы;

3) келісім – шарт мерзімінің бітуі не болмаса ҚР заңдарында көзделген негіздер бойынша келісім-шарт бұзылуы;

4) өз табысы мен мүлкі туралы көрінеу жалған мәлімет беруі;

5) заңда белгіленген міндеттер мен шектеулерді сақтамауы;

6) меншік құқығымен тиесілі мүлікті сенім білдірілген басқаруға бермеуі;

7) ҚР азаматтығын жоғалтуы;

8) сыбайлас жемқорлықпен айналысуы;

9) мемлекеттік әкімшілік лауазымды конкурстан тыс атқаруы;

10) аттестациядан өткендегі көрсеткен теріс нәтижелері.

Мемлекеттік басқарудың әкімшілік-құқықтық нысандарының мынадай түрлері болады:

1) әрекетінің сипатына қарай:

а) құқықтық;

б) құқықтық емес;

2) мақсаттылығына байланысты:

а) ішкі-ішкі ұйымдастыру мәселелерін шешуге қолданылады;

б) сыртқы – органның міндеттері мен функцияларын орындау мақсатында қолданылады;

3) көрсетілу әдісіне қарай:

а) ауызша және жазбаша;

б) конклюдентті.

Басқару қызметінің нысандарының ішінде ең көп тараған классификациясы оны құқықтық және құқықтық емес деп бөлу.

Құқықтық нысандар нақты айқындалған құқықтық заңдарларға әкеледі, ал құқықтық емес нысандар құқықтық заңдарларға әкелмейді. Құқықтық нысандарына мыналар жатады:

1) нормативті-құқықтық актілерді дайындау және қабылдау (құқық шығармашылық деп те атауға болады);

2) жеке нормативті актілерді шығару (немесе құқық қолданушылық);

3) әкімшілік-құқықтық шарттар жасасу;

4) әкімшілік – іс жүргізушілік әрекеттер жасау;

5) заңды мәні бар өзге де әрекеттерді жасау.

Нормативті-құқықтық актілерді дайындау және шығару – бұл атқарушы билік органдарына заңнамамен ұйғарылған және тек заңдардың көмегімен ғана бұқаралық мүдделерді қамтамасыз ету мүмкін болмағанда әкімшілік норма шығармашылыққа мұқтажыдығымен байланыстырылған, заңдарды орындау үшін арналған атқарушы биліктің қызметінің негізгі түрі. Тек осы құқықтық нысандарда ғана өкітемік өкілеттіліктер айқын көрініс

табады. Мысалы, Президенттің заңды күші бар жарлық немесе өкімдер шығаруы, ҚР Үкіметінің қаулылар мен өкімдер шығаруы.

Жеке құқықтық (әкімшілік) актілерді шығару - бұл көп жағдайда құқық қолданушылық болып табылады, яғни құқық нормасын адрестік қолдану бойынша қызмет, мысалы, қоршаған ортаны ластайтын кәсіпорындарға айыпшұл санкцияларын салу;

Әкімшілік келісімшарт жасасу – бұл тараптарының біреуіне мемлекеттік – өкімді өкілеттіліктер берілетін келісімшарт, мысалы, контракт жасасу.

Әкімшілік – іс жүргізушілік әрекеттерді жасау – бұл қызмет нақты заңды істерді шешумен байланысты қызмет және іс жүргізушілік нормаларымен толықтай реттелеген. Оның мынадай негізгі белгілі бар:

1) бұл қызметте өктемдік өкілеттіліктер жүзеге асырылады. Тиісті қатынастарға азаматтарда, ұйымдарда қатысады, бірақ бұл қатынастарда басымдылық бұқаралық билік органдарына беріледі, мысалы, тіркей, пресс – конференция ұйымдастыру, дауыс беруді ұйымдастыру және т.б.;

2) іс жүргізушілік қызметтің нәтижесі заңды істерді шешу, мысалы, заңды мәні бар құжаттарды қабылдау, азаматтылық беру, санкция қолдану және т.б.;

3) іс жүргізушілік қызмет іс жүргізушілік нормалармен реттеледі; бұл нормаларда процеске қатысушылар, олардың құқықтары мен міндеттері, іс – әрекеттерді істеу тәртібі мен мерзімдері анықталады, құжаттарды, шағымдарды рәсімдеу ережелері, шешімді орындау анықталады.

Заңды мәні бар өзге де іс – әрекеттерді жасау – қандайда болмасын құқықтық салдарларды туғызатындығын білдіреді. Атқарушы органдар (немесе олардың лауазымды тұлғалары) әртүрлі азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге және басқару қатынастарының өзге де қатысушыларына нақты іс-әрекеттерді істеуге, белгіленген жағдайларда міндетті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға, көлік құралдарын жүргізу құқығына, қару –

жарак алу, сақтау және пайдалану құқығына, аң немесе балық аулау құқығына және т.б. куәлік сияқты ресми құжаттарды беру. Осындай өрекеттердің және олардың салдарларының заңды мәні бар екендігі сөзсіз, бірақ олар аралық көрініс табады. Арнайы құқықтар беру қабылданып қойған құқықтық актілердің негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстандық мемлекеттік қызметтің маңызды принциптерінің бірі мемлекеттік қызметшінің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы болып табылады.

Осы принципке сәйкес мемлекеттік қызметші біріншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілетін құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға қамтамасыз етіледі, сондай-ақ еш бір кемсітушіліксіз өзге кепілдіктерге: еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, әлеуметтік және құқықтық қорғалуына құқылы.

Екіншіден, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етілуіне арнайы нормалар 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енген «ҚР Мемлекеттік қызмет туралы Заңда» одан әрі дамытылып және мемлекеттік қызмет саласындағы қатынастарды реттейтін толық блок заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер нақтыланған.

Мемлекеттік қызметшілердің осы Заңда белгіленген негізгі міндеттерінен туындайтын нақты міндеттері үлгі біліктілік талаптар негізінде айқындалады және тиісті мемлекеттік органдардың басшылары бекітетін қызметтік нұсқаулықтарда көрсетіледі. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметте тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін олардың негізсіз жұмыстан шығарылуын құқықтық қорғау заңмен қамтамасыз етілген. Онда, саяси қызметшінің ауысуы мемлекеттік әкімшілік қызметшілермен қызметін тоқтату үшін негіз болып табымайтыны туралы жазылған. Заңның басқа нормасымен мемлекеттік орган таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда мемлекеттік әкімшілік қызметшілер жаңадан құрылған не басқа мемлекеттік органда өздерінің біліктілігіне сай

жұмыспен қамтамасыз етіледі. Бұл орайда мемлекеттік органдарда кемінде үш жыл жұмыс стажы бар мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге жұмыстан шығу жәрдемақы төлемі жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметшілерді құқықтық қорғауын күшейту бөлігіндегі Заңдағы жаңалықтар мына нормалар болып табылады: мемлекеттік қызметші өз іс-әрекетінің заңсыздығы үшін жауап береді. Атқару үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданған жағдайда бұл жөнінде ол өзінің тікелей басшысына және өкімді берген басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға тиіс. Лауазымы бойынша жоғары тұрған басшы аталған өкімді жазбаша растаған жағдайда мемлекеттік қызметші, егер оны орындау қылмыстық жазалануға тиіс әрекеттерге әкеп соқпайтын болса, оны орындауға міндетті. Мемлекеттік қызметшінің заңсыз өкімді орындауының салдары үшін осы өкімді растаған басшы жауап береді.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілер тәртіптік жауаптылыққа тартылған кезінде олардың құқықтарының кепілділігі Заңмен белгіленген:

- мемлекеттік қызметші өзін тәртіптік жауапқа тартуға байланысты барлық материалдармен таныстырылуға міндетті;
- жауапқа тартылушы мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның іс-әрекеті мен шешімдеріне уәкілетті орган белгіленген тәртіппен не сотқа шағым жасай алады.

Заңмен мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғау шаралары көзделеді, заңдарда белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік қызметшілер тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесі тегін беріледі.

Бұдан басқа, қызметтік міндеттерін Заңмен белгілеу мақсатында мемлекеттік қызметшілердің мына құқықтары қаралған:

- басшыдан мемлекеттік қызметшінің атқаратын лауазымына әділдік қызметтік өкілеттік міндеттері мен көлемін дәл белгілеуді талап етуге;

- жеке басының қадір-қасиетінің құрметтелуіне, басшылар, өзге де лауазымды адамдар және азаматтар тарапынан өзіне әділ және құрметпен көзқарас жасалуына;

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер бұдан басқаларға құқылы:

- өзі атқаратын лауазымға жұмыс сапасына, тәжірибесіне және осы Заңда белгіленген өзге де негіздерге қарай міндеттендірілуіне және еңбегіне ақы төленуіне;

- тиісті бюджет қаражаты есебінен қайта даярлануға (қайта мамандануға) және біліктілігін арттыруға;

- өзінің мемлекеттік қызмет өткеруіне қатысты материалдармен кедергісіз танысуға, қажет болған жағдайларда жеке түсініктеме беруге;

- біліктілігі мен қабілеті, өзінің қызметтік міндеттерін адал орындауы ескеріле отырып, қызметі бойынша жоғарылауға;

- қызметшінің пікірінше негізсіз айып тағылған жағдайда қызметтік тексеру жүргізілуін талап етуге;

- еңбегінің қорғалуына, денсаулығының сақталуына, қауіпсіз және жоғары өнімді жұмыс істеуі үшін қажетті еңбек жағдайына;

- әлеуметтік және құқықтық қорғалуға;

- мемлекеттік қызметтен өз қалауы бойынша бөсуға;

- зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандырылуға;

- жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға мемлекеттік қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

Мемлекеттік қызметші қоғам және халық өмірімен нақты байланысты қамтамасыз ететін басқару саласындағы саяси-қоғамдық, мемлекеттік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық алғышарт-тарды қалыптастыруға қатысады.

Мемлекеттік қызметші Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға, бұдан басқа:

- азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, заңдарда белгіленген тәртіп пен мерзімде азаматтардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;

- өзіне берілген құқықтар шегінде және қызмет міндеттеріне сәйкес өкілеттігін жүзеге асыруға;

- мемлекеттік тәртіп пен еңбек тәртібін сақтауға;

- өзіне заңда белгіленген шектеулерді қабылдауға;

- заңдарда белгіленген қызметтік әдеп нормаларын сақтауға;

- басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың өз өкілеттігі шегінде шығарған шешімдері мен нұсқауларын орындауға;

- мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтауға, оның ішінде мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін де, заңмен белгіленген белгілі бір уақыт ішінде, ол жөнінде қолхат бере отырып сақтауға;

- қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған, азаматтардың жеке өмірін, ар-намысын және қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді құпия сақтауға және олардан, заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай ақпарат беруді талап етпеуге;

- мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге;

- мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері оның өкілеттігінен түйсетін немесе қайшы келетін жағдайларда, оларды тағайындауға құқығы бар лауазымды адамды дереу хабардар етуге;

- қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің осы белгіленген негізгі міндеттерінен туындайтын нақты міндеттері үлгі біліктілік талаптар негізінде айқындалады және тиісті мемлекеттік органдардың басшылары бекітетін қызметтік нұсқаулықтарда көрсетіледі.

Демек, бұл жаңа заңнама мемлекеттік қызметшілер мүддесін мемлекет мүмкіндіктерімен баламалы ескереді, әлеуметтік және бұйықтық қорғау қамтамасыз етілуі мемлекеттік қызметші тұрғынлығы және кәсібилігінің арта түсуіне кепілдік болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын жақтауға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға, өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекет институттарының беделін түсіруге ықпал ететін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге;

2) Конституцияны бұлжытпай сақтай және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Қазақстан Республиканың өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сүйене отырып, заңдылықтар қиғидаттарын басшылыққа алуға;

3) азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға бастайтын іс-әрекеттерге жол бермеуге;

4) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық тағулықты нығайтуға жәрдемдесуге;

5) сеніп тапсырылған мемлекеттік және еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, әділ де сапалы атқаруға, ол үшін өзінің жұмыс уақытын тиімді пайдалануға;

6) жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш-жігерін жұмсауға, қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы және үнемді әдістерін қолдануға, сеніп тапсырылған мемлекеттік мүліктерге ұқышпен қарап, оны ұтымды әрі тиімді пайдалануға;

7) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға;

8) мемлекеттік қызмет мүдделеріне залал келтіретін іс-әрекетті болдырмауға; мемлекеттік қызметкердің жеке мүдделерін қозғайтын мәселелер жөнінде шешімдер қабылдауға қатысы бар адамдардың қызметіне араласпауға;

9) кәсіпкерлік қызметке араласуға және жекелеген шаруашылық субъектілерінің мүдделерін сүйемелдеуге жол бермеуге;

10) қызметтік ақпаратты пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарға пайдалануға жол бермеуге;

11) қызметі жоғары немесе төмен тұрған не өзімен қызмет немесе жұмыс бойынша өзге де тәуелділіктегі адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспауға;

12) мемлекеттік функцияларды орындаумен байланысты жеке және заңды тұлғалардан сыйлықтар қабылдау немесе қызметін пайдалану фактілеріне жол бермеуге;

13) заңмен белгіленген жағдайлардан басқа, қазақстандық немесе шетелдік жеке және заңды тұлғалар есебінен мемлекетішілік және шетелдік туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шақырулардан бас тартуға;

14) өзінің іске көзқарасымен және жеке мінез-құлқымен ұжымда орнықты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай туғызуға ықпал етуге;

15) мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс жасауына және мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік міндеттерін тиісінше орындауына бөгет болатын іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

16) кадрларды жерлестік және жеке өзіне берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

17) басқа мемлекеттік қызметкерлер тарапынан қызмет этикасы нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және дұрыс жолын кесуге;

18) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде киім киюдің іскерлік стилін ұстануға тиіс.

2. Азаматтармен және заңды тұлғалармен қарым-қатынастарда мемлекеттік қызметкерлер:

1) азаматтардың мемлекет институттарына сенімін нығайтуға ықпал етуге;

2) қаршайымдылық танытуға, өзінің лауазымдық жағдайын, өзінің ішінде көлік, сервис және өзге де қызметтерді алу кезінде, басқа көрсетіспеуге және пайдаланбауға,

3) өзінің іс-әрекеттерімен және шешімдерімен қоғам тарапынан негізді сынға ұшырамауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, оған төзімділікпен қарауға, оң сын-ескертпелерді көмшіліктерді жою мен өзінің кәсіби қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

4) өтініштерді қарау кезінде төрешілдік пен сөзбұйдаға салу көріністеріне жол бермеуге, олар бойынша белгіленген мерзімде қажетті шаралар қолдануға;

5) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлтік жағдайларына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қарым-қатынасына, сеніміне, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге де жағдайларға қарамастан адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

7) сыпайы және әдепті болуы тиіс.

3. Өзіне бағынышты қызметкерлері болатын мемлекеттік қызметкерлер:

1) бағынышты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін олардың атқаратын лауазымдарына сәйкес дәл айқындауға, бағынышты қызметкерлерге анық орындай алмайтын өкімдер бермеуге және олардан қызметтік міндеттерінің шеңберінен тыс тапсырмалар орындауды талап етпеуге;

2) бағынышты қызметкерлеріне қатысты негізсіз айыптауларға, дерекілік фактілеріне, адамдық қадір-қасиетін кемсітуге, жөнсіздікке жол бермеуге;

3) бағынышты қызметкерлерді құқыққа қайшы теріс қылықтар немесе жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормалармен үйлеспейтін іс-әрекеттер жасауға мәжбүр етпеуге тиіс;

4) Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілікалдында оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалары сөйлейді.

Мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірталасты әдепті түрде жүргізуі тиіс.

4. Мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік саясат және қызметтік ісінің мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;

2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпараттарды ашатын болса;

3) мемлекеттің лауазымды тұлғаларының атына әдепке сай емес сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдіруге тиіс емес.

5. Мемлекеттік қызметкердің атына коммерциялық ұйымдарды басқаруы немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысуы, біреудің мүдделерін сүйемелдеуі жөнінде негізсіз көпшілік алдында айыптау болған жағдайда, ол тиісті түрде мұндай айыптауларды теріске шығаратын ақпаратты жариялауға тиіс.

6. Мемлекеттік қызметшіні сыбайлас жемқорлық жасаған деп көпшілік алдында айыптаған жағдайда, ол бұл айыптауларды теріске шығару, соның ішінде сот арқылы теріске шығару шараларын қабылдауы керек.

7. Мемлекеттік қызметкерлердің осы Кодексті сақтауы олардың қызметтік борышы болып табылады.

8. Осы көзделген талаптарды бұзғаны үшін мемлекеттік қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

9. Мемлекеттік органның ұжымы оның басшысының шешімі бойынша мемлекеттік қызметкердің осы Кодексті сақтамау фактісін қарап, қараудың нәтижесі бойынша қоғамдық мін таға алады.

4 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

«Саясат» ұғымы қоғамның қалыптасуымен, қызметімен, құрылысымен байланыста өмір сүрудің айрықша аспектісін білдіреді. Адамдардың ассоциативті негізде бірлесіп өмір сүрулері ғана қажетті мәнді кезең ретінде саясатты тудырады. Ол адамдардың мүддесін түйістіретін және қоғам тұтастығын сақтайтын қоғамдық өмірдің реттеуші функциясы. Саясаттың осы функциясы оған жеткілікті түрде әмбебаптылық сипат береді, өйткені саясат адамдардың тіршілік әрекетінің негізгі сфераларындағы қоғамның барлық құрылымдық әрекеттерінің белсенділігін бақылауға және бағыт беруге міндетті. Осы негізде саясат әлеуметтік мазмұны бойынша өте кең мағына.

Қазіргі қоғамдық өмірде "саясат" термині төмендегідей түсінік береді: Біріншіден, мемлекеттің қызметін, адамдардың үлкен ассоциативті топтарының (әлеуметтік, этникалық, кәсіби, жыныстық, жас ерекшеліктік және т.б) арасындағы қоғамдық қатынастарды реттеудегі мемлекеттік билік органдарының қызметін көрсетеді және осынау іс-әрекет топ мүдделерін ескерумен, олардың ортақ позициясын жасақтау мен түйістірумен және оны билік құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырумен байланысты.

Еуропалық қоғамдастықтың дамуы мен саяси ойларының отаны болған ежелгі гректерде саясат мемлекет пен қоғам істерін басқаруды білдірді. Платонның көзқарасы бойынша, бірігіп өмір сүру, адамдар арасындағы теңсіздік (байлық пен кедейлік, әр түрлі дәреже мен кәсіптер), өзара әрекет алмасудың қажеттілігі және осы орайда қандай да бір нормалардың сақталу қажеттілігі мемлекет пен саясатты, мемлекет пен қоғам істерін басқаруға алып келеді. Саяси ойлардың негізін салушылар Платон мен Аристотель пікірлерінде саясат адамдарды басқару ретінде анықталынады. Осыған байланысты олардың еңбектерінде мемлекеттік басқарудың формаларына талдау жасалынып, оның

түрлері бөліп көрсетіліп, оларға салыстырмалы талдау жүргізіліп, ежелгі гректік полистің (қала-мемлекеттер) саяси өмірінің және осы полистің азаматтары – ерікті адамдардың мемлекеттік басқарудағы саяси іс-әрекеттерінің, барлық негізгі аспектілері қарастырылған.

Екіншіден, азаматтардың мемлекеттік биліктің қалыптасуы мен қызмет атқаруының және мемлекеттік құрылыс пен қоғамды басқарудың формаларын анықтауға, басқарудың тиімді әдістері мен амалдарын білуге, оның шешімдері мен акцияларының заңдылығын мойындауға қатысуын көрсетеді.

Сондықтан, азаматтардың мемлекеттің қалыптасуы мен қызмет атқару процесінде осы билікті өз мүдделерін жүзеге асыру мақсатында қолдануы саясаттың, саяси іс-әрекеттің ядросы болып табылады. Демек саясаттың ықпалды, белсенді бастапқы элементі – саясатта тек өз мүддесін ғана емес, сонымен қатар өзінің жасампаздық потенциалы мен еркін жүзеге асырушы субъекті. Саясатта өз қажеттіліктері мен мүдделері бар нақты өмір сүріп отырған адамдар өздерінің іс-әрекеттерін жүзеге асырады. Яғни, саясаттың белгілі бір субъектілігін айтуға болады, өйткені ол адам әрекетінің нәтижесі. Саясаттың күрделілігі мен қайшылығы – оның ашықтығы мен екіжүзділігі, моральдығы мен биморальдығы, адамгершілігі мен қатыгездігі, күші, мақсаттылығы мен әлсіздігі, шарасыздығы – осынау сипаттардың бәрі саясат субъектісі ретіндегі адамға тән және барлық адамдар қоғамдастығының элеуметтік-мәдени даму деңгейін көрсетеді.

Үшіншіден, мемлекеттік шешімдер, мемлекет пен саяси қатынастардың басқа да субъектілерінің акциялары, олардың қоғамдық өмірдің әр түрлі аспектілеріне ықпалын талдау мен бағалау және оларға ықпал ету мақсатында оларды тиісінше реттеуді көрсетеді. Мемлекеттік биліктің, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың қабылдаған барлық құжаттары саяси мазмұнға ие болғандықтан, олар да саяси шынайылықтың, саясаттың элементтері болып табылады.

Төртіншіден, басқару өнерін, керекті нәтижелерге қол жеткізуді, осы іске қажетті ресурстарды (материалдық-заттай және рухани) жұмылдыра білу қабілеті мен билік өкілеттіктерін қолдана білуді, оларды кеңейтуге қол жеткізуді, билік өкілеттіктерін іске асыруда мейлінше тиімді күштер мен әдістерді анықтауды, басқару мәдениетін көрсетеді. Саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар тарапынан биліктің саясаты мен іс-әрекетіне өзгерістер енгізу мақсатында оған қысым жасау өнерін және қажетті жағдайда билікті алмастыруды білдіреді.

Шынайы саяси тәжірибе айлакерлік, ептілік, өз мақсатын жасыра білу, моральдық релятивизм, өз әрекетін қажетінше ақғай алу секілді белгілі бір моральдық аспектілерді де қамтиды және түптеп келгенде осының бәрі "саясат" ұғымына енеді. Саясаттың бұл аспектілері адамдар санасында "Саясат лас тірлік" деген формуладан көрініс табады.

Қорыта айтқанда, саясат адамдардың мінез – құлқы мен әрекеттеріне ықпал ететін және биліктің қалыптасуы мен қызмет ету мәселелеріне қатысты әлеуметтік қатынастар, көзқарастар, принциптер, бағдарлар мен коммуникациялар әлемі. Билік – саясаттың негізі, өзегі және құралы. Саясат биліктің арқасында ғана жүзеге асып, қоғам өміріндегі ұйымдастырушы және бағыттаушы күшке айнала алады. Сонымен қатар саясат қоғамның саяси сферасындағы саясат субъектілерінің іс-әрекетін де қамтиды.

Саясат субъектілері болып мыналар табылады:

1) жеке адам, индивид. Саясат субъектісі ретінде көріну үшін индивид әлеуметтік белсенділік пен бостандық сияқты тұлғалық қасиеттерге ие болуы шарт және осы қасиеттер индивидке өз субъектілігін танытуға мүмкіндік береді. Индивид әлеуметтік белсенділігінің арқасында өз мүдделерін айқындап, оларды саяси сфераға бағыттайды, яғни саяси белсенді субъектіге айналады, ал бостандығы оның әрекетіне дербестік береді;

2) Әлеуметтік топтар – адамдардың ассоциативті қоғамдастықтары, саяси қатынастардың ең тиімді әрекет етуші субъектісі. Әлеуметтік топтар көлеміне қарай (кіші, орташа, үлкен), ассоциациялардың тұрақтылығы мен ұзақтылығы, ТОП элементтері арасындағы байланыстың қарқындылығы мен әлсіздігі, ұйымдық құрылымы және т.б ерекшеліктері бойынша ажыратылады. Әлеуметтік топтарға мыналарды жатқызуға болады: таптар; дәрежелік, жыныстық және жас ерекшеліктік, этникалық, кәсіби және басқа топтар; мүдде бірлігіне байланысты пайда болатын тұрақты және уақытша ассоциациялар. Бірақ әлеуметтік топтар – біршама аморфты құрылым. Ұйым оның әрекетіне бірізділік пен тиімділік береді және осының арқасында әлеуметтік топ саясаттың субъектісіне айналады;

3) Мемлекеттік билік. Қоғам, мемлекет қалыптастырған басқару органы – саясаттың ең әрекетшіл субъектісі. Мемлекеттік билік мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын, әлеуметтік басымдылығын айқындап, ресурстарды бөліп, әлеуметтік өмірдің негізгі аспектілерін бақылайды. Осы негізде ол адамзаттың қоғамдық өмірінің нормаларын жасақтап, оны адамдар өміріне ендіреді және оның орындалуын бақылай отырып осы істерге қажетті мәжбүр ету функциясына иелік етеді. Өз мүдделерінің үстемдігін қамтамасыз ету үшін саяси қатынастардың субъектілеріне мемлекеттік биліктің қалыптасуы мен қызметіне ықпал тигізу өте маңызды. Саясат субъектілерінің мемлекеттік билікке өз ықпалын тигізуге талаптануы – саясаттың мәнді аспектісі;

4) Саяси элита. Бұл қоғамның ең саяси белсенді бөлігі. Оған саясатқа және саяси қызметке өздерін кәсіби түрде бағыштаған және осы іске өз күш-жігері мен уақытының басым бөлігін жұмсайтын адамдар кіреді. Әлеуметтік саяси элита біртекті емес, оған әр түрлі әлеуметтік топтардың әлеуметтік белсенді өкілдері кіреді. Бұқарадан саяси элитаны өте жоғары әлеуметтік және саяси белсенділігі, саяси іс-әрекетте пайдаланылатын форма, әдістер, құралдардың барлық ресурстарын қолдану арқылы саяси

мәдениетті мазмұнды түрде игеруге талаптануы ерекшелен түріді. Мемлекеттік билік, оның саясаты, оны іске асырудағы жетістіктер мен сәтсіздіктер қоғамдағы саяси элиталардың күрес объектісі. Бұқарамен байланыс, оның саяси сезіміне көңіл бөлу, әлеуметтік жүріс-тұрысқа әсер ету – міне бұның бәрі саяси элитаның билік жолындағы күресінің құралдары болып табылады.

Саясат субъектісі ретінде мемлекет (сыртқы саясат шеңберінде, сондай-ақ әлеуметтік өмірдің қандай да болмасын түбірлі бағдарламаларын шешуде және іске асыруда); өздерінің жеке және аймақтық мүдделерін қорғайтын мемлекеттің құрамдас бөліктері; мемлекеттік биліктің құрамы мен саясатын өзгерту мақсатында оған ықпал ететін саяси партиялар және бірінші кезекке қандай да болмасын өзекті, өмірлік маңызды мәселені қойып, билікке бұқаралық қысым жасауды ұйымдастыратын қоғамдық-саяси қозғалыстар да көрінеді. Сондықтан да саясат – көп түрлі субъектілер әлемі.

Саясаттың осындай ерекшеліктерін ескере отырып, М. Вебер былай деп жазады: "...саясат ұғымы кең мағыналы және дербес басшылық әрекеттердің барлық түрлерін қамтиды". Бұл фразыдағы "...дербес басшылық әрекеттердің барлық түрлерін қамтиды" деген соңғы сөйлемге аса назар аударар болсақ, М. Вебердің пікірі бойынша саясаттың мәні дербес басшылық, дербес басқару дегенге саяды. Осы «дербестік» саясат субъектісіне тән ерекшелік, себебі субъект өз саясатын өзі жасақтайды және оны жүзеге асыру мақсатында басшылық жасайды.

Саясаттың өзіне тән басты ерекшелігі – оның субъектілігі және оның субъектіге тәуелділігі мен онымен анықталынуы. Субъектілік – саясаттың шынайы факторы. Ол саяси процестер мен жағдайларға көпварианттылық, субъективті өзіндік сипат береді, олардың субъектінің жасампаздық әлеуетіне, оған тән ерік-жігерлік қасиетке, әлеуметтік белсенділігіне және әлеуметтік жауапкершілік дәрежесіне тәуелділігін сипаттайды. Сондықтан,

субъектілік әлеуметтік оқиғалардың, әлеуметтік уақыттың тарихи аралығының, жеке әрекеттердің, өмірлік мағынаға ие шешімдердің, олардың қорытындыларын, нәтижелерін және т.б белгілеуде қолданылады.

Саясаттың маңызды екінші компоненті адамзаттың саяси тәжірибесі болып табылады.

Өркениеттің дамуымен саяси сахна едәуір кеңейіп, саяси тенденциялар көп бейнелі болып, рөлдер күрделене бастады. Осының нәтижесінде адамзат аса мол саяси тәжірибе жинақтады. Осы тәжірибе өзінің барлық құрылымдық элементтерімен бірге адамзаттың саяси мәдениетінде, ұрпақтан-ұрпаққа мұраға беріліп отыратын, бір елден екінші елге таралатын саяси партиялар, идеяларда, акцияларда, әрекеттерде жинақталып қорытылған және көрініс тапқан. Саяси тәжірибенің кристаллизациялануы саясаттың барлық негізгі компоненттерінің пайда болуына және дамуына алып келді.

Біз жоғарыда саясаттың басты, әрекетшіл компоненті оны жасаушы субъектінің мәнін қарастырдық. Дегенмен, субъект оған интериоризациялау (лат. interior – ішкі), яғни адамзаттың тарихи қалыптасқан саяси тәжірибесі, оны игеру, оның элементтерін қазіргі ұрпақтардың, қазіргі әлеуметтік топтардың саяси тәжірибелерінің мәселелеріне сәйкес жаңашаландыру, тәжірибені олардың саяси іс-әрекетіне қажетті психикалық қабылдау, саяси приоритет, дағды элементіне айналдыру негізінде ғана айналады. Саяси тәжірибені игеру мен пайдаланудың негізгі мәселесі – оның уақыт пен кеңістіктегі субъектіден субъектіге берілуі. Саяси идеяларды, теорияларды, көзқарастарды, принциптерді құратын, тәжірибені сөздер, ұғымдар мен терминдер көмегімен адамзат санасына сіңіретін саяси ой саяси тәжірибенің трансляциялық формасы. Саяси идеялар саяси ойдың орталық элементтері болып табылады.

Саяси идея – шоғырланған (концентрацияланған) саяси ой. Ол, сонымен қатар практикада базалық саяси элемент ретінде іске асуыменде мәнді. Идея ұғымнан жоғары, өйткені идеяда

ұтым нақтылықпен бірлікте көрініс табады деп Гегель жайдан-жай айтпаса керек. Міне, осы саяси нақтылықпен байланыс саяси идеяны саяси тәжірибенің шығармашылық элементі ететіндіктен оның ойды саясаттың шығармашылық элементі деп есептеуге болды. Саяси идеяның саясат субъектілерінің өте қажетті мүдделерімен байланысы, сондай-ақ осы процесте идеяларды өңдеп іске асыру және реттеу процесі саяси идеяға күш, өміршеңдік, динамика береді.

Саяси идеяларды жүйелі түрде жасақтау саяси практиканың концептуалды негізін анықтауға мүмкіндік беретін, стратегиялық мақсатын анықтайтын, стратегияның тактикасын түйістіретін, бағындыратын саяси теориялар есебінен жүргізіледі. Саяси идеялар, теориялар, концепциялар саясат субъектілері ретіндегі адамдар санасын жандандырады және жеткілікті деңгейде олардың саяси жүріс-тұрысқа ықпал етуші саяси көзқарастарының мәнді компоненттері ретінде көрінеді. Карл Маркс айтқандай: "...теория бұқараны билеп ала салысымен-ақ, материалдық күшке айналады".

Саяси идеялар, теориялар, концепциялар саясат құрылымы мен саяси практиканың рационалды аспектілері болып саналады. Бұл рационалды аспект ғылыми білімдер жүйесі түрінде танылып көрінуі мүмкін. Осы білімдер негізінде бүкіл саясатты, оның барлық құрылымдық элементтерін, саясат субъектілерінің саяси мәдениетін көтеруде, олардың саяси жүріс-тұрысына саналы түрде ықпал етуде, қызмет атқарып отырған саяси мәдениетті демократияландыруда, демократияны кең көлемде институциаландыруды іске асыруда, институттардың, формалардың, жүріс- тұрыс акцияларының идеалды моделдерін анықтауда ұтымды пайдалануға болады және оларды саяси сфераға енгізу негізінде саясатты және оның құрылымдық элементтерін жетілдіре түсуге болады.

Алайда, саясаттың, саяси практиканың "ахилл өкпесі" тәрізді осал тұстары да бар. Ол субъектілік. Бұл субъектілік ешқандай рационалды өлшемге сыймайды, ол саясат пен саяси практикаға

субъектілік даралық пен ситуативтілік беретін қайталанбас сәтке ие. Сондықтан саясат өнер деп те есептелінеді. Өйткені саясат – жасампаздық сферасы, онда тек білім ғана емес, сонымен бірге қиял, субъектінің интуициясы, оның өз бетінше шешім қабылдай алу қабілеті, еркі, субъектінің батылдығы, төтенше жағдайларға кіре білу ептілігі және одан шыға білу қабілеті іске асады. Міне, осының бәрі саяси іс-әрекетті шығармашылық процеске, өнерге айналдырады.

Саясаттың құрылымдық элементтеріне бүкіл мемлекеттік аппарат пен оның ұйымдарының формалары, әрекет ету әдістері мен оған пайдаланатын күш-құралдар кіреді. Аппарат басқару ісін кәсіби тұрғыда жүргізуі қажет. Басқару аппаратының маңызды мәселелері – басқару объектісін, оның жағдайын, даму тенденцияларын білу. Бұл билік шешімдерін жоғары басқарушылық нәтижесіне жеткізу үшін қажет.

Мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы – мемлекеттік құндылықтар негізінде Қазақ елінің экономикалық, саяси, рухани тәуелсіздігін, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жердің біртұтастығын мәңгі сақтауға, жер мен жер қойнауы байлығын (Мемлекеттік байлығын) тек халық игілігіне жұмсап, жұртының әлеуметтік жағдайын үнемі жақсартып отыруға мемлекетті міндеттеу. Әркімнің азаматтық құқығының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етпейінше, заң алдындағы бәріне бірдей жауаптылық болмайынша ел ішінде дұрыс түсіністік болмайды.

Қазақстан Республикасы жалпыға бірдей ортақ территория, бір ғана азаматтық, жалпыға бірдей жоғары билік, жалпыға бірдей құқық жүйесі мен жалпыға бірдей бір ғана мемлекеттік тіл негізінде дамитын болады.

Қазақ халқы қашанда қазақ жерінде өмір сүріп жатқан орыс, украин, өзбек, қырғыз, түрікмен, неміс, әзірбайжан, ұйғыр, татар, тәжік, қарақалпақ, шешен және басқа да этностық топтардың тіліне, дініне, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрметпен және төзімділікпен қараған. Бүгінгі күні де өз елінде басым көпшілікке айналған қазақ ұлты елдегі этносаралық және дінаралық бірлікті

сақтауды өзінің басты міндеті санайды. Мемлекет пен оның негізі болып табылатын қазақ ұлты барлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндіктерінің қамтамасыз етілуінің кешілі болып табылады. Қазақ жерінде тұрып жатқан этностық топтар мемлекеттің және біртұтас азаматтық қауымдастықтың бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік тілді білу – әрбір азаматтың міндеті. Мемлекеттің басты міндеті азаматтарға мемлекеттік тілдің маңызын жан-жақты түсіндіре отырып, оның қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуына қажеттілік тудыру.

Осы ұстанымдарды іске асыру мақсатында алдағы жылдары мемлекет:

1) мемлекеттік саясатты құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және білім беру, т.б. бағдарламаларымен тығыз байланыста кешенді түрде жүзеге асыруды;

2) нәсіліне, этникалық тобына, тіліне, діни сеніміне, сондай-ақ әлеуметтік топтар мен қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігін қамтамасыз етуді;

3) мемлекеттік қауіпсіздікке қатер төндіруге, біртұтас мемлекет пен қоғамды жікке бөлуге, этносаралық және діни алауыздықты, өшпенділік пен араздықты өршітуге бағытталған әрекеттерге қатаң тыйым салып, тосқауыл қоюды;

4) мемлекет пен қоғамның ақпараттық тәуелсіздігіне қол жеткізуді, еліміздің өзіндік ақпараттық-мәдени кеңістігін құруды, өзге елдердің еліміздегі қоғамдық пікірді қалыптастыруына жол бермеуді;

5) еліміздің басқа да түрік мемлекеттерімен бірдей болашақталатын әліпбиіне көшу тұрғысындағы қоғамдық талқыларды жүргізіп, осыған қажетті дайындықтарды жасауды;

6) этностық немесе діни ерекшеліктерге негізделген саяси партиялардың ел тұтастығына қарсы жұмыс жасап, осы мақсатта шетелден қаржыланағын қоғамдық және діни ұйымдардың жұмысына заң арқылы тыйым салуды;

7) Қазақстан халқы ассамблеясына берілген қажетсіз әрі заңсыз өкілеттіктерді шектеу және оның жұмысының жалпыға бірдей конституциялық ережелерге сай болуын қамтамасыз ететін тиісті құжаттарды қабылдауды;

8) Қазақстан Республикасы шет мемлекеттерде тұратын қазақ диаспорасының құқықтары мен мүдделерін қорғау, қазақ тілін, мәдениетін, мемлекеттік дәстүрлерін сақтау мен дамытудағы істеріне қолдау көрсетуді қолға алады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басты мақсаты – байырғы қазақ жерінде құрылған мемлекеттік мемлекетті сақтау және нығайту:

1) осы мақсатта: барша азаматтарды қазақ ұлтының маңына топтастыру, тәуелсіздігіміз бен егемендігіміздің баянды болуын қамтамасыз ету;

2) қазақ ұлтының тарихи жадын, тілін, ділін сақтау мен жан-жақты дамыту, оның жаһандану заманындағы өзіндік мемлекеттік-мәдени ерекшелігін қалыптастыру және әлемге паш ету;

3) елімізде тұрып жатқан барлық этностық топтардың өз тілі мен мәдениетінің дамуына шек қоймай, олардың барлығының ортақ Отаны - Қазақстан Республикасына адал қызмет етіп, оған деген сенімін арттыру қажет.

Бұл үшін мемлекет пен қоғам өздерінің ерік-жігерін төмендегі негізгі міндеттерді атқару үшін жұмылдыруы керек:

1) Қазақстан Республикасы қоғамының негізгі мемлекеттік құндылықтарын қалыптастыру және дамыту;

2) қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік тіл деңгейіне жеткізіп, оны барша Қазақстан азаматтарын біріктіретін факторға айналдыру;

3) этносаралық және дінаралық саладағы мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара тиімді және пәрменді қарым-қатынастарын қамтамасыз ететін жүйені қалыптастыру.

Саяси – құқықтық салада:

1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік, дербес, құқықтық мемлекет құруды мақсат еткен ел ретінде саяси және құқықтық сипаларда өзінің мемлекеттік саясатының мынадай негізгі бағыттарын жүзеге асырады:

2) еліміздің барлық азаматтары мойындаған, негізінде өңдерінің ортақ қазақ мемлекеттігіне қатыстылығын терең сезінетін мемлекеттік құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

3) ел азаматтарының тарихи жадын және мемлекеттік, мемлекетшілдік санасын қалыптастыру үшін «тарихи ақтаңдақтарға», әсіресе Ресей отарлауы, 1920–1940 жылдардағы аппаратшылық, 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргіндер мен Қазақстанға басқа ұлт өкілдерін зорлап депортациялау, ұлт-азаттық қозғалыстар мен ұйымдарға және 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне саяси және заңдық баға беру, ортақ тарихпен тәрбиелеу мақсатында арнайы мемлекеттік мұражайлар мен ескерткіштер ашу;

4) Қазақстанда мемлекеттік құндылықтарды қалыптастыру, отаршылдық зардаптарынан, рухани бодандықтан арылу жұмыстарын пәрменділікпен жүргізу;

5) мемлекетіміздің негізін қалаған, ұлтымыздың тәуелсіздігі үшін аянбай күрескен тарихи тұлғалардың аттарын мәңгілік қалдыру бағытында мемлекеттік және аймақтық бағдарламалар қабылдау, саяси-идеологиялық мақсатпен орнатылған, қазақ тарихына қатысы жоқ ескерткіштер мен атауларды өзгерту;

6) мемлекеттің тұрақтылығы мен ұлт бірлігін қамтамасыз ету үшін сыбайлас жемқорлықтың салдарымен емес, себептерімен бүкілхалықтық күрес жүргізу;

7) еліміздегі сот және құқыққорғау жүйелерін реформалау, оларды мемлекет басшысына тәуелділіктен құтқару, шынайы дербестігін орнықтыру;

8) елдегі этносаралық қатынастарды реттейтін заңнамаларды осы тұжырымдамаға сәйкестендіру;

9) елді мекендер мен жердің тарихи атауларын қайтару жұмысының тиянақты жүргізілуі үшін ономастика салаларында кешенді республикалық және аймақтық бағдарламалар қабылдау, оны мемлекеттің мемлекеттік мүддесі тұрғысынан республикалық деңгейде шешу;

10) қоғамдағы демократиялық

5 МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ПЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ: ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ МЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ МЕХАНИЗМІ

Мемлекеттік билік - бұл қабілеттілік немесе мемлекеттің әрбір көмекті, арнайы құралдар мен әдістерді қолдану арқылы қоғамдағы саяси басшылықты іске асыруы. Алайда анықтамада барлық белгіленген белгілер толық баяндалады деуге болмайды. Біздің ойымызша Мемлекеттік биліктің анықтамасын қарапайым түрде қарауға болады. Мемлекеттік билік, кез келген билік сияқты. Бұл біреудің тәртібіне әсер ету, біреуге жарлық беру немесе басқару, біреуді өзінің ықпалына көндіру.

Мемлекеттік билік әлеуметтік биліктің бір түрі, яғни қоғамдық билік, бұл адамдар арасындағы қатынастан туындайды және көрінеді. Мемлекеттік билік, әлеуметтік басқарудың бір түрі ретінде қарастырылады. Мемлекеттік билік бұл жария билік, яғни билік жеке билік емес, жалпы халықтық сипаттағы билік. Бұл толық қоғамға және оның барлық мүшелері мен олардың бірлестіктеріне қатысты. Ғылыми және оқулық әдебиеттерде мемлекеттік және жария билікті бірдей қарайды, назар аударады. Жария билік мемлекеттік билік болып саналады. Сонымен бірге мемлекеттік билік жария теориялық билік: мысалы алғашқы адам баласының қоғамындағы билік жалпыхалықтық сипатқа ие болды. Барлық қоғамға және оның барлық мүшелеріне билік жасады.

Мемлекеттік билік бұл жария билік, қоғамға басшылық жасау кезінде басқару қабілеттілігін және мүмкіндігін ескере отырып, оларды іске асыру үшін мемлекеттік билік жағдай жасайды.

Мемлекеттік билік бұл жариялық билік. Ғылыми әдебиеттерде мемлекеттік билік пен саяси биліктің бөліктері қарастырылады, алғашқы кезде билік мемлекеттік болды, көпке дейін жалғасты. Бұның себебі мемлекеттік билік тарихи жағынан бірінші саяси ұйым болып құрылды, көп уақытқа дейін жалғыз өмір сүрді. Қоғамның біртіндеп дамуына байланысты басқа саяси

ұйымдар (мысалы, саяси партиялар) құрыла бастады, сонымен бірге олар саяси билікті иеленді. Сондықтан, мемлекеттік және саяси билік бір болып есептелмейді. Алайда, мемлекеттік және саяси биліктің арасындағы мәселелердің арақатынасын есептемегенде мемлекеттік билік саяси билік болып қалады. Осымен байланысты оның қоғамдағы саяси басқаруды іске асырудағы қабілеттілігі мен мүмкіншілігін қарастыру керек.

Мемлекеттік билік бұл легитимдік билік. Мемлекеттік билік легитимдігі дегеніміз, мемлекеттің жариялығын барлық халықтың мойындауы.

Мемлекеттік билік қоғамның билігі болып саналады, қоғам, халық оны осылай қабылдауы керек, оның билігіне бағынады және орындайды. Егер қоғам мемлекеттік биліктің болуын мойындамаса, қабыл алмаса, одан әрі өмір сүруге құқығы жоқ, басқа билікпен ауыстыру керек. Сондықтан мемлекеттік билікке халықтың несиелік сенімі болуы шарт. Халықтан несие сенімін алудан басқа, мемлекеттік биліктің бірнеше түрі болуы мүмкін. Саясаткер М.Бебердің айтқанынан басқа, мемлекеттік биліктің жиі айтылып жүрген: дәстүрлі, харизматикалық және рационалдық үш түрі қарастырылады.

Дәстүрлі легитимдеу қоғамға, кей жағдайда дінге, жеке тұлғаға, тайпаларға, сословиелерге әсер ететін салт-дәстүрге байланысты.

Харизматикалық легитимдеу, осының арқасында мемлекеттік қайраткер ұлттың символына айналады, халықтың жан-жақты қолдауына ие болады. Радикалдық легитимдеу ақыл-парасатқа сүйенеді. Мемлекеттік билікті халық қолдайды. Легитимдеудің негізі ұран емес, билік етуші мемлекеттің үрдісі, оның практикалық жұмысы, қоғам игілігіне бағытталғандығы:

1) Мемлекеттік билік бұл аймақтық билік. Елдің аумақтық шекарасында мемлекет ретінде қызмет етеді. Сонымен бірге орталық үкімет елдің барлық аймақтық шекарасында қызмет етеді, Аймаққа сәйкес соның аумақтық шекарасында (мысалы аймақтық федералдық аумақ шекарасында), жергілікті әкімшілік аумақ (қала, аудан т.с.с) құрылған.

2) Мемлекеттік билік бұл егемендік билік, билік егемендікті нөлестен. Егеменді мемлекеттік билік елді басқарады және халықаралық сахнаға бағынышты емес. Мемлекеттік билік әлеуметтік биліктің кез келгенінен жоғары тұрады, тек белгілі бір жағдайда (мысалы қолданыстағы заңдарды бұзған жағдайда) бұл билікке тыйым салынуы мүмкін. Сонымен қатар мемлекеттік биліктің үстінен қараушылық көрінуі мүмкін, тек сол ғана сол аумақта тұратын, өмір сүретін халықтарға, барлық аумақ бойынша өзінің билігін таратады. Мемлекеттің билік тәуелсіз, құқығы дербес, халықаралық сипаттағы мәселелерді өзі шешеді.

3) Мемлекеттік билік әртүрлі көмек арқылы шешетін билік, сонымен бірге арнайы құралдар мен әдістерге байланысты болады. Бұл: бедел, дәстүр, идеология, діни насихат, ынталандыру т.с. болуы мүмкін. Сонымен бірге мемлекеттік биліктің өзінің мүмкіндігі мен белгілі құралы және әдісі бар, осындай әдістердің бірде бірі әлеуметтік билікте жоқ. Мемлекеттік билікті іске асыратын оның құралына жататын мемлекеттік органдар өзінің бірлігінде мемлекеттік аппарат құрады және мемлекет бекіткен позитивтік құқық нормасы тәртіп ережесі бар. Мемлекеттік билік іске асыратын маманданған әдіс түріне: мемлекеттің еріксіз мәжбүрлеуін, басып-жаншуды және т.б. жатқызуға болады. Мемлекеттік билеудің белгілерін қарастырып, оның түсінігін талдау арқылы төмендегідей қысқаша қорытынды жасауға болады.

Мемлекеттің құрылымдық мәселесі – бұл ішкі элементтер құрылымының мәселесі.

Мемлекеттің, үкіметтің басқару құрылымын жалпы қарау арқылы, үкіметтің жалпы басқару құрылымын қарастырамыз. Бұл жағдайда біз үкіметтің әркезде қозғалыста жұмыс істейтініне назар аударамыз. Ғылыми әдебиетте үкіметтің еркіндік және күш сияқты әлеуметтік элементін бөліп қарайды. Еркіндік билікті айқындайтын элемент. Билік жүргізу өзінің ойын жүзеге асыру, оны біреуге мәжбүрлеп істеті, біреуді оған бағындыру. Мемлекеттік билік бұл да біреудің ойы. Бұл кез келген халықтың ойы, кейбір кез келген әлеуметтік топтың ойы.

Билік құрылымының екінші элементі күш. Күш ойды қуаттандырады, оны жүзеге асыруға жағдай жасайды. Күшсіз ой іске асыруға қабілетсіз болады. Басқаның тәртібіне әсер етуге жағдай жасай алмайды. Биліктің күші оның абыройында, идеологиялық ықпал жасауында, сондай-ақ ол еріксіз көндіреді, мәжбүрлейді. Мемлекеттік үстемдіктің күші ашық көрінеді, мемлекеттік органдар армия, полиция т.с.с. арқылы еріксіз көндіруде. Егер мемлекеттік үстемдік ету кезінде абыройы аз болса, мемлекеттік ойды іске асыруды, мемлекеттік органдар ережелермен еріксіз көндіру арқылы жүзеге асырады. Мемлекеттік, соның негізіндегі билік субъектісі, билік объектісі, үстемдік қатынасы, үстемдікті іске асыру құралдары мен әдістері. Мемлекеттік билік субъектісі бұл мемлекеттік билікті қолдаушы, мемлекеттік билік кімге тиісті, сол. Әдетте мемлекеттік үстемдіктің сапалық субъектісіне әлеуметтік және ұлттық топтар мен барлық халық бірлігі, яғни мемлекет кімнің мүддесін білдіреді және қорғайды солар жатады. Сонымен бірге кейде мемлекет түгелдей не олардың органдары мемлекеттік биліктің сапасы ретінде қарастырылады.

Мемлекетті басқару, мемлекеттік билікті жүзеге асыру саяси, әкімшілік, экономикалық, ұйымдастырушылық ақпараттық, идеологиялық, не соңында әскери тәсілдер арқылы іске асырылады. Мемлекеттік билікті басқару құрылымы бірнеше кездерде қолданылады. Мысалы. Германия үкіметінің қызметінде «Заңдарды орындау» және «Билікті ұйымдастыру», билікті орындаушы үкімет бөлінеді.

Ғылыми әдебиеттерде «Әкімшілік билік», «Әкімшілік құқықтық» биліктің көптеген түсініктері кездеседі. «Әкімшілік билік» заңға жанама ретінде әкімшілік құқыққа байланысты. Әкімшілік билік заңға бағынады. «Әкімшілік-мемлекеттік биліктің» барлық жүйесі өкілді органдармен байланысты. Биліктің заңшығарушы, орындаушы және сот үш тармағы бар. Мемлекетті басқару әдісіне әсер ететін басқа да механизмдерді пайдалануға болады. «Саяси билік» түсінігінің ең негізгісі жалпы

алғанда мемлекеттік билік. Саяси мемлекеттік билік белгілі үш тәртіп арқылы қызмет етеді. Басқа тәртіп мағынадағы қазіргі түсінігі басқарушы билік органдары сонымен бірге мемлекеттік емес (қоғамдық) ұйымдарды, партияларды білдіреді. Саяси билікті түсіндіру кезінде жеке нақты институт ұйым арқылы нақты іс көрсетіледі, соңғысы мемлекеттік биліктің беделі арқылы адамдардың тәжірибесі мен қызметіне әсер ететінін білдіреді.

Тәртіпті белгілеу мемлекеттің символикалық идеялогиясын сақтау, мүдделілікті, дәстүр мен әлеуметтік құндылықтарды сақтау және қорғау. Кейде, мысалы әкімшілік мемлекеттік басқару кезінде, саяси билік пен байланысты басқарушы басқарудың белгілерімен стратегиялық шешім дайындайды.

Саяси билік нақты белгілер арқылы сипатталады; оның қайнар бұлағы – халық; негізгі субъектісі – мемлекет, оның органдары (институттары) оның қызметі, әлеуметтік топтар қоғамдық қатынастар. Бір мемлекеттік саяси билікті оның қызметін ыдыратып жіберу, екі өзара тарихи байланысты мүддені шешуге жағдай жасайды. Қоғамды басқару мүддесі үшін билік сүйгіштіктен сақтайды және мемлекеттік машинаның барлығының өз қолында болушылығына жағдай жасалынады.

Әкімшілік билік атқарушы биліктің бар түрінің түсінігін білдіреді, билікті басқарушы субъектімен теңестіреді. Қызметі екі жақты: құқықтық норманы орындайды және басқару қызметшісінің шешімін мемлекеттік өкілдік арқылы орындайды. Әкімшілік биліктің субъектісі әкімшілік институт мемлекет ретінде, және оның апараты (мемлекеттің қызмет органдары) мемлекеттік атқарушы атынан тапсырманы орындайды, саяси органның өкілі емес. Әкімшілік биліктің саяси әсері : нақты индивидум, кіші әлеуметтік топтар, еңбек ұжымдары, жеке аралық және топтық қатынастар. Әр түрлі еңбек процестері және басқа қоғамдық іс және тәртіп.

Белгілі типке жататын әкімшілік моделі: билеп төстеуге құмарлық, орындауға нәрмен, бұйрық беру; бағыныштыға әсер

етудің негізгі құралдары; билік алдында адамның жауап беруі үшін еріксіз көндіру (ашық әлде нақты мүмкіндік).

Еріксіз көндіру, санкция билікті іске асыру механизмнің толық емес бөлігі. Егер әкімшілік биліктің рөлі абсолюттік болса, онда басқа билеушіліктің дербестігі арта түседі, әкімшілік ету синдромы (демонизация) қалыптасады. Басқару субъектісі не басқаруға әсер ететін көп құралдар мен әдістер, командалық және репрессивтік санция қолданылады. Бұл ахуал бір жағынан биліктің қажеттілігін арттыруға ынталандыру үшін жағдай жасайды, әкімшілдік екінші жағынан заңсыздыққа немесе бақылаудың жоқтығына әкеледі. Сонымен бірге, мысалы шектеулі ресурстар бөлу т.с.с экономикалық дағдарыс кезінде мемлекеттік органдарға қиындықтар туғызуы мүмкін.

Командалық-әкімшілік билікті басқару үстемдік туғызады. Мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби және саяси мәдениеттік деңгейінің жоғарылығы да шығармашылық қызметтегі жаңа басқару технологияларын дұрыс пайдалануға жағдай жасайды.

Әкімшілік билік қалыпты жағдайда жұмыс істеу үшін:

1) Басқару жүйесі құрылымының сапалық жүйесінің қызметін және оның әсерін қалыпты сызып көрсету керек.

2) Атқарушы және заң шығарушы билік, сонымен бірге азаматтық қоғам басқа институттар тарапынан бақылауда болу керек.

Әкімшілік биліктің басқарылмалы проблемасы, бұл бюрократизмнің мәңгілік проблемасы. Мемлекетті басқарудағы бюрократизмнің салдарын азайту, ұйымдастырылған құқықтық, экономикалық, ақпараттық, отанды қорғаудағы мемлекеттік басқарудың негізгі формалары арқылы оны шешуге болады. Қоғамдық қарым-қатынасты мемлекеттік реттеу азаматтық қоғам арқылы бақыланады.

Қазіргі қоғамда экономикалық және ақпараттық мемлекеттік басқарудың рөлі артуда. Себебі мемлекет экономикалық процесс кезінде агент болып саналады. Саяси экономикалық саясатты адамдар арқылы, үстемдік ету заңды қызметімен іске асырады.

Экономикалық ынталандыру, ақша үстемдігі бұл мемлекеттің көрінбейтін қолдар ойыны және мүддесі, әкімшіліктің құқықтық еріксіз көндіруден көрінетін экономикалық билігінің күші қоғамдық субъектілердің материалдық мүддесіне әсер етеді. Экономикалық биліктің мемлекетке, оның тармақтары мен билікті басқару деңгейіне әсері қарама-қайшы. Материалдық ресурстар шектеулі болған жағдайда, игіліктің мөлшері меншіктің өз тобына жинақталынады.

Батыс өркениетінің дұрыс негізгі жолы мемлекетті экономикадан айыру, мемлекеттік билікті меншіктен айыру. Ағылшын философы және саясаткері К.Патрлердің қоғамдағы экономикалық биліктен сақтау және қорғау керек деуі кездейсоқтық емес. Экономикалық бүкіл биліктен сақтайтын негізгі құрал, саяси, құрал мемлекет, сондықтан, мемлекет экономикаға кіріспеу керек деген ойды толық алып тастау керек. Саяси биліктің жағымсыз жақтарын сонымен бірге оң бағалайды, негізгі жолы демократияны сақтап қалу, сонымен қатар ұстамдылық және қарама-қарсылық факторы экономикалық және саяси билікті басқаруға әсер ететін қажетті функциональдық жағдай және қарапайым жағдайлар болып саналады.

Бұқаралық ақпарат өте жоғары деңгейде дамуда. Біріншіден бұл салада жоғарғы деңгейдегі кәсіби кадрлар шоғырланған. Екіншіден, күшті техникалық құралдармен жабдықталған. Үшіншіден, адамдардың сана сезіміне, олардың ойына әсер ететін жұмыстар жасалуда, сол арқылы қоғамдық тәртіп пен оның қызметінің дамуына әсер ете отырып, тиімділігін арттырады. Бұқаралық ақпарат жабық түрдегі ұйым, оның мүшелерінің өзіне тән тәртіп жүйесі қалыптасқан, сонымен бірге тұтынушылармен қарым-қатынасты реттейтін телеақпарат сияқты құралдары бар, соның негізінде құралдар мен технологияларды пайдалану арқылы хабарлардың таралымын арттыруға болады. Бұқаралық ақпарат билігі қоғам мен оның мүшелерінің мүдде тәсілдерін қолдайды, белгіленген мемлекеттік нормаларды орындау үшін оны мәжбүрлеу белгісінде пайдалануы мүмкін.

Өмірдің өзі бір заңға сыймайтыны тәрізді, әрбір адамның өзінің ар-ұятына қарай жеке дара шешім қабылдайтын кездері де болады. Білім деңгейі сияқты сана биіктігі, ар ождан өлшемі осы айтылғандарға жауап бере алады. Қазіргі кездегі бұқаралық ақпарат құралдары білім және идеялар материалдық күшке айналуға XVIII ғасырдағы құқық зерттеуші, философ, экономист Шарль Луи Монтаскье (1689–1755): баспасөз қызметі полиция қызметіне ұқсас, адамдардың мұқтажы айтады, қиянат етушілерді, заңды бұзушыларды әшкерелейді, өнегелілікке тәрбиелейді, деп жазды. Сонымен, бұқаралық ақпарат құралдары елдің ішкі саяси идеялық бірлігін ұстап тұратын және сыртқы халықаралық аренада күрес жүргізетін супер құралдары болып саналады.

Сонымен:

1) Мемлекеттік билік кез келген құралдар арқылы қабілеттілік пен мүмкіндікті пайдалана отырып жүзеге асырылады.

2) Жалпы алғанда әсер етер мүмкіндігі мен қажеттілігі емес, біреудің тәртібіне, адамдар тәртібіне әсер етеді.

3) Сондықтан, мемлекет ісі жөніндегі кейбір мамандар жария билік ерекше жоғары билік деп есептейді.

4) Әлеуметтік біркелкі емес қоғамда саяси ұйымдардың қызметі кезінде қоғамның әртүрлі әлеуметтік топқа топтарға, сословиелерге, сперттарға т.с.с. бөлінуі мемлекеттік биліктің саяси сипат алу себебі болып саналады.

5) Сапалық сол не басқа мемлекеттік қайраткерлер арқылы іске асады. Мемлекеттік биліктің легитимділігі биліктің заңдылығын жорамалдайды. Мемлекеттік биліктің қалыптасуы, ұйымдастырылуы және қызметі елдегі әсер ететін заңдарға сәйкестікке сүйенеді. Заңдылықтары: конституция және басқа құқықтық нормативтік актілер.

6) Мемлекеттік биліктің құрылымын әртүрлі көзқараста және әртүрлі позицияда қарастыру керек. Бұл бізге мемлекеттік биліктен терең мағлұмат алуға жағдай жасайды, оның іске асыратын элементтерін білуге мүмкіндік туғызады.

7) Егер мемлекеттің билік құрылымын мемлекеттік биліктің динамикалық қызметіне байланысты қарастырсақ, келесі элементтерді белгілеуге болады.

Барлық мемлекеттің кең мағынада жаңа тарихында пайда болған белес, билікті бөлу ұстанымы болып саналады. Ол кезде жаңа пайда болған буржуазия оларды қоршаған монархтық дворяндар үстемдігіне қарсы күрес жүргізді. Себебі: ол дамуды тежеді, және оны қиындатты: осымен байланысты бірінші рет билікті бөлу ұстанымын ағылшын ғалымы Локко мен француз ғалымы Шарл Луи Монтаскье теориялық жағынан бөліп қарастырды. Сондықтан олардың аттары заңды түрде бірінші болып аталады. «Егер заңшығарушы және орындаушы бір адамның және мекеменің қолында болса, онда еркіндік болмайды деп қауіптенуге болады, монарх немесе сенат тирандық заңдарды шығара бастайды, тирандық жағдайда және оны қолдана бастайды. Егер сот билігі заңшығарушы және орындаушы биліктен бөлінбесе еркіндік болмайды» деп жазды олар.

Өткен жүзжылдықта әрбір елдің ерекшелігіне байланысты, билікті бөлу ұстанымы одан әрі дамыды. Уақыт сынынан өтіп, қазіргі уақытта көп елдердің конституциясында, билік құрылымында жоғарғы орын алады. Бұл ұстаным демократиялық: көп халықтың да, аз халықтың да, әртүрлі топтардың, ұлттардың және аймақтардың да мемлекеттік билігінде қолданылады.

Биліктің бөліну жағдайында халық өзінің өкілін жіберу арқылы мемлекеттік шешім қабылдауға, биліктің басым дамуына, немесе билікті тыюға ат салысады. Биліктің бөлінуі құқықтық мемлекетті қалыптастырудың алғы шарты, ең бастысы, заңның жоғарылығын пайдалану арқылы халықтың құқығын кеңейту және еркіндікті қамтамасыз ету болып саналады.

Қазақстан Республкасының Конституциясында билікті бөлу ұстанымы баянды етілген, бөлімнің 3-бабында:

1) Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық екендігі айтылады.

2) Бүкіл халықтық референдумда 1995 жылғы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің саяси жүйесінің жаңа архитектурасын қалыптастырды. Осы жылдан еліміздің саяси жүйесінде дамудың жаңа кезеңі басталды. Ал, еліміздің осы жылдардағы конституциялық дамуы оның іргелі негіздерінің беріктігін, өміршеңдігін, оны құраушы институттық құрылымдардың міндеттері мен басқару мүмкіндіктерінің дұрыс анықталғандығын дәлелдейді.

Ол жаңалықтар:

Ең алдымен, еліміздің саяси жүйесінде бұрын болмаған Президенттік институт, қос палаталы, кәсіби негізде жұмыс істейтін Парламент, көппартиялық, азаматтық қоғам институттары, Қазақстан халқы Ассамблеясы тәрізді принципті жаңа саяси құрылымдардың түзіліп, қалыптасуы және қызмет жасауы.

3) Ғылыми әдебиеттерде республика немесе монархия «басқару нысаны» деп есептеледі. Осылай атау әбден қалыптасқан, ғылыми ортада бекіген түсініктер. Ал «президенттік басқару нысаны» деген түсінікті Конституция авторларының төл шығармашылығы, қазақстандық конституциялық теориядағы ізденіс, басқару нысанын анықтаудың қазақстандық нұсқасы деп түсінген абзал. Бұған ресейлік белгілі мемлекеттанушы-ғалым В.Е.Чиркин кезінде назар аударып, уақыттың басқару формалары туралы түсініктерге өзгеріс енізетіндігін, Қазақстан Конституциясы «президенттік республика» деп ешқандай екіұштылықсыз, тура атайтындығын арнайы атап көрсеткен болатын.

Конституцияда президентализмнің демократия институты ретіндегі саяси жүйедегі орны, мәртебесі, өкілдіктері көрсетіліп, 40-шы бапта: «Президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституция мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі әрі кепілі», - деп нақты көрсетілген.

Саяси жүйенің құрамдас бөлігі болып табылатын Президенттік институттың қалыптасып, дамуы, оның бедел алуы ұзақ, күрделі процесс.

Ел Парламентінің 1995 жылғы Конституция және «Қазақстан Республикасы Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық Заңының негізінде жиырма жылдан астам уақыт ішіндегі белсенді заң шығарушылық, өкілді және саяси қызметінен белгілі бір тарихи-саяси демократиялық қорытындыларын шығаруға болады.

Біріншіден, Парламент негізгі саяси және әлеуметтік күштердің, ірі этнос өкілдерінің мүддесі тоғысқан, белсенді қызмет жасаушы коллегиялық органға айналып, маңызды мемлекеттік институт ретінде қалыптасты. Парламентсіз елімізде шынайы демократия, құқықтық мемлекет орнату мүмкін еместігіне бүкіл қоғамымыздың көзі жетті.

Екіншіден, конституционализм талаптарын сақтай отырып, өзінің сан-салалы заң шығарушылық қызметі арқылы Парламент заңдардың күрделі архитектурасын анықтап, бүкіл мемлекеттік құрылысты заңнамалық нығайтудың әлеуетті кепіліне айналды. Қазақстан Парламенті он бес жылда Конституция негізінде және оның қағидаттары мен талаптарына сәйкес қоғамдық қатынастардың түрлі салаларында жүзеге асыру және реттеу мақсатында 2 мыңға жуық заң қабылдап, еліміздің саяси экономикалық және әлеуметтік рухани жаңаруын заңнамалық тұрғыдан кешенді де түбегейлі қамтамасыз етті.

Үшіншіден, Парламент пен парламентаризмнің демократиялық және құқықтық-заңнамалық, бай танымдық, тәрбиелік ұлағатынан өткен депутаттар корпусы ұлттық элитаның қатарын, жоғарғы мемлекеттік органдарды жаңа, тың күшгермен толықтырудың жемісті саяси мектебіне айнала бастады деуге толық негіз бар.

Парламенттің нығаюымен бірге, парламентшілердің өздері де өсіп, саяси, демократиялық, интеллектуалдық құқықтық, рухани тұрғыдан толысып, кемелденді. Олар парламентаризм мектебі

аясында елдегі күрделі қоғамдық қатынастардың табиғатына үңіліп, зерделеп, ондағы қайшылықтарды, заңмен реттелмеген проблемаларды көріп, талдауды, елдегі кезек күттірмейтін, халықты алаңдатып отырған әлеуметтік-экономикалық, рухани өзекті мәселелерді Үкімет алдына қойып, шешілуін талап етуді игерді.

Конституцияны республиканың бүкіл аумағында ең жоғары заңдық күші бар және тікелей қолданылатын нормативтік-құқықтық акт деп жариялау құқықтық қорғау қызметінің тұжырымдамалық негіздерін айқындауға деген бұрынғы көзқарастарды түбегейлі түрде қайта қарауға мәжбүрлеген мүлде жаңа фактор болды. Негізгі Заң қабылданғаннан кейін қысқа мерзім ішінде Президенттің «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заң күші бар Жарлығы, «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы», «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заң күші бар жарлықтары, жаңа Қылмыстық кодексі, Қылмыстық іс жүргізу кодексі, Қылмыстық-атқару кодексі, «Адвокаттық қызмет туралы», «Нотариат туралы» және т.б. заңдар қабылданып, олар бірыңғай сот жүйесін құрудың, құқық қорғау органдарын және сот ісін жүргізу нысандарын реформалаудың, билікті заң көмегімен қамтамасыз етудің құқықтық негізін қалады.

2007 жылғы конституциялық реформа сот жүйесін одан әрі дамытудың жаңа көюкиегін ашты. Тұтқындауға санкцияны соттың беруі туралы норманың қабылдануы (16-бап) және қылмыстық істер бойынша анықтау мен алдын ала тергеудің сот пен прокуратурадан бөлек арнаулы органдарда іске асырылуы көзделген 84-баптың Негізгі Заңнан алып тасталуы сотқа дейінгі іс жүргізуде сот бақылауының шегін кеңейту туралы мәселе қоюға мүмкіндік берді.

4) Ата Заңымыздың үстемдігін және оның тікелей қолданылуын қамтамасыз ету, құқықтық жүйеде конституциялық бастауларды жүзеге асыру, адамның және азаматтың құқықтары

мен бостандықтары қорғалуын күшейту Конституциялық Кеңестің басты қызметі. Қазіргі таңда оның қорытынды шешімдеріндегі заңнаманы жетілдіру жөніндегі құқықтық позициялар мен ұсыныстарды уақытылы әрі толық жүзеге асыру республикада конституциялық заңдылықты қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі болып отыр.

Өзінің жыл сайынғы жолдауларында Конституциялық Кеңес елдегі конституциялық заңдылықтың жан-күйіне жалпы баға бере келе, өткен кезең аралығында қабылдаған шешімдеріндегі міндеттерінің орындалу барысына тоқталады. Аталған шешімдерінің орындалуына сараптама жасап, оларды одан әрі жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік органдар мен лауазым иелеріне тапсырмалар жүктейді. Сонымен қатар, заңнаманың конституциялық жолмен дамуына баға беріп, оның олқылықтарына назар аударып, оларды жетілдіру жөнінде өзінің ойларын ортаға салады. Конституциялық Кеңестің жолдауларында қарастырылған заңнамалық олқылықтарды түзету мақсатында көптеген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, құқықтық саясатта жаңаша бағыттар пайда болған кездерде жиі кездеседі. Біртұтас Мемлекеттік билікті заңшығарушы, атқарушы және сот жүйесіне бөлу арқылы олардың әрқайсысының орындау кезінде бір-бірінің жұмысына араласпау, кедергі келтірмеу басты міндеті. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

6 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік аппараты бүтіндік және күрделі жүйеде сипатталатын барлық белгілерден тұрады. Осылайша, ол дербес жүйе бола тұра, өз кезегінде бірнеше элементтерден тұрады. Бұдан басқа, мемлекеттік аппаратқа (бөлімшелер) құрылымдық элементтердің біртұтастылығы, ішкі келісушілік қасиеттері тән. Бұл қасиеттер өз кезегінде құрылымға ұйымшылдық және реттілікті береді. Егер жүйеде бір-бірімен байланысты біртұтастылықты құраушы элементтер көп болатын болса, онда Қазақстан Республикасының мемлекеттік аппараты дәл осындай жүйені қарастырады.

Сонымен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік аппараты-заңнамада бекітілген бірыңғай қағидалар мен билік бөлінісі негізінде құрылған және қажетті материалдық құндылықтармен қамтамасыз етілген мемлекеттік органдар жүйесі. Мемлекеттік аппарат билігі қарулы күштер мен түрлі күштеу құрылымдарына сүйенеді. Осындай біртұтас жүйеде мемлекеттік органдардың әртүрлі топтары мен тарамдары өзара қарым-қатынаста әрекет ету арқылы мемлекеттің жалпы міндеттері мен қызметін іске асырады.

Берілген анықтама 2 негізден тұрады.

Ең алдымен, мемлекеттік аппараттың құрылымы мемлекеттің функциялары мен тарихи дәстүрлер шеңберінде түзілген. Бұл мағынада мемлекеттің құрылым жүйесі объективті. Мемлекеттік ұйымды дамытуда заңдылықтарды есепке алусыз, өз бетімен жұмыс жасауға, құруға болмайды. Жаңа мемлекеттік органдарды құру кезінде және бұрынғы мемлекеттік органдарды реформалауда құрылған жүйеге сай емес сұрақтарды шешуде заң шығарушы еркіндікке ие емес. Бұл процессте субъективті факторлар да қатысады. Бұл жоспар бойынша объективті түрде мемлекеттік құрылымдар жүйесі Қазақстан Республикасы үшін тарихи дәстүрлерге оралу болып табылады. ҚР

Конституциясының 49 және 50-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті екі палатадан тұрады: Сенат және Мәжіліс. Орталықтандырылған демократиялық принцип бойынша құрылған Халық депутаттары кеңесінің орнына, қазіргі таңда жергілікті өкілетті органдар (облыстық, қалалық, т.б.) жүйесі қызмет етуде. Мемлекеттік органдар жүйесі мемлекеттік ұйымды жетілдіру жолында бірнеше методологиялық әдістерді істейді.

Мемлекеттік аппаратқа тиесілі жүйелілік басты негізі болып табылады.

Ол өз тағайындалуы, ерекшеліктері, құрылым қағидалары бойынша біртұтас болып келеді. Мемлекеттік ұйымды мемлекеттік органсыз елестету мүмкін емес.

Жүйенің бірлігі (біртұтастылығы), Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымдарының, Қазақстан Республикасының көп ұлтты халқының мемлекеттік еркімен негізделген. Референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік органдар жүйесін және оның өкілеттіктерін бекітеді. Конституция бойынша мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық екендігі айтылған. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

Биліктің бөлінуі бұл Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар жүйесінің теориялық және заң шығарушылық негізі болып табылады. Конституциялық құқық теориясы бұл қағиданы кең мағынада Қазақстан Республикасының мемлекеттік демократиялық көрсеткіші ретінде қарастырады. Кеңестік мемлекеттік құқық биліктің бөлінуін теріске шығарды. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша: мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады.

Биліктің бөліну қағидасы мемлекет функциясымен негізделеді. Сонымен қатар өзара бақылау және өкіметтің шектеуі қажет. Осы аталған шарттарды ескере отырып Қазақстан Республкасының мемлекеттік органдар жүйесі айқын түрде жұмыс жасайды. Сонымен қатар біржақты бақылау және билік шегі болуы қажет. Бірақ биліктің бөлінуін көздеген мақсат ретінде қарастыруға болмайды. Ол тек қана мемлекеттік органдардың функционалдық жүйесі ғана емес, сонымен қатар барлық билік тармағының жемісті ынтымақтастығы болып табылады. Мұндай ынтымақтастықтан бас тарту мемлекеттік биліктің барлық жүйесінің ыдырауына алып келеді. Қазақстан Республкасының мемлекеттік органдар жүйесінің тұрақтылығы мен оның қағидалары заңшығарушылық реттеуіштермен тікелей байланысты.

ҚР мемлекеттік органының демократиялық жүйесі бойынша, Қазақстан Республикасы ол сенімді өмірді және халықтың еркін дамуын қамтамасыз ететін шарттар жасауға бағытталған әлеуметтік мемлекет. ҚР демократиялық және әлеуметтік маңызы, мемлекеттің құрылым жүйесіне кіреді. Демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің әрбір органы мен оның жүйелері қоғам мен адамзатқа қызмет етуге шақырады. Сонымен бірге жалпы адамзат құндылықтары аймақтық және топтық құндылықтар алдында басты мәнге ие болуы керек.

Оларды құрастыру реті, ҚР-ның мемлекеттік органдар жүйесінің демократизмі, олардың қызмет қағидаларымен айқындалады. Қазіргі таңдағы мемлекеттік органдар демократиялық тәсілмен құрылу шарты - сайлау болып табылады. Осылайша, Қазақстан Республкасының Президенті, барлық мемлекеттік орган өкілеттіктерінің депутаттары және жергілікті басқару органдары Қазақстан Республкасының Конституциясына сәйкес негізде барлығына ортақ, тең жүргізілетін сайлау құқығы, құпия дауыс беру арқылы сайланады.

Мемлекеттік органның демократиялық жүйесі сайлаушылар арасындағы өкілеттік органдардың депутаттарының есептілігімен қарастырылады, ал барлық деңгейдегі лауазымдық тұлғалар Қазақстан халқы мен еңбек ұжымының алдында қарастырылады. Конституциялық заңнама – мемлекеттік органның мемлекеттік-құқықтық жауапкершілігін қарастырады. Ол мемлекеттік қызметтен мемлекеттік құрылымды қысқарту және лауазымды тұлғаны жұмыстан шығаруымен айқындалады.

ҚР мемлекетінің мемлекеттік аппаратының ішкі бірлігі мемлекеттік органдардың түрлері бойынша оны құрама бөліктерге бөледі. Мұндай саралау әртүрлі негізде жүргізіледі, олар функционалды түрде бір-бірімен біртұтас жүйе ретінде байланысты.

Мемлекеттік аппараттың әрбір бөліктері бойынша біртұтас бөлімшесі тек қана дұрыс сипаттамалық жіктеу бірлігінде алынады.

Мемлекеттік аппараттың жеке түрдегі органдарына бөлінуі, автордың мемлекеттік ұйымдардың қандай жіктелген өлшемдерді негізге алатындығына тәуелді. Конституциялық құқық ғылымы кеңестік мемлекеттану ғылымының жетістігімен негізделген. Ол бірмезгілде, уақытта мемлекеттік-құқықтық ойларды ескеру жағдайында, жаңаша қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сонымен қатар бұл құқықтың саласы мемлекеттік құрылымдар жүйесінің басты қағидаларын бекітуге шақырады. Басқа құқық салаларының қатынастарын дамыту және оны реттеу оның басты мазмұны болып табылады. Осылайша, конституциялық құқық ғылымынан басқа, мемлекеттік органдар әкімшілік және азаматтық құқық ғылымы түрлеріне бөледі. Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады. «Қазақстан Республикасы

халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі № 1 Нормативтік Қаулысымен берілген түсініктемені, ҚР Конституциялық Кеңестің 1996 жылғы 28 қазандағы № 6/2 Қаулысын және ҚР Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 6 наурыздағы № 3 қаулысын қараңыз

Конституциялық құқық ғылымында біртұтас мемлекеттік аппарат ұйымы, біріншіден ҚР мемлекет құрылымының формасымен, ал екіншіден биліктің бөліну қағидасымен негізделеді. Қазақстан Республикасы унитарлы мемлекет болғандықтан, мемлекеттік құрылымдарды ортақ жүйеге алуы керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының жалпы жүйесіне ҚР Президенті, ҚР Парламенті, ҚР Үкіметі, министрліктер және агенттіктер, жалпы республикалық ведомстволар кіреді. Сонымен қатар бұл жүйеге ҚР Ұлттық Банкі, ҚР Конституциялық Кеңесі, ҚР Жоғарғы Соты, ҚР Прокуратурасы кіреді. Сондай-ақ олардың құрамына жалпы юрисдикциялық соттар, әскери қызметкерлер, жергілікті прокуратура, жергілікті атқарушы органдар кіреді.

Сонымен қатар жалпы жүйеге басқарушылық құрылымдар - әкімшілік мемлекеттік ұйымдар да жатқызылады. Республика мәртебесі мен мемлекеттік органдар жүйесі Қазақстан Республикасының Конституциясымен анықталады. Барлық мемлекеттік органдар өз принциптеріне сай заңшығарушылық, атқарушылық, сот билігіне бөлінеді.

Парламент - Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы болып табылады. (ҚР Конституциясының 49-бабына сәйкес)

Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. (ҚР Конституциясының 64-бабына сәйкес).

Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты.

Қазақстан Республикасының Соттық жүйесі Қазақстан Республикасының Конституциясы және конституциялық заңдылықтар арқылы ұйымдастырылады.

Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық жайы туралы ҚР Конституциясының III бөлімінде айтылады. Президент - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Қазақстан Республикасының Конституциясына сай Республика Президенті - халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді, халық пен мемлекеттің атынан сөйлеу құқығы беріледі, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі болып табылады.

Мемлекеттік билік пен мемлекетті басқаруда ең жоғарғы органдар жүйесінде Президенттің алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасында мемлекет басшысының орны Үкімет басшысының орнымен қатар жүргізілмейді. Сондықтан да, осы қасиеттерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президенті кең түрде конституциялық заңдылықтарға сай, еркін түрде билік жүргізеді.

Жалпы халықтық сайлаумен қабылданған Қазақстан Республикасының соңғы Конституциясы президенттік басқару жүйесін бекіткен болатын. Сонымен бірге әлеуметтік жоспарда Президенттің конституциялық-құқықтық мәртебесі қажет.

ҚР Конституциясының 40-бабы бойынша Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды. 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара) Республика Президенті болып тұмысынан республика азаматы болып табылатын, қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын Республика азаматы сайлана алады. Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және конституциялық заңда белгіленген тәртіппен мерзімде өткізіледі.

Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу пайызынан астамының дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі. Егер кандидаттардың бірде-бірі көрсетілген дауыс санын ала алмаса, қайтадан дауысқа салынады, оған көп дауыс алған екі кандидат қатысады. Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың ең көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді. Президенттің өкілеттік мерзімі 7 жылға белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіне жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», - деп халыққа ант берген сәттен бастап қызметіне кіріседі.

Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбесінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің қатысуымен өткізіледі.

Ел Президентіне куәлік, арнайы құрмет белгісі төсбелгі мен байрағы ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы мемлекет басшысының жоғары лауазымдық белгілерінің бірі. ҚР Президентінің 1995 ж. 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы және оның айырым белгілерінің ресми пайдаланылуы тәртібі туралы» Жарлығына сәйкес ресми айырым белгілері мен орналасатын жерлері белгіленді. Ол көгілдір түсті (мемлекеттік тумен түстес), тікбұрыш нысанындағы ені мен ұзындығы үштен екіге сәйкес келетін кездеме. Ортасында қанатты барыстың үстінде оң қолын жоғары көтеріп отырған сақ дәуірінің жас көсемі алтын шеңбер ішінде бейнеленген. Кездеме үш жағынан алтын шашақпен көмкерілген. Сабына ҚР Президентінің мемлекеттік тілде тегі, есімі мен әкесінің аты және сайланған уақыты өрнектеліп жазылған күміс тақтайша бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы үнемі Елбасының жанында болады және шет елге сапарға шыққанда бірге алып жүреді.

Қазақстан Республикасы Президентінің төсбелгісі мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғасының ресми айырым белгісі болып саналады. Оны ресми пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы №2736 «Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы және оның айрым белгілерінің ресми пайдалану тәртібі туралы» Жарлығына сәйкес айқындалған. Қазақстан Республикасы Президентінің төсбелгісі Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1995 жылғы 1 желтоқсандағы қаулысымен белгіленген.

1995 жылы 12 желтоқсандағы №2676 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» ҚР заңына сәйкес, «Алтын Қыран» ордені жоғары дәрежелі айырым белгісі болып саналады. Онымен мемлекетке айрықша еңбек сіңірген азаматтар марапатталады.

Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге беріледі.

Республиканың Президенті өзінің міндеттерін атқару кезіндегі іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап береді және бұл үшін Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Президенті науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бұл ретте Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысымен белгіленген конституциялық

рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңес қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілігімен қабылданады.

Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босаған немесе кетірілген, сондай-ақ қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына көшеді; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына көшеді; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған ретте ол Республиканың Премьер-Министріне көшеді. Өзіне Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған тұлға тиісінше Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының немесе Премьер-Министрдің өкілеттігін тапсырады. Бұл жағдайда бос тұрған мемлекеттік лауазымдарды иелену Конституцияда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Биліктің бөлінген-біріккен жүйесіндегі ерекше орын елдегі Қазақстан Республикасының Парламентіне - заң шығарушы билікке тиесілі. ҚР Конституциясының 49-бабында: Парламент - Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы деп жазылған.

Қазақстан Республикасы Парламентінің басты қызметі заң шығарушы, яғни заңдар және басқа да нормативтік актілерді қабылдау, мемлекет пен қоғам қызметінің нормативтік негізін қалыптастыру. Басқаша айтқанда, ол стратегиялық басқаруға қатысуға және мемлекеттік, қоғамдық өмірдің ұзақ мерзімді стандарттары мен іргелі құндылықтарын тіркеу мен қалыптастыруға мамандандырылады, жедел-басқару, белсенділік пен құқықты қолдану субъектілері, мемлекеттің органдардың бастапқы деп танылуы жатады.

Қазақстан Республикасының Парламенті ҚР Конституциясының 53, 54-баптарына сәйкес оның құзыретіне қатысты барлық сұрақтарды заңдандырады. Бұл сұрақтар

біріншіден, Палаталардың бірлескен отырысында Парламент: Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді; Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді.

Егер Парламент әрбір Палатадағы жалпы депутаттардың жалпы санынан үштен екі дауыс берушілері ерте қабылданған шешімді растаса, Президент жеті күннің ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі: Егер Мәжіліс пен Сенат әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, Президентке оның бастамасы бойынша әр Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің даусымен бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беруге хақылы; Республика Президентінің, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының кез келген отырыстарға қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар. Бағдарламадан қайта бас тарту әр Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің даусымен жүзеге асуы мүмкін. Көпшіліктің жоқ болуы Үкімет бағдарламасының мақұлданғанын білдіреді; жалпы санының үштен екісінің даусымен Парламент Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді: соғыс және бітім мәселелерін шешеді; Республика Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды; Конституциялық Кеңестің Республикадағы

конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды; палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды; Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Екіншіден, бұл сұрақтар мыналарды анықтайды: ҚР Парламенті палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдайды, оның ішінде: республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді; мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды; Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелерін шешу тәртібін белгілейді; мемлекеттік наградаларды тағайындайды, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді, Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындайды; мемлекеттік заемдар мен Республиканың экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы мәселелерді шешеді; рақымшылық жасау мәселелерін шешеді; Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялайды және олардың күшін жояды.

Үшіншіден, ҚР Парламенті әлі қажетті нормативтік тіркеуді алмаған және мемлекет тәжірбиесінде қайта пайда болған сұрақтарға байланысты заң шығара алады. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді. ҚР Конституциялық кеңесінің 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 4 қаулысын қараңыз

Конституция Қазақстан Республикасы Парламентін жоғары өкілдік орган ретінде жариялайды. Сәйкесінше, ҚР Парламенті өзінің қызметтерін атқарғанда еркіндікті, көңіл-күйді, жалпы қоғамның объективті қызығушылықтарын ескеру қажет, Қазақстан халқын ел ішінде де, ел сыртында да таныстыруға

міндетті және құқылы, әсіресе, биліктің басқа тармақтарында. Аткарушы, сот, прокурорлық органдардан Парламенттің айырмашылығы, біріншіден, мемлекеттік аппаратқа емес, азаматтық қоғамға тиесілі. Кәсіби мемлекеттік аппарат және қоғам өзара бір-біріне өзара енеді, және Парламент осы екеуінің енуінің формасы болып қызмет етеді.

Қазақстан Республикасы Парламентінің құрылымы:

Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. (Конституцияның 50-бабы бойынша).

Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін камтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды. 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара) Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады. Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл. ҚР Конституциялық Кеңесінің 15.03.99 ж. № 1/2; 29.11.99 ж. № 24/2 қаулыларымен берілген түсініктемелерді қараңыз Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалшыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттілігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі. Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір үш жыл сайын қайта сайланып отырады. Бұл

орайда олардың кезекті сайлауы бұлардың өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі екі айдан кешіктірілмей өткізіледі. 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара) Парламент немесе Парламент Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауы тиісінше Парламент немесе Парламент Мәжілісінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі ай ішінде өткізіледі. 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара) Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы он жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Жасы отызға толған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады. Жасы жиырма беске толған адам Мәжіліс депутаты бола алады (49, 50-баптар бойынша). 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

Қазақстан Республикасы Парламентінің екіпалаталық құрылымы аймақтардың, облыстардың халін үйлесімдіруге қалыптастырылған, соның ішінде ең алдымен сенатта көрсетілгендер және Республиканың жағдайын білдіруші, әсіресе, Мәжіліс болып табылады.

Депутаттық топ депутаттардың өз өкілеттігін жүзеге асыруға арналған бірлестігі. Депутаттық топтың құрамында Парламенттің кем дегенде он бес депутаты болуға тиіс. (ҚР Парламенті Сенаты регламентінің 117-бабы). Депутаттық топтарды тіркеу Палата Бюросында жүзеге асырылады, тіркеу келу тәртібімен жүргізіледі және ол тек қана ақпараттық сипатта болады. Депутаттар депутаттық бірлестіктен шыққан жағдайда (және, егер оның құрамында тіркелу үшін қажетті мүшелердің саны аз болса) мұндай депутаттық бірлестік Палата Бюросының қаулысымен өз қызметін тоқтатады. Депутаттық бірлестікке мүшелігін өзгерткен депутат бұл туралы оның бұрынғы және жаңа бірлестігі тіркелген Палатаның Бюросына он күн ішінде хабарлайды.

Палаталардың бірлескен отырысында Парламент: Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді; Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді; Президентке оның бастамасы бойынша әр Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің даусымен бір жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беруге хақылы; соғыс және бітім мәселелерін шешеді; Республика Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды; Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды; палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды; Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. (ҚР Конституциясының 53-бабы бойынша).

Палаталарға жүктелген қызметтер солар үшін құрылған комиссия мен комитеттің қатынасынсыз сапасыз. Қызметкер саны, құрылымы, қызмет бабы, комиссия және комитет мәртебесі палатада өз еріктілігімен орнықтырылады. Шешуші құқығы бар комиссия және комитет құрамында тек депутаттар ғана болады. Комитеттер қызметінің бағдары әр түрлі, олар келесі көрсетілген ортақ мәселелерді шешеді: заңды жобалық жұмыстарға қатысу; өз палатасына қарай алдын-ала сараптама бойынша материал даярлау; ортақ палаталық іс-шара өткізу (парламенттік жиындар және т.б.); дара палаталар шешімінің іс жүзінде жүзеге асырылуы; палатамен немесе ҚР Президентімен ұсынылған қызметке үміткерлерді және мемлекеттік органдар жүйесін қадағалау.

Қазіргі таңдағы дербес орган - Есеп Комитеті, Палаталардың бірлесіп ұйымдастыру қызметі болып табылады. Ол ҚР бюджетін қадағалап отырады. Екі Палата құрылымына да ортақ болып табылатын Қазақстан Республикасының Депутаттық тобы парламенттік дәстүрлерді дамытуды алға қойған, басқа да мемлекет құрылымымен тығыз байланыс орнатуды көздейтін қоғамдық ішкіпарламенттік ұйым болып табылады. Мұндай ұйым әлемдегі көптеген елдерде қызмет көрсетуде, олар КСРО кезінде де өз қызметін жүргізген болатын.

Үкіметмемлекеттік биліктің жоғары атқарушы органы. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қар) Үкімет алқалы орган болып табылады және өзінің бүкіл қызметінде Республика Президентінің алдында жауапты, ал Конституцияда көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісінің және Парламенттің алдында жауапты. Үкіметтің - құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді. Үкімет түрлі елдерде түрліше аталуы мүмкін: мысалы, министрлер кеңесі, министрлер кабинеті, мемлекеттік кеңес, т.б. Президенттік республикаларда Үкіметті президент, парламенттік республикаларда және монархияларда □ премьер-министр басқарады. Үкімет бір партиялық немесе одақтасқан Үкімет болуы мүмкін. Парламенттік елдерде Үкіметті мемлекет басшысының тапсыруымен бірпартиялыпарламентте немесе екі партиялы парламенттің төменгі палатасында көпшілік орын алған партияның көшбасшысы (одақтасқан үкіметте □ партиялар көшбасшыларының бірі); президенттік республикаларда президент жасақтайды, оның үстіне ол тағайындайтын Үкімет мүшелерінің әрқайсысын парламент (әдетте жоғары палата) бекітуге тиіс. Үкімет мүшелері (министрлер), портфельсіз министрлер, мемлекеттік министрлер, мемлекеттік хатшылар мемлекеттік басқарудың нақты орталық органдарын басқарады,

парламенттік елдерде олар міндетті түрде парламент мүшелері болуға тиіс, президенттік, сондай-ақ жартылай президенттік республикаларда министрлік портфель мен депутаттық мандатты қоса алып жүрмеу қағидаты қолданылады.

Қазақстан Республикасында бұл орган алғашқы кездерде басқаша айтылатын: Министрлер Кеңесі, Министрлер Кабинеті Үкімет. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік биліктің ерекше тармағы ретінде министрліктерден, агенттіктерден, комитеттерден тұратын орталық атқарушы органдар, облыстық, аудандық және қалалық әкімшіліктерден тұратын жергілікті атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Оның құқықтық мәртебесінің негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген (64-бап). Үкіметтің құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібі ҚР Конституциясына сәйкес 1995 ж. 18 желтоқсанда қабылданған “Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы” (1999 ж. 6 мамырда өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) ҚР-ның конституциялық Заңымен белгіленген. Үкімет ҚР Конституциясының, аталған конституциялық заңның, ҚР-ның заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің негізінде және оларды орындау үшін іс-қимыл жасайды. Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады. Республика Премьер-Министрі тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзім ішінде Премьер-Министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Республика Президентіне ұсыныс енгізеді. Үкімет мүшелері Қазақстан халқы мен Президентіне ант береді. ҚР 07.10.98 ж. № 284-І Заңымен 66-бап өзгертілді.

ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.03.99 ж. № 4/2; 12.04.01 ж. № 1/2 қаулыларымен берілген түсініктемелерді қараңыз Үкіметті Республика Президенті ҚР-ның Конституциясында көзделген тәртіппен құрады. Премьер-Министр Үкімет басшысы болып табылады. Премьер-Министрді Парламенттің келісімімен Президент қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

ҚР-ның Премьер-Министрі өзі тағайындалғаннан кейін он күн мерзімде үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ҚР Президентіне ұсыныс енгізеді. Президент Премьер-Министрдің ұсынысы бойынша үкімет құрылымын анықтайды, оның мүшелерін қызметке тағайындайды және оларды қызметтен босатады, орталық атқарушы органдарды құрады, таратады, қайта құрады. ҚР Үкіметінің құрылымын министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдар құрайды.

Қазақстан Үкіметі □ алқалы орган. Оның құрамына Үкімет мүшелері республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер, өзге де лауазымды адамдар кіреді. Премьер-Министр мен Үкімет мүшелері қызметке кірісер алдында Қазақстан халқына және елбасына ҚР Үкіметі туралы конституциялық заңда белгіленген тәртіппен ант береді. Премьер-Министрге ерекше мәртебе берілген. Ол Президентке Үкімет құрамына кірмейтін министрліктерді, орталық атқарушы органдарды құру, қайта құру және тарату туралы, министр қызметіне кандидатуралар жөнінде, министрді қызметтен босату туралы ұсыныстар енгізеді, Үкіметтің қызметін ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және оның жұмысы үшін дербес жауап береді.

Үкіметке мынадай негізгі конституциялық өкілеттіктер берілген: ол мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды талдап жасау; мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу; әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамудың индикативтік жоспарларын әзірлеп, іске асыру; Республика Президенті белгілеген тәртіппен республикалық бюджетті және оған енгізілетін өзгерістерді әзірлеуге қатысу, парламентке республикалық бюджет және оның атқарылуы туралы есеп беру, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету; ҚР-ның қаржы жүйесін нығайту жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыру; мемлекеттік валюталық, қаржы және материалдық қорларының құралуы мен пайдалануы кезінде

заңдылықтың сақталуына мемлекеттік бақылау жасау; құрылымдық және инвестициялық саясатты жүзеге асыру; баға құралының мемлекеттік саясатын әзірлеп, ұйымдастыру; мемлекет реттейтін баға қолданылатын өнімдердің, тауарлар мен қызмет көрсетулердің номенклатурасын белгілеу; мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастыру, оны пайдалану шараларын әзірлеп, жүзеге асыру, мемлекеттік меншік құқығының қорғалуын қамтамасыз ету; еңбекке ақы төлеу, азаматтардың әлеуметтік қорғалуы, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру жүйесі мен шарттарын айқындау; мемлекеттік аймақтық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеп, іске асыру; аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың аймақаралық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді; ғылым мен техниканы дамыту, жаңа технологияларды енгізу, мәдениетті, білім беруді, денсаулық сақтауды, туризм мен спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты айқындап, іске асыру; табиғат қорлары мен қоршаған табиғи ортаны оңтайлы пайдалану және қорғау шараларын әзірлеп, жүзеге асыру; құқықтық реформалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау, ҚР-ның қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін, аумақтық тұтастығын сақтау және қорғау, ҚР-ның мемлекеттік шекарасын күзету шараларын әзірлеп, іске асыру; келіссөздер жүргізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдау; ҚР-ның шет мемлекеттермен, халықаралық және аймақтық ұйымдармен қарым-қатынасты дамытуын қамтамасыз ету; сыртқы экономикалық саясатты іске асыру шараларын әзірлеу; сыртқы сауданы дамыту шараларын қолдану; халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды жүзеге асыру; Республика Президентіне: Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы; министрліктерді, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарды құру, қайта құру және тарату туралы; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қоспағанда, министр қызметіне

тағайындау үшін кандидатуралар жөнінде; Үкімет аппаратының басшысын, сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер, әділет министрлерін қоспағанда, министрді, оның ішінде Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған министрді қызметтен босату туралы ұсыныстар енгізеді; Конституциямен, заңдармен және президент актілерімен жүктелген өзге де қызметтерді орындау.

Үкімет ҚР Конституциясы, заңдары, ҚР Президентінің нормативтік жарлықтары негізінде және солардың орындалуы үшін өз құзыреті шегінде бүкіл мемлекеттік аумағында міндетті күші бар Үкімет қаулылары мен Премьер-Министрдің өкімдерін шығарады, олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді. Бұл қаулылар мен өкімдер Конституцияға, заңдарға, Республика Президентінің актілеріне қайшы келмеуге тиіс. Жаңадан құрылған Үкімет өз қызметінің бағдарламасын жасап, бұл туралы Парламентке баяндама ұсынады. Егер Парламент Үкіметтің бағдарламасын қабылдамаса, Үкімет екі ай ішінде бағдарламаны қайтадан ұсынады.

Егер Парламент депутаттарының жалпы санының 2/3-сінің дауыс беруімен бағдарлама тағы да қабылданбаса, онда бұл Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіреді. Үкімет заңдық ұсыныстар енгізуге хақылы. Ол заң жобаларының жоспарын құрып, соған сәйкес парламент мәжілісіне заң жобаларын ұсынады. Заң жобаларын дайындауға олардың сапасы үшін жауапты болатын министрліктер, мемлекеттік комитеттер, агенттіктер, бірінші басшылар қатысады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Президенттің өкілеттік мерзімі шегінде қызмет етеді және жаңадан сайланып, қызметке кіріскен ҚР Президентіне үкімет мүшелері жазбаша қол қойған өтініш беру арқылы өз өкілеттігін доғарады.

Орталық атқарушы билік органдарын ұйымдастырудың және олардың өз қызметін атқаруының тәртібі “Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы” конституциялық Заңмен (18.12.1995), ҚР Үкіметінің 1997 ж. 13 наурыздағы 321-

қаулысымен бекітілген ҚР-ның министрліктері (Мемлекеттік комитеті) туралы үлгі ережемен және әрбір министрлік, агенттік, комитет туралы ережелермен реттеледі. Қазақстан Республикасында ұйымдық-құқықтық нысандарда қалыптасып, қызмет атқарып жатқан орталық атқарушы органдар: ҚР-ның министрліктері; ҚР-ның агенттіктері; ҚР министрліктерінің құрылымдық бөлімшелері болып табылатын комитеттер, департаменттер және басқармалар.

ҚР-ның Министрлігі мемлекеттік басқарудың тиісті саласына басшылық жасайтын, сондай-ақ, заңдарда көрсетілген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталықтандырылған атқарушы орган болып табылады. Министрлікті Премьер-Министрдің ұсынысымен Президент құрады, қайта құрады және таратады. Министрліктің басшысы болып табылатын министрді де Премьер-Министрдің ұсынуымен Президент қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Министр министрліктің жұмысына басшылық жасайды және министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз қызметін жүзеге асыруы үшін жауап береді. Ол лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіреді. Министрліктің құрылымы мен штат санын Үкімет бекітеді. Министрлікте министрдің орынбасарлары (вице-министрлері), сондай-ақ, министрліктің басқа да басшы қызметкерлері құрамында министр басшылық ететін алқа кеңесші орган құрылады. Алқаның сандық құрамын Үкімет, ал жеке адамдар құрамын министр бекітеді. Министр өз құзыретінің мәселелері бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен ҚР-ның барлық аумағында міндетті күші бар бұйрықтар түрінде актілер шығарады. Министрліктің қызметі тек мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Заң бойынша барлық министрліктер өзара тең болып табылады және бір-біріне әкімшілік бағынышты емес, бірақ олар өздерінің жұмыстарын үйлестіре алады, бірлесіп қызмет атқару немесе әртүрлі құрылымдық бөлімшелердің бірлескен іс-қимылдарын қажет ететін (мыс., республикалық мақсатты бағдарламаларды іске

асыру, қылмыспен күресу, т.б. жөніндегі мәселелерді шешу туралы) шарттар мен келісімдер жасаса алады.

ҚР-ның агенттігі де орталықтандырылған атқарушы орган болып табылады. Агенттікті Премьер-Министрдің ұсынысымен Президент құрады, қайта ұйымдастырады және таратады. Ол тиісті мемлекеттік басқару саласына басшылықты, сондай-ақ заңдарда белгіленген шекте салааралық үйлестіру мен өзге де арнайы және рұқсат беру міндеттерін жүзеге асырады. Агенттіктердің және Үкімет құрамына кірмейтін басқа да орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке Үкімет тағайындайды және қызметтен босатады. Агенттіктің құрылымын оның басшысы төраға бекітеді. Әдетте, оның құрылымы департаменттер мен басқармалардан тұрады. Агенттік төрағасының жанынан кеңесші орган алқа құрылады. Оның құрамын агенттіктің төрағасы бекітеді. Агенттік төрағасының бұйрықтары агенттіктің құқықтық актілері болып табылады. Министрліктер, агенттіктер мен өзге де орталықтандырылған атқарушы органдар туралы ережелерді, сондай-ақ, оларға құрылымдық жағынан бағынышты мемлекеттік мекемелердің штат санының лимиттерін Үкімет бекітеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік қызмет жөніндегі агенттік, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссия, Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттік, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті үкімет құрамына кірмейді, оларға ҚР Президентіне тікелей бағынатын және оған есеп беретін мемлекеттік орган мәртебесі берілген. Орталықтандырылған атқарушы органның құрылымдық комитеті тиісті орталық атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Оны тиісті орталықтандырылған атқарушы орган басшысының ұсынуымен үкімет құрады, қайта ұйымдастырады және таратады. Құрылымдық бөлімше орталық атқарушы құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау міндеттерін жүзеге

асырады, сондай-ақ, салааралық үйлестіруді жүзеге асырады немесе мемлекеттік басқарудың ішкі саласына басшылық жасайды. Орталықтандырылған атқарушы орган басшысының ұсынуымен үкімет бөлімшенің басшысын қызметке тағайындайды және оны қызметтен босатады. Оның құрылымын, құзыретін және басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының тәртібін үкімет белгілейді.

Республика Конституциясында көзделген жағдайларда Парламент Мәжілісі немесе Парламент Үкіметке сенімсіздік білдіретін болса, Үкімет өзінің орнынан түсуі туралы Республика Президентіне мәлімдейді. Республика Президенті орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені он күн мерзімде қарайды. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің немесе оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған ретте, Президент оған өз міндеттерін одан әрі жүзеге асыра беруді тапсырады. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған Үкімет мүшелері атқарып келген қызметінен босатылуға тиіс. Премьер-Министрдің қызметінен босатылуы бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Республика Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін қызметінен босатуға хақылы.

Республика Парламентімен қарым-қатынасы:

- Республика Үкіметінің заң шығару бастамашылығы құқығы болады, ол тек қана Парламент Мәжілісінде жүзеге асырылады.

- Заң актісінің жобасын енгізу туралы шешім Үкіметтің тиісті қаулысын шығару жолымен қабылданады.

- Республика заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді, оларды министрліктердің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың орындауын бақылайды;

- Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті табыс етеді;

- мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін Республика заңдарының жобалары жөнінде қорытындылар береді;

- Парламент депутаттарының сұрауларына жауап береді.

- Республика Президентін Президент тапсырмаларының орындалуы және өз қызметінің басқа да бағыттары туралы ұдайы хабардар етіп отырады;

- Республика Президенті актілерінің орындалуын ұйымдастырады және оларды министрліктердің, өзге де орталық, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың орындауын бақылауды жүзеге асырады;

- заң жобасын Парламент Мәжілісіне енгізу туралы Президенттің тапсырмаларын орындайды;

- мемлекеттік бағдарламаларды Президенттің бекітуіне ұсынады.

- Үкімет Республика Президентімен Үкіметтің заң жобалары жөніндегі жұмыстарының жоспарларын келіседі.

Республика Үкіметі Республика Конституциясының, заңдарының, Президент актілерінің, өзге нормативтік құқықтық актілердің негізінде және оларды орындау үшін нормативтік және жеке қаулылар шығарады. Үкімет қаулылары Үкімет мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Үкімет қаулыларына Республика Премьер-Министрі қол қояды. Республика Премьер-Министрі өкімдер шығарады. Премьер-Министрдің өкімдері әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке-дара сипаттағы мәселелер бойынша шығарылады. Өздерінің құзыреті шегінде қабылданған Үкімет қаулылары мен Республика Премьер-Министрі өкімдерінің Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады. Үкімет қаулылар мен Республика Премьер-Министрінің өкімдері Республика Үкіметінің Регламентінде белгіленген тәртіппен әзірленеді және қабылданады. Үкімет қаулыларының күшін Республика Президенті мен Үкіметі жоя алады.

Премьер-Министр өкімдерінің күшін Республика Президенті, Үкіметі және Премьер-Министрі жоя алады.

Жергілікті атқарушы органдар жоспарларды, аумақты дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті жасауды жүзеге асырады және олардың атқарылуын қамтамасыз етеді, коммуналдық меншікті басқарады. Жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тағайындайды және қызметтерінен босатады, жергілікті атқарушы органдардың жұмысына байланысты өзге де мәселелерді шешеді. Жергілікті атқарушы органды Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі басқарады. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері қызметке Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған тәртіппен тағайындалады немесе сайланады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы. 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен 5-тармақ жаңа редакцияда.

Егер заңшығарушы және атқарушы конституция көпшілік елдердің бір немесе екі жоғарғы үкіметінің құрылымдарына тапсырылса, онда сот үкіметінің жағдайы күрделірек болады. Ол сот органдарының барлық жоғарғы және төменгі құрылымдарына сүйене отырып тапсырылады. Өзінің жүйедегі орнынан тәуелсіз, әрбір сот құрылымы өз алдына нақты істерді тек қана заңмен және құқықтық сананы негізге ала отырып рұқсат береді. Жоғарғы Сот қана емес, әрбір сот жүйесі сот билігін ұстаушы болып табылады.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. ҚР Конституциялық Кеңесінің 15.02.02 ж. № 1 қаулысымен берілген түсініктемені қараңыз 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қарСот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық

сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады. 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара) Заңмен құрылған Республиканың Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары Республиканың соттары болып табылады.

Сот билігі Қазақстан Республкасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз студі мақсат етіп қояды. Сонымен қатар Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

ҚР Конституциясының, 77-бабына сәйкес, судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соқтырады.

Заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алуға тиіс: адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі; бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды; өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды; сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы; жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады; айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес; ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ

беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырды ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес; адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады; заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес; Қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді. Конституциямен белгіленген сот төрелігінің принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады. ҚР Конституциялық Кеңесінің 10.03.99 ж. № 2/2; 20.12.00 ж. № 21/2 қаулысымен берілген түсініктемені қараңыз

Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.

Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідірілуі мүмкін.

Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3-тармақшасында белгіленген жағдайда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

Республиканың жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы бар және

біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады. Республика соттарының судьяларына заң бойынша қосымша талаптар белгіленуі мүмкін.

Судьяның қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен 81-бап өзгертілді (бұр. ред. кара)

Қазақстан Республкасының Жоғарғы Соты азаматтық, қылмыстық, жергілікті және басқа да соттарда қаралатын өзге де істер жөніндегі жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады, сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады.

ҚР 07.10.98 ж. № 284-1 Заңымен 82-бап өзгертілді; 2007.21.05. № 254-III ҚР Заңымен 82-бап жаңа редакцияда (бұр. ред. кара) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды.

Жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды.

Соттарда конституциялық заңға сәйкес сот алқалары құрылуы мүмкін. Сот алқалары төрағаларына өкілеттіктер беру тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

Жоғары Сот Кеңесі Республика Президенті тағайындайтын Төрағадан және басқа да адамдардан құралады.

Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі және жұмысын ұйымдастыру заңмен белгіленеді. ҚР Конституциялық Кеңесінің 05.07.00 ж. № 11/2 қаулысымен берілген түсініктемені қараңыз

Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді.

Республиканың Бас Прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Бас Прокурор өкілеттігінің мерзімі бес жыл.

Республика прокуратурасының құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі заңмен белгіленеді. ҚР Конституциялық Кеңесінің 26.12.00 ж. № 23/2 қаулысымен берілген түсініктемені қараңыз Судья қызметіне кандидаттарға тегіне, әлеуметтік және мүлкітік жағдайына, қай нәсілге және ұлтқа жататынына, жынысына, саяси көзқарасына, діни нанымына және өзге де мән-жайларға қарамастан қызметке орналасуға тең құқық қамтамасыз етіледі.

7 МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ҰЙЫМ

ҚР «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыретін, қызметінің ұйымдастырылуын, тәртібін, сондай-ақ мәслихаттар депутаттарының құқықтық жағдайын белгілейді. Өкілеттік органы депутаттардан құралған Маслихат болып табылады. Атқарушы органы Әкімдер болып табылады.

Әкім жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда) басқаратын және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару өкілеттігі және өзін-өзі басқару функциялары берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өкілі. Астана, Алматы және басқа да облыс әкімдері Қазақстан Республикасы Президентінің бұйрығымен тағайындалады және орнынан босатылады.

Жергілікті атқарушы орган (әкімдік) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

Жергілікті өкілді орган (мәслихат) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) немесе ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын

және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган. Мәслихат аппараты тиісті мәслихаттың, оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме.

Мәслихаттарды тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің халқы жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды. Қазақстан Республкасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Қазақстан Республкасының азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады. Тиісті мәслихат депутаттарының санын Қазақстан Республкасының Орталық сайлау комиссиясы мынадай шектерде: облыстық мәслихатта, Астана және Алматы қалалық мәслихаттарында елуге дейін; қалалық мәслихатта отызға дейін; аудандық мәслихатта жиырма беске дейін белгілейді. Қазақстан Республкасының Орталық сайлау комиссиясы белгілеген оның депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үші сайланған жағдайда мәслихат заңды болып есептеледі.

Мәслихаттардың құзыретіне мыналар жатады:

1) тиісті аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту, соның ішінде қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдері іске асыратын (әрбір қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ бойынша жеке-жеке) бюджеттік бағдарламаларды бекіту;

2) тиісті аумақтарда қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану жөніндегі бағдарламаларды және қоршаған ортаны қорғау, сауықтыру жөніндегі шынғыстарды бекіту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республкасының заңнамасына сәйкес өзге де мәселелерді шешу;

3) Қазақстан Республкасының Үкіметі жергілікті мемлекеттік басқарудың үлгі құрылымдары негізінде қалыптасқан әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару сызбасын әкімнің ұсынысы бойынша бекіту;

4) өздерінің қарауына жатқызылған әкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

5) әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат сессиясының шешімімен тиісті әкімдіктің дербес құрамын келісу;

6) атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау және тиісті органдарға мәслихат шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ ұйымдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізу;

7) Қазақстан Республкасының заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру;

Мәслихаттың өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шығаратын шешімдері мәслихаттың актілері болып табылады. Мәслихаттардың жергілікті бюджет кірістерін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздейтін шешімдерінің жобалары әкімнің оң қорытындысы болған жағдайда ғана қарауға енгізілуі мүмкін.

Мәслихат қызметінің негізгі нысаны сессия болып табылады, онда мәслихаттың қарауына заңдармен жатқызылған мәселелер шешіледі. Егер мәслихат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі сессияға қатысса, мәслихат сессиясы заңды бөлады. Мәслихат сессиясының төрағасы ашық дауыс беру арқылы мәслихат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен сайланады. Мәслихат сессиясының төрағасын сайлау тәртібі мәслихат регламентінде белгіленеді. Мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы мәслихаттың алдыңғы сессиясында сайланады. Сессияның төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттігін мәслихат хатшысы жүзеге асырады. Мәслихат депутаты мәслихат сессиясының төрағасы болып күнтізбелік жыл ішінде екі реттен артық сайлана алмайды.

Мәслихат өз өкілеттігі мерзіміне тұрақты комиссиялар құрады. Олардың саны жетеуден аспауға тиіс.

Қажет болған жағдайда, мәслихат тұрақты комиссияларды жаңадан құрып, таратып және қайта ұйымдастыра алады.

Көпшіліктік тыңдаулар депутаттардың, атқарушы органдар, өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, азаматтардың қатысуымен осы комиссиялардың кеңейтілген отырыстары түрінде тұрақты комиссияның қарауына жататын мейлінше маңызды және қоғамдық мәні бар мәселелерді талқылау мақсатында өткізіледі.

Мәслихат жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау үшін өз өкілеттігі мерзіміне тексеру комиссиясын сайлайды. Тексеру комиссиясы мүшелерінің санын мәслихат белгілейді. Тексеру комиссиясының төрағасын мәслихат депутаттар арасынан сайлайды. Облыстық (республикалық маңызы бар қалалық және астаналық), аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) мәслихаттардың тексеру комиссиясының төрағасы өз қызметін басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асырады. Тексерулер мәслихаттың, тексеру комиссиясының не мәслихат хатшысының шешімдерімен, мәслихаттың сайланған депутаттары санының кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда жүргізілуі мүмкін. Тексеру нәтижесі бойынша тексеру комиссиясы акт жасап, ол туралы мәслихат пен әкімдікке хабарлайды. Тексеру жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Мұндай жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына оны қызметінен босату туралы мәселе қоюға құқылы. Әкім ұсынған аумақты дамыту жоспарларының, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының орындалуы, жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептерді мәслихаттың екі рет бекітпеуі мәслихаттың әкімге сенімсіздік білдіруі туралы мәселені қарауы үшін негіз болып табылады.

Әкімнің атқаратын қызметіне мыналар жатқызылады:

- аумақтық дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

- аграрлық сектордың тиімді және тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының өндіргіш күштерін орналастыру сызбасына сәйкес облыстың аудандық жоспарлану сызбасын, облыс орталығын, республикалық маңызы бар қаланы және астананы салудың бас жоспарларын әзірлейді, оларды облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) мәслихаттың қарауына енгізеді;

- облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) коммуналдық меншікті басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

- облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

- Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес жер қатынастарын реттеуді жүзеге асырады;

- ауданаралық (қалааралық) жолаушылар көлігі қатынасын ұйымдастырады және т.б.

Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімін Премьер-Министрдің келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды немесе қызметінен босатады. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының жаңадан сайланған Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады. Бұл ретте әкім Қазақстан Республикасының Президенті тиісті әкімді тағайындағанға дейін өз міндетін атқаруды жалғастыра береді.

Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанның аумақтық дамуы бұрынғы КСРО-ның біртұтас халық шаруашылығы кешенінің шеңберінде айқындалды және орталықтандырылған директивті жоспарлау негізінде жүзеге асырылды. Негізінен кеңестік

кезеңнің өзінде қалыптасқан елдің экономикалық әлеуетін орналастыру экономика құрылымының бұзылуы, ішкі экономикалық кеңістіктің сақталып отырған ыдырауы салдарынан оны дербес экономикалық жүйе ретінде дамыту орнықтылығының қазіргі заманғы қажетті талаптарына жауап бермейді.

Қазақстанның әлемдік шаруашылық жүйесіне белсенді кіруі Қазақстанның әлемдік және өңірлік еңбек бөлінісінде тар мамандануымен, негізгі әлемдік тауар нарықтарынан алыстығымен тежеліп отыр, бұл тұтастай елдің де, және оның жекелеген өңірлерінің де сыртқы нарықтарға шығуын қамтамасыз ететін көлік-коммуникациялық инфрақұрылымның дамымауымен тереңдей түседі.

Экономиканы нарық жағдайында дамыту елдің жекелеген аумақтық-шаруашылық жүйелерінің бәсекелік артықшылықтарын да, сол сияқты нарыққа бейімделудің әрқилы мүмкіндіктеріне байланысты олардың кемшіліктерін де анықтап берді. Бұл жекелеген өңірлерде өндірістің біршама құлдырауына және тоқтап қалуына, күйзеліске ұшыраған аудандар мен елді мекендердің пайда болуына алып келді. Нәтижесінде өңірлік теңсіздіктер тереңдеді және табиғи көші-қон легіне қарамастан, ел халқының бір бөлігі қазіргі уақытта экономикалық болашағы жоқ аумақтарда тұрады.

Бұрын қалыптасқан таратып орналастыру жүйесі өз тиімділігін жоғалтты және қазіргі уақытта қалыптасып жатқан елді мекендердегі кеңістік экономикалық ұйымдастыруға сәйкес келмейді. Бұрын минералдық-шикізат кен орындарының базасында салынған жекелеген шағын қалалар, кенттер, сондай-ақ қалыпты өмір сүру үшін жарамсыз аумақтардағы және даму орталықтарынан шалғайдағы ауылдардың болашағы жоқ болып қалды.

60 шағын қаланың 10-ы күйзеліске ұшырағандар санатына жатқызылды. Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті бойынша 7512 ауылдық елді мекеннің (АЕМ) 1204-інің (халық саны 1,8

млн. адам) жоғары, 5625 АЕМ-нің (5,2 млн. адам) - орташа, 595 АЕМ-нің (189,9 млн. адам) төмен даму әлеуеті бар және 88 АЕМ-нің тұрғындары жоқ.

Аумақтық дамуды басқару жүйесі орталық және жергілікті атқарушы органдардың өзара келісілген іс-қимылын қамтамасыз етпейді. Аумақтық жоспарлау мәселелерін әртүрлі ведомстволар реттейді және тұтастай алғанда орталық деңгейде тиімсіз үйлестіріледі.

Елді кеңістікшіл ұйымдастырудың өңірлік жобалаумен, аса маңызды табиғи ресурстарды пайдаланудың және инфрақұрылымның салалық сызбаларымен өзара байланыстырылған моделі қалыптаспаған. Аралас әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, аудандардың, қалалар мен ауылдардың) мүдделерін қолдау, трансөңірлік процестерді үйлестіру құралдары (тетіктері) жоқ.

Қазіргі уақытта елдің аумақтық дамуындағы ахуалды былайша сипаттауға болады.

Күшті жақтары:

1) Елдің Еуразия құрлығының орталығында, екі континенттің – Еуропа мен Азияның қиылысында қолайлы географиялық орналасуы. Қазақстан әлемнің аса ірі елдері - Ресей Федерациясы мен жылдам өсіп келе жатқан Қытайдың арасында, Орталық Азия мемлекеттерімен, сондай-ақ Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия өңірлерімен көршілес орналасқан.

2) Шекара маңындағы өңірлердің басым болуы. Қазақстанның 14 облысының 12-сі шекара маңында. Дамыған және серпінді дамып келе жатқан елдердің тәжірибесі шекара маңындағы өңірлер осы мемлекеттердің өсу аймақтарына айналғанын көрсетті. Шекара маңындағы өңірлер экономикалық белсенділік орталықтары болып табылады және бүкіл елдің әлемдік экономикалық жүйеге ойдағыдай кірігуіне ықпал етеді.

3) Ауқымды жер ресурстары мен табиғи-климаттық ерекшелік-тердің әрауандылығы алуан түрлі аграрлық өнім өндіруге мүмкіндік береді. Республиканың аумағы он табиғи-

ауыл шаруашылығы аймағын қамтиды, ауыл шаруашылығы алқаптарының үлесі - 82 % (1, 2, 3-қосымшалар).

4) Ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз етуге де, сол сияқты елдің өсіп келе жатқан экспорттық мүмкіндіктерін іске асыруға да мүмкіндік беретін эралуан және бай минералдық-шикізат базасы. Уранның, қорғасынның, мырыштың, мыстың, мұнайдың, көмірдің, хромның, темірдің, марганецтің, қалайының, алтынның, фосфориттердің, бор мен калий тұзының барланған қорлары жағынан Қазақстан әлем елдерінің алғашқы ондығына кіреді.

5) Елдің өндірістік әлеуеті: өнеркәсіп пен аграрлық өндірістің көп салалы құрылымы, тиісті өндірістік қуаттардың болуы. Өнеркәсіптің дамыған базалық салалары - отын-энергетика және тау-кен-металлургия кешендері.

6) Елдің бүкіл аумағын қамтып жатқан көлік-коммуникациялық инфрақұрылым желісінің болуы. Темір жолдың және автомобиль жолдарының желісі шектес елдерге шыға отырып, барлық өңірлер арасында тасымалдарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстандық автомобиль жолдары мен темір жол халықаралық көлік дәліздерінің құрамына енгізілген. Ақтау теңіз портын "ТРАСЕКА" және "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәліздерінің құрамындағы мультимодальдық көлік торабы ретінде пайдалану мүмкіндігі бар.

Елде 21 әуежай (22-нің ішінен) жұмыс істейді, оның 14-іне халықаралық рейстерге қызмет көрсетуге рұқсат етілген. Елдің барлық өңірлерін талшықты-оптикалық байланыс желілерімен байланыстыратын Ұлттық ақпараттық супермагистралдың құрылысы аяқталып келеді.

7) Инновациялық-білім беру әлеуеті: кейіннен білім беру-инновация кешендерін қалыптастыру базасы ретінде университеттердің, ірі жоғары оқу орындарының және мамандандырылған ғылыми-зерттеу орталықтарының болуы.

8) Бірегей рекреациялық ресурстар: табиғи кешендер және олардың құрауыштары, мәдени-тарихи ескерткіштер мен сәулет объектілері.

9) Демографиялық оң серпін және еңбек ресурстары резервінің болуы. Соңғы жылдары халықтың табиғи өсімінің ұлғаюы. Еңбек ресурстарының резерві ретінде ел ішінде жұмыс күші артық өңірлердің болуы. Демографиялық резерв ретінде көршілес мемлекеттердің шекара маңындағы өңірлерінде қазақ диаспорасының болуы.

SWOP талдау оның әлсіз жақтарын да көрсетті:

1) Негізгі әлемдік тауар нарықтарынан алшақтық. Теңіз (мұхит) қатынас жолдарына тікелей шығудың болмауы.

2) Әлемдік және өңірлік еңбек бөлінісінде елдің тар мамандануы мен көптеген өңірлердің біржақты бейіні, құрылымның бұзылуы мен экономиканың сақталып отырған ыдырауы. Экономикада экспорттық шикізатқа бағдарланған оқшауланған секторлары және бәсекеге қабілеті төмен қайта өңдеу өнеркәсібі бар, салалық, сол сияқты аумақтық аспектіде өзара әлсіз байланысқан экономикасы бар екі қарама-қайшы құрылым қалыптасты.

3) Өнімділікті төмендететін және аграрлық өндірістің тәуекелділігін ұлғайтатын факторлардың болуы. Егістік сапасының салыстырмалы төмен болуы. Егістік бонитетінің (құнарлылықтың салыстырмалы деңгейін көрсететін) 50 бірліктен асатын балы 23,2 млн. гектар егістіктің тек 4,2 млн. гектарына қатысты. Ауыл шаруашылығы алқаптарының 30,8 млн. гектары (14,8 %) су және жел эрозиясына ұшыраған (4-қосымша). Өнімділігі аз жайылымдардың басым болуы.

4) Елдің жекелеген өңірлерінде су ресурстарының тапшылығы. Ел өңірлерінің басым бөлігі құрғақ аймақта орналасқан және сумен қамтамасыз етуде қиындық шегіп отыр (5-қосымша). Жерүсті суларының тек 56 %-ы ғана Қазақстан аумағында калыптасады, ал қалғаны сырттан келеді, бұл республиканың кейбір өңірлерінің шекаралас мемлекеттердің су ресурстарына тәуелділігін күшейтеді.

5) Минералдық-шикізат ресурстарының әркелкі бөлінуі. Әлеуетті бай қорлардың аз игерілген және жұмыс істеп тұрған өндіруші кәсіпорындардан шалғайдағы аудандарда шоғырлануы.

6) Электр энергиясы бір өңірлерде артық болған кезде басқа өңірлерде тапшы болуы. Елдің солтүстік және шығыс өңірлері электр энергиясын шамадан тыс шығарады, ал сонымен бір мезгілде оңтүстік және батыс өңірлерге ол елдің басқа өңірлерінен немесе таяу орналасқан елдерден (Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан) импортталады.

7) Ел экономикасының осы заманғы қажеттіліктеріне сай келмейтін көлік желісі. Көлік инфрақұрылымының қанағаттанғысыз жай-күйі. Республиканың негізінен кеңестік уақытта қалыптасқан көлік жүйесі қазіргі жағдайда республиканың халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне толық қосылуын тежеп отыр. Елдің темір және автомобиль жолдары өткізу қабілетінің төмендігімен сипатталады. Қарқынды тозу мен бұзылудың салдарынан жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары желісінің шамамен 30 %-ы күрделі жөндеуді талап етеді, 75 %-ы беріктік пен тегістіктің қолданыстағы нормативтеріне сай емес.

8) Тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымның тозуының жоғарылығы. Елдің шағын қалалары мен ауылдық аудандарындағы инфрақұрылым желісінің нашар дамуы. ЖЭО-ның негізгі құралдарының табиғи тозуы 40-60 % көлеміне жетті, бұл иеліктегі электр және жылу қуаттарын шектеуге әкеп соқты. 2010 жылға қарай ЖЭО турбиналарының 50%-ы өзінің белгіленген қуаттарының парктік ресурсын тауысады. Елді мекендердің энергия желілері мен су құбыры-кәріз желілерінің айтарлықтай тозуы. Ел халқының 1,7 %-ы әкелінетін сумен жабдықталады, 25 %-ы жеткізудің қиындығына байланысты суды алдыш ала тазартылмаған ашық көздерден ішеді.

9) Су шаруашылығы инфрақұрылымының қанағаттанғысыз жай-күйі. Бөгеттердің, су тораптарының және өзге құрылыстардың нашар техникалық жай-күйі.

10) Әлеуметтік инфрақұрылым объектілері желісінің жеткіліксіз даму деңгейі. Ел өңірлері әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен әрқелкі қамтамасыз етілген. Шалғайдағы

ауылдық елді мекендерде әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қолжетімділік жоқ немесе қиын. Халықтың табиғи және миграциялық өсім қарқыны жоғары ірі қалалар мен өңірлерде әлеуметтік инфрақұрылымның даму қарқыны артта қалған.

11) Рекреациялық инфрақұрылымның дамымауы. Рекреациялық инфрақұрылым объектілерінің көпшілігі кеңестік уақытта салынған, өте тозған және халықаралық стандарттарға сай емес.

12) Елдің бүкіл аумағында экологиялық ахуалдың нашарлауы. Әуе бассейнінің ластануы, су ресурстарының таусылуы және ластануы, "тарихи" ластану, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар, жердің шөлейттенуі және тозуы, биологиялық әрауандылықтың бұзылуы, радиоактивті ластанулар өңірлердегі қоршаған ортаның басты проблемалары болып қалып отыр (6, 7-қосымшалар).

13) Елдің әкімшілік-аумақтық құрылымының осы заманғы талаптарға сай болмауы. Нарықтар мен елді мекендер жүйелерінің шекарасы өңірлердің әкімшілік шекарасына әркез сәйкес келе бермейді. Бұдан басқа, облыстық (11 қала) және аудандық (10 қала) маңызы бар кейбір қалалар өз мәртебесіне сай емес (8-қосымша). Мысалы, Ақтөбе облысының Жем, Темір сияқты аудандық маңызы бар қалаларының халық саны 2,5 мың адамнан, ал Қызылорда облысының Қазалы, Ақмола облысының Степняк сияқты қалаларының халық саны 6 мыңнан аспайды. Бұрын құрамына селолық округтер енгізілген қалалардың шекарасы реттелмеген.

Нарықтық экономиканың жұмыс істеу жағдайында экономикалық әлеуетті дамыту мен орналастыру және халықты таратып орналастыру мәселелері негізінен нарықтық тетіктер арқылы айқындалады.

Сонымен қатар, мемлекет елдің орнықты экономикалық дамуы, халықтың қолайлы тыныс-тіршілігі және бар ресурстық әлеуетті ұтымды пайдалану үшін жүйелі жағдайды қамтамасыз етуге тиіс.

Қазіргі кезеңде мемлекет міндеттері экономика мен еңбек ресурстарын экономикалық тұрғыдан болашағы бар аудандарға және тыныс-тіршілік үшін қолайлы табиғи-климаттық аймақтарға шоғырландыруды ынталандыруға, нарық субъектілерінің экономикалық белсенділігін өсіру үшін жағдайлар жасауға және әлемдік шаруашылық жүйесіне үйлесімді кіріктірілген біртұтас ішкі экономикалық кеңістікті қалыптастыруға келіп тіреледі. Бұл жүйе бойынша аймақтың даму стратегиясын жасаған болатын, оның негізгі алға қойған мақсаттарының бірі экономикалық кеңістіктік және халықты таратып орналастыруды қалыптастыру, кластерлерді қалыптастырумен өзара байланыстыра отырып аумақтарды инфрақұрылымдық қамтамасыз етуді қоса алғанда, елдің аумақтық дамуының стратегиялық бағыттарын айқындайды.

Алға қойылған елді орнықты және серпінді дамытуды қамтамасыз ету мақсатына қол жеткізу өңірлік және әлемдік экономикада ел мен оның өңірлерінің бәсекеге қабілеттілікке мамандануын, елдің экономикалық әлеуетін және халықты таратып орналастыруды ұтымды кеңістіктік ұйымдастыруды қалыптастыру жөніндегі өзара байланысты міндеттерді тиімді іске асыруға және соның негізінде елдің барлық аумақтарының теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуының жұмыс істеуіне байланысты.

Әлемдік және өңірлік экономикада ел мен оның өңірлерінің орнын айқындау, экономикалық, табиғи, еңбек әлеуетін талдау және бағалау, сондай-ақ таратып орналастыру жүйесі негізінде елдің аумақтық кеңістігін қалыптастырудың осьтік ұстанымына көшуді жүзеге асыру көзделіп отыр, оның қаңқалық негізі қазір бар және қалыптастыру козделіп отырған, сыртқы нарықтарға шығу мен елдің өңірлік және әлемдік экономикаға кірігуін қамтамасыз ететін көлік-коммуникация дәлізі, ал аса маңызды тораптары - өңірлік және жаһандық нарықтарға кіріктірілген көшбасшы ірі қалалар болады.

Солтүстік, Оңтүстік, Орталық аумақтық дамудың стратегиялық осьтері:

1) Қалыптасқан, сол сияқты қалыптастырылып жатқан өңірлік және өңірге қарасты құрылатын аумақтық-шаруашылық жүйелерді, сондай-ақ оқшауланған экономикалық тораптар мен олардың арасындағы аумақтарды байланыстырады, бұл жергілікті осьаралық желілерді қалыптастырумен қатар елдің ішкі экономикалық кеңістігінің біртұтастығын қамтамасыз етеді;

2) Ортақ еуразиялық экономикалық кеңістік қалыптастыру аясында елдің геоэкономикалық жағдайынан түсетін қосымша пайданы қамтамасыз ете отырып, трансевразиялық сауда-экономикалық, көлік-коммуникациялық дәліздер бағытында қалыптастырылады.

Солтүстік даму осі Каспий (Атырау, Ақтау) және Алматы (Талдықорған, Достық) аумақтық шаруашылық жүйелеріне шығумен Өскемен – Семей – Павлодар – Астана – Қостанай (Көкшетау, Петропавл) – Ақтөбе – Орал бағытында және Ресей Федерациясының шекара маңындағы өңірлеріне осьтің бүкіл периметрі бойынша қалыптасады.

Елдің солтүстігі мен батысындағы осі "астық белдеуі" деп аталатын өмір сүруге және шаруашылық қызметке қолайлы, дамыған сауда-экономикалық және көлік-коммуникациялық байланыстары бар толық игерілген аумақтарды Ресей Федерациясымен, еуропалық, таяушығыстық және шығыс-азиялық (Орталық ось арқылы) экономикалық кеңістікке негізгі шығу жолдарымен байланыстырады және Солтүстік-қазақстандық трансевразиялық сауда-экономикалық дәлізін құрады.

Осыке кіретін аумақтардың қазір бар экономикалық әлеуетін нығайтумен қатар, Қостанай - Ақтөбе оське қарасты дәліздің әлеуетін, сондай-ақ Каспий аумақтық шаруашылық жүйесіне (Атырау, Ақтау) шығуды ұйымдастыруды нығайту мен өсіру перспективалы міндет болып табылады.

Оңтүстік даму осі бүкіл периметр бойынша ортаазиялық мемлекеттердің шекара маңындағы өңірлеріне шығумен Қытай Халық Республикасының шекарасы (Достық, Қорғас) –

Талдықорған – Алматы – Тараз – Шымкент – Қызылорда – Атырау, Ақтау бағытында қалыптасады.

Елдің оңтүстігіндегі осі өмір сүруге және шаруашылық қызметке қолайлы, дамыған сауда-экономикалық және көлік-коммуникациялық байланыстары бар толық игерілген аумақтарды Орталық Азия мемлекеттерімен, сондай-ақ Қызылорда, Ақтөбе (оңтүстік бөлігі), Атырау және Маңғыстау облыстарының окшауланған экономикалық тораптарын еуропалық, таяушығыстық, шығыс-азиялық және оңтүстік-азиялық экономикалық кеңістіктеріне негізгі шығу жолдарымен байланыстырады және Оңтүстікқазақстандық трансуразиялық сауда-экономикалық дәлізін (жаңарған Ұлы Жібек жолын) құрады.

Елдің экономикалық кеңістігінің тірек қаңқасы елдің орталық бөлігінде Оңтүстік және Солтүстік даму осьтерін байланыстыратын Орталық осі болады.

Орталық даму осі Балқашқа, Достыққа тармақталумен және Қытайға, сондай-ақ Жезқазғанға шығумен, Батыс Қазақстанның теңіз порттары бағытына шығу перспективасы бар "Астана – Қарағанды –Алматы" бағытында қалыптасады.

Осыке қосылатын даму аумақтарының ерекшелігі олардың игерілу дәрежесінің төмендігі, өмір сүруге және шаруашылық қызметке қолайсыз жағдай, қалыптасқан аумақтық шаруашылық жүйелердің окшаулығы және көлік-коммуникация желілерінің дамымауы болып табылады. Сонымен бір мезгілде елдің орталық аумақтары оның резервтік ресурстық аймағы болып табылады.

Осытің бойында орналасқан аумақтарды игеру "Ақтөбе - Атырау, Ақтау", "Семей – Өскемен – Алматы" жергілікті осьаралық желілерді дамытумен қатар, елдің біртұтас ішкі экономикалық кеңістігін, Ресей Федерациясының Азиялық бөлігі – Орталық және Оңтүстік Азия (Солтүстік – Оңтүстік) бағытындағы сауда-экономикалық дәліздерді қалыптастырудың негізіне айналуға тиіс.

Қалыптастырылатын даму осьтерінің аса маңызды тораптары аумақтық-шаруашылық жүйелердің ірі экономикалық орталықтары болып табылатын, әлемдік, өңірлік және ұлттық еңбек бөлінісінде бәсекеге қабілетті, серпінді дамып келе жатқан көшбасшы қалалар мен тірек қалалар болады.

2 деңгейдегі қалаларды басым дамыту көзделіп отыр:

- жалпыұлттық, ал перспективада Орталық Азия деңгейіндегі 2–3 ірі көшбасшы қала, бұлар тауар, қаржы, технология және мәдениет алмасудың еуразиялық жүйесінде аса маңызды тораптарға айналады;

- көшбасшы қалалар жаһандық, өңірлік және ұлттық нарықтарға кіріктірілген, өсу полкостерінің орталықтарына айналуға және елдің барлық қалған өңірлері үшін "локомотив" рөлін атқаруға тиіс;

- өзіне өз өңірлеріндегі экономикалық белсенділікті шоғырландыратын және бәсекеге қабілетті өңірлік кластерлерді қалыптастырудың катализаторы болатын әрі өңірлердің ұлттық және сыртқы нарықтарға шығуын қамтамасыз ететін ұлттық және өңірлік (облыстық) деңгейдегі тірек қалалар.

Қалыптастырылатын осьтер шеңберінде аумақтарды кешенді дамыту қалыптасқан аумақтық-шаруашылық жүйелер - экономикалық макроөңірлер (географиялық орналасуына, экономикалық мамандануына және кооперация деңгейіне, көлік жүйелерінің ортақтығына байланысты елдің екі немесе одан көп облыстарын қамтитын), өңірлер (бір облыс немесе республикалық маңызы бар қала шегінде) мен өңірге қарасты өңірлер (бір немесе бірнеше аудандар шегінде) бөлінісінде көзделіп отыр.

Қалыптастырылатын стратегиялық даму осьтері мен экономикалық макроөңірлер (өңірлер, субөңірлер) халықты таратып орналастыру жүйесінің негізіне айналады және таратып орналастырудың тиісті (солтүстік, оңтүстік, орталық) макроаймақтары мен елді мекендер жүйесін (макроөңірлік, өңірлік және өңірге қарасты өңірлік) қалыптастырады.

Осыған байланысты тәжірибеде бұрын қалыптасқан жоспарлау әдістеріне карағанда, өңіраралық теңсіздіктерді жою емес, экономикалық әлеуетті ұтымды аумақтық ұйымдастыру, табиғи, экономикалық және еңбек ресурстарын, географиялық жағдайды тиімді пайдалану үшін жағдай жасау міндеті тұр. Аумақтарды біркелкі дамыту тұжырымдамасының орнына полярлық дамыту тұжырымдамасы келуге тиіс, мұнда өңірлік және жаһандық нарықтарға кіріктірілген әр елдің қалған барлық өңірлері, ал перспективада бүкіл Орталық Азия өңірі үшін "локомотивтер" рөлін атқаратын неғұрлым серпінді дамып келе жатқан қалалар немесе өңірлер өсу полюстеріне айналуы мүмкін. Осыған байланысты алдағы кезеңде ел бойынша тұтастай экономикалық белсенділіктің өсуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралармен қатар орталық деңгейде жалпыұлттық ауқымдағы реттеу басымдығы, өсу полюстерін қалыптастыру болады.

8 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЭТИКА ТАЛАПТАРЫ

Мемлекеттік қызмет этикасы қызметшілердің кәсіптік қызметін орындауда оңтайлы көзқарасты көрсететін адамдық қарым қатынастардың кәсіптік тәртіп кодексінің бір түрі ретінде, сонымен қатар бұл кәсіптің мәдени – ізгілік бағытын түсіндіретін әлеуметтік – философиялық пән болып табылады. Тәртіп кодексі мемлекеттік қызметшінің мінез құлқына, қызметтік міндетіне, мемлекет пен оның азаматтарының өзара қарым – қатынасына сенімді өкіл болып табылатын мемлекетке, өзі «қызмет ететін» қоғамға қатысты моральдық талапты білдіретін неғұрлым жинақты принциптер мен нормаларды білдіреді.

Мемлекеттік қызметші үшін өзіне шектен тыс сенімді болу, қызметтестеріне, бағыныштылары мен келушілерге пыдамсыздық көрсету – үлкен қателік.

Мемлекеттік қызметшінің ақиқат пыншыл болуы – оның маңызды моральдық қасиеті болып табылады. Ол екіжүзділікке, өтірік айтуға, ырғақтарды жеке мақсаты, мансабы үшін өзгеше сипатта қарауға, түсінуге қарсы.

Мемлекеттік қызметшіге, өзге мамандық иелеріне қарағанда тәкаппарлық типті де жараспайды. Ол адамдарға қатынасындағы менмендікпен, олардың білімі мен тәжірибесін менсінбеушіліктен, өз орнын аса биік бағалаудан, қолы жеткен табысқа мастанудан, өз мүмкіндігін асыра бағалаудан көрінеді.

Қоғамдық пікірді есепке ала отырып, өз-өзіне жоғары талап қоя білу мемлекеттік қызметшінің өзін-өзі ұдайы жетілдіру ғана емес, өзгелерден сондай жетілуді талап ету болып табылады. Талап қоя, сұрай білу де – мемлекеттік қызметшінің кәсіптік имиджінің моральдық кодексінің талаптарының бірі.

Талап ету – сенім білдірумен, сыйлаумен сабақтасып жатуы қажет.

Мемлекеттік қызметшіге қажет бір қасиет - тыңдай білу. Тыңдай білу сөйлеушінің сөзін бөлмей мақұлдау ғана емес, оның

ойына, сезіміне ортақтасу. Сөйлеп отырған адамға тыңдаушының бет құбылысы: бейтарап отыр ма, жалығып кетті ме, әлде қызығып, көмектесуге дайындалуда ма бәрі әсер етеді. Қызметшінің жеке бас проблемасы әңгімелесушінікіне қарағанда анағұрлым күрделі, қиын мәселе болса да, ол тыңдаушы ретінде өз проблемасын естен шығара тұруы тиіс.

Мемлекеттік қызметшінің басты қызметі болып табылатын адамдармен қарым-қатынастағы басшылық – қоғамның басты өндіруші күші – адамдармен «адам факторымен» жұмыс істей білушілік.

Мемлекеттік қызметші болу, бұл - адамдармен тең қарым - қатынаста болу, кез келген жағдайдан жол таба білу, өз сөзімін басқара білу.

Қызметтік этика ережелері

1. Ол билік және өз құзыретін басқара біліп, сонымен бірге шыншыл болуы керек.

2. Мемлекеттік қызметте өз пайдасы үшін емес, мемлекет үшін жұмыс істеп, мемлекеттік қаражатты өз қалтасымен ауыстырмау керек.

4. Заң талаптарымен толық келісімде өмір сүру керек.

5. Кез-келген жерде, кез-келген қызметте қандай да болмасын жағдайда халықтың, өз елінің азаматтарының сенімін жоғалтпау керек.

6. Қазақстандық мемлекеттік қызметкер әділеттілік пен сыпайылықтың үлгісі болып, адамдар арасында өзін-өзі ұстай білуі керек.

7. Ұжымды басқармас бұрын, ол өзі бағына, жұмысшыларға берген жұмысты өзі атқара білуі керек.

8. Еген мемлекет мүддесіне зиян келтіріліп жатқанын немесе сыбайлас жемқорлықтың дайындалып жатқанын көрсе міндетті түрде арласып, тиісті шара қолдану керек.

Қызметтік тәртіп – бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар мен қағидаларды қатаң және дәл сақтау.

Қызметтік тәртіп әрбір қызметкердің қызметтік борышын және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген жеке жауапкершілігін сезінуіне негізделеді.

2. Арнаулы мемлекеттік органдардың басшылары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң басшылыққа ала отырып, сеніп тапсырылған бөлімшелерде қызметтік тәртіпті күнделікті сақтауға міндетті.

3. Қызметтік тәртіп жауапкершілігі:

1) қызметкерлерге патриоттық, имандылық және рухани тәрбие беруді ұйымдастырумен, оларда жоғары моральдық-психологиялық қасиеттерді қалыптастырумен;

2) әрбір қызметкердің өзінің міндеттерін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауға деген жеке жауаптылығымен;

3) бөлімшеде күн тәртібін және қызмет уақытының регламентін сақтаумен;

4) басшылардың жеке үлгі көрсетуімен және бағынысты қызметкерлерге қызметтік міндеттерін тиісінше орындауы туралы күнделікті талап қоюымен, олардың орындаушылығын бақылаумен, қызметкерлердің құқықтары мен жеке қадір-қасиетін құрметтеумен, оларға қамқорлық жасаумен, көтермелеу, сендіру, мәжбүрлеу және ұжымның қоғамдық ықпал ету шараларын шебер үйлестіру және дұрыс қолданумен;

5) бөлімшеде қызмет өткеру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайлар, қажетті материалдық-тұрмыстық және өзге де жағдайлар жасаумен қол жеткізіледі.

Мемлекеттік қызмет этикасы қызметшілердің кәсіптік қызметін орындауда оңтайлы көзқарасты көрсететін адамдық қарым қатынастардың кәсіптік тәртіп кодексінің бір түрі ретінде, сонымен қатар бұл кәсіптің мәдени - ізгілік бағытын түсіндіретін

элеуметтік - философиялық пән болып табылады. Тәртіп кодексі мемлекеттік қызметшінің мінез құлқына, қызметтік міндетіне, мемлекет пен оның азаматтарының өзара қарым - қатынасына сенімді өкіл болып табылатын мемлекетке, өзі «қызмет ететін» қоғамға қатысты моральдық талапты білдіретін неғұрлым жинақты принциптер мен нормаларды білдіреді.

Мемлекеттік қызметші үшін өзіне шектен тыс сенімді болу, қызметтестеріне, бағыныштылары мен келушілерге шыдамсыздық көрсету - үлкен қателік.

Мемлекеттік қызметшінің ақиқат шыншыл болуы - оның маңызды моральдық қасиеті болып табылады. Ол екіжүзділікке, өтірік айтуға, ырғақтарды жеке мақсаты, мансабы үшін өзгеше сипатта қарауға, түсінуге қарсы.

Мемлекеттік қызметшіге, өзге мамандық иелеріне қарағанда тәкаппарлық типті де жараспайды. Ол адамдарға қатынасындағы менмендікпен, олардың білімі мен тәжірибесін менсінбеушіліктен, өз орнын аса биік бағалаудан, қолы жеткен табысқа мастанудан, өз мүмкіндігін асыра бағалаудан көрінеді.

Қоғамдық пікірді есепке ала отырып, өз - өзіне жоғары талап қоя білу мемлекеттік қызметшінің өзін - өзі ұдайы жетілдіру ғана емес, өзгелерден сондай жетілуді талап ету болып табыады. Талап қоя, сұрай білу де - мемлекеттік қызметшінің кәсіптік имиджінің моральдық кодексiнiн талаптарының бiрi.

Талап ету - сенім блдірумен, сыйлаумен сабақтасып жатуы қажет.

Мемлекеттік қызметшіге қажет бір қасиет - тыңдай білу. Тыңдай білу сөйлеушінің сөзін бөлмей мақұлдау ғана емес, оның ойына, сезіміне ортақтасу. Сөйлеп отырған адамға тыңдаушының бет құбылысы: бейтарап отыр ма, жалығып кетті ме, әлде қызығып, көмектесуге дайындалуда ма бәрі әсер етеді. Қызметшінің жеке бас проблемасы әңгімелесушінікіне қарағанда анағұрлым күрделі, қиын мәселе болса да, ол тыңдаушы ретінде өз проблемасын естен шығара тұруы тиіс.

Моральдық сапа қасиеттерінің ішіндегі ең шынайысы - Мемлекеттік қызметшінің өз беделі. Беделдің жиналуы - өз ісін терең білуі мен қажымас еңбек, адалдық пен әділдік, қарапайымдылық пен байсалдылық, өзіне де, өзгелерге де талап қоя білушілік және парыз бен жауапкершіліктің дамыған деңгейі.

Мемлекеттік қызметшінің басты қызметі болып табылатын адамдармен қарым – қатынастағы басшылық – қоғамның басты өндіруші күші – адамдармен «адам факторымен» жұмыс істей білушілік.

Мемлекеттік қызметші болу, бұл – адамдармен тең қарым – қатынаста болу, кез келген жағдайдан жол таба білу, өз сезімін басқара білу.

Жеке қарым – қатынастар. Өзін-өзі ұстау мәнері өзара амандасудан басталады. Қызмет шарты бойынша «кім ақылды әрі тәрбиелі болса, сол бірінші амандасады». Әйел адамның қызметтік құқы ер адаммен бірдей болғандықтан, өзі бастап амандаса беруіне болады.

Этикет ережесі бойынша ер адам әйелге, жасы кіші үлкенге, бағынышты адам бастығына амандасады. Әйелдерге қалауына қарай, ал ер адамға қол алысқан дұрыс. Көптеген елдерде, оның ішінде бізде де тұрмыстағы әйел адамның қолын сүю қабылданған. Қол алысуда бастығы бағыныштыға, үлкен ер адамға бірінші қолын ұсынады.

Жеке қарым – қатынас – 60 см мен 1–2 метр қашықтықтан араласу. Бұған әңгімелесу, келіссөз келісім шарт кезіндегі кездесулер жатады.

Әлеуметтік ара қашықтық – 1,2–2,5 метрмен анықталады. Ол танымайтын адаммен байланысты білдіреді. Мұндай қашықтық директордың хатшысымен, өзге де қызметкерлермен қатынасында болады. Мұндай қатынас кезінде қабылдаушының назарын басқа жаққа аударуы әңгіменің аяқталғанын білдіреді.

Көпшілік ара қашықтық 3,5–7,5 метрге шейінгі аралықты қамтиды. Ол мәжілістер, жиналыстар өткізуде қолайлы.

Сіздің киіміңіз. Осыған байланысты сыртқы түр этикетінен де хабардар болған жөн. Тапа - таза, өзіне сенімді, сыпайы көзге ұрып тұратын артық жылтырақсыз киінген қызметкер сенімге тез ие болады

Тиімді қарым - қатынас. Тиімді қарым - қатынас үшін әңгімелесуші өзіне бейімдеудің, өзін - өзі икемді ұстаудың, ұстамдалақ пен ашық адамға тән қасиеттерді меңгерудің маңызы зор. Егер келуші қысылыс білдіріп, мазасызданса, сіз өзіңіздің қарапайым ұстамыңызбен келушіні тыныштандыра аласыз.

Сөйлеу білу. Сөйлеп білмей, ойлауға дағды алу мүмкін емес. Жақсы сөйлеуге үйрену үшін не істеу керек?

Біріншіден, әдеби кітаптар оқып, өлеңдер мен көркемсөздер жаттау арқылы жадыңыздағы жақсы сөз тіркестерін үнемі жаңғыртып отырыңыз. Сіздің миыңыз неғұрлым көп мәтінді сақтаған сайын Сіз қажет кезде оларды дайын күйінде қолдана қоясыз.

Екіншіден, өз сөзіңізді жақсы ұғыныңыз. Әрбір сөйлегеніңіз қысқа да нұсқа, сауатты құрылған сөйлемдерден болуы тиіс. Сіз ойыңызды дұрыс құрап жеткізе алмасаңыз, қандай құнды пікір айтама дегенмен ол дұрыс қабылданбауы мүмкін.

Белсенді тыңдау. Сіз айналаңызды ынта қоя тыңдаған сайын, сөйлеуші де Сізге ықыласпен әңгімелей түседі. Сіз өзіңіз біреуді ықыласпен тыңдасаңыз, Сіз сөйлегенде, ол да Сізді сондай ынтамен тыңдамақ. Белсенді тыңдай отырып, мәселе бойынша орынды сұрақтар қоя білу - адамның көзін жеткізудің маңызды бір бөлігі. Әдетте, қызметтегі жоғарылауларды жақсы сөйлейтіндерге қарағанда жақсы тыңдай білетіндер тез алады.

Тиімді тыңдап білудің тәсілдері:

1) Тыңдаушының көзіне тіке арап отырыңыз. Сіз мұнымен оны ынта қойып тыңдағаныңызды білдіресіз.

2) Сөйлеушіге өзіңіздің тыңдап отырғаныңызды «иә, иә», «түсінемін» деген сөздер немесе басыңызды иізіп қоштау арқылы сездірте аласыз.

3) Сөйлеушіге шынымен де тындап қана емес, түсініп отырғаныңызды да білдіріңіз. Егер бір нәрсеге түсінбей қалсаңыз, сұрақ қойыңыз.

4) Сіздің отырысыңыз, қимыл - қозғалысыңыз тындап отырғаныңызды білдірсін, сөйлеуші ынталы, тірі адаммен сөйлесіп отырғанын түсінуі тиіс.

5) Сізге айтылған әңгіменің мәнін түсіне біліңіз. Бұл оңай емес, өйткені Сіздің ойыңыз бір айтылғанды терең ойлап, соны қуып кетсе, келесі айтылғандардан хабарсыз қалуыңыз мүмкін. Ой «адасуына» жол бермеңіз.

6) Ойды түсінуге ғана емес, сөйлеуші сезімін түсінуге де ден қойыңыз. Адамдардың өз ойы мен сезімдерін әлеуметтік нормалармен қабылдағандай, «құпиялап» беруі мүмкін екенін есте ұстаңыз.

7) Байқағыштық - жақсы қасиет. Сөйлеушінің бет құбылысының сипаттарын: Сізге қалай қарағанын, қалай отырғанын немесе тұрғанын, әңгіме кезінде өзін қалай ұстағанын бақылаңыз.

8) Сөйте отырып, өзіңіздің сезіміңізді де дәл беріңіз: бұл жағдайды айқындап, әңгімедегі кедергілерді жояды.

9) Айтылған нәрсеге өз ойыңыздың қолдауын білдіре отырыңыз. Сіздің ол қолдауыңыз сөйлеушінің ойын дәл жеткізуіне ықпал етеді. Сіздің тарапыңыздан болған кез келген жағымсыз реакция сөйлеушінің қорғаншақтауына, өзіне сенімсіздігіне соқтырады.

10) Сізге айтылған нәрселердің мақсаты - Сізден кері байланыс талап ететінін есте сақтаңыз. Мұндайда қажетті әрекет - әңгімелесушіге жауап беру.

Телефон - сіздің көмекшіңіз. Телефонмен әңгіме - мемлекеттік қызметші жұмысының ажырамас бөлігі. Телефонмен сөйлесе білу де - биік мәдениеттіліктің белгісі.

Біреумен телефон арқылы сөйлескенде сіздің өзіңізді көрсететін жалғыз мүмкіндігіңіз - дауысыңыз. Сіздің дауысыңыз ашу, ренішіңізді, қуаныш, қайғыңызды білдіреді. Телефон сіздің

дауысыңызды құбылтып, өзгертіп, жағымсыз әсер беруі мүмкін екенін естен шығармаңыз.

Қызмет бабында телефонды пайдаланудың кейбір ұсыныстары:

1) Тығыз, орындалуы шапшандықты қажет ететін жұмысыңыз болса, телефонды тез көтеріңіз де: «Қайырымды бола көріңіз, осынша уақыттан кейін қайта соғуыңызды сұраймын, тап қазір аса тығыз жұмыстарым бар» деңіз.

2) Көптеген адамдар қарсы дауыс анық естілмесе, дауысын көтеріп сөйлеуге мәжбүр. Мұндайда желінің арғы баындағы адамға қаттырақ, анық сөйлеуін ескертіңіз.

3) Өз телефоныңыздың құлағын көтергенде әдетте айтылатын «иә», «тындап тұрмын» деген сөздердің орнына «кадрлар бөлімі», «қалалық әкімшілік» деп жауап берген дұрыс. Бұл уақытыңызды үнемдейді. Оның үстіне өзіңіздің жұмыс орныңызды атап жауап беру әңгіменің іскерлік жүруіне ықпал етеді.

4) Жауапты телефондармен сөйлесу (қалааралық, жоғары органдармен) қоятын сұрақтарыңызды күн ілгері реттеп алуды қажет етеді. Бұл маңызды нәрселерді ұмытпау үшін қажет.

5) Телефонмен сөйлесу этикасы өзіңіздің кім екеніңізді таныстырудан басталуы қажет (тіпті Сізді дауысыңыздан танитын болғанның өзінде).

6) Барлық әңгімелер, қарапайым, жайбарақат жүргізілуі тиіс. Сіздің жауабыңыз толық, дәл болғанның өзінде дөрекі, түрпідей болса, Сіздің мекемеңіздің абыройына нұқсан келуі мүмкін.

7) Егер Сіздің хатшыңыз болса, өзіңіз белгілі уақытта байланысып отыратын адамдар мен ұйымдар туралы ескертіп қойыңыз.

Қызметтік қарым - қатынастар. Жаңа қызметкерді ұжымға бастық таныстырады. Бұрынғы қызметкерлер жаңа адамның ортаға өз адамдарындай сіңісіп кетуін іске араластырып, бірнеше күн өткеннен кейін жаңа адам өзін осы ортаның байырғы мүшесіндей қолайлы сезінуі керек. Ұжымдағы кейбір

адамдардың күрделі қарым - қатынастарын, өзара реніштерін жаңа келген адамға білдіртпеген жөн.

Ұжымдағы мүшелердің бір - бірімен қарым - қатынасы олардың арасында қалыптасқан дағдыға немесе өзара жеке қарым - қатынастарына байланысты болады.

Мекеме басшысы неғұрлым жас болса, жасамыс қызметкерлер мен әйелдерге сәлем береді. Тәрбиелі адамдар бір - біріне иілісу де бар.

Бөлмеге кіргенде, басшы бірінші амандасады, қызметкерлер орындарынан тұрмай - ақ амандасады.

Басшы өз кабинетіне жұмыспен келген әйел қызметкерді тұрып қарсы алмайды. әңгіме ұзаққа созылар болса, орын ұсынады.

Келушінің қызметкерлерді өз жұмысынан аландатпауы үшін есікті қақпай кіргені дұрыс. Басшының кабинетіне алдына хатшы болмаса ғана қағып кіруге болады. Басшы қызметкерлеріне есік қағып кіруді ескерткен болса, бұл ережені сақтаған дұрыс.

Қызметкерімен немесе келушімен сөйлесіп отырған басшы: іске қатысы жоқ қағаздарды ақтарып кетуден; қайта - қайта телефонменен сөйлесуден; саусақтарымен үстелді тықылдатудан аулақ болғаны жөн

Егер әңгіме нақты іске қатыссыз бағытқа кетіп, ұзаққа созылар болса, басшы орнынан тұрып, әңгіменің аяқтала келгендігін білдіргені дұрыс.

Көпшілік алдында сөйлесу. Көптеген мемлекеттік қызметшілер өз жұмысы барысында көпшілік алдына шығып сөйлесуге мәжбүр болады.

Сөйлесуге байсалды дайындықпен кірісіңіз. Сіздің әрбір сөзіңіз аудитория үшін де, сіз үшін де маңызы болуы тиіс.

Қажетті жерге дәл уақытта жету үшін мекенжайлы, күннің жадын, уақытты, қабылдайтын тарап туралы мәліметті, ұйымдық мәселелерді жазып алыңыз. Келеңсіздің болмас үшін рет - ретімен не болатынын нақтылаңыз. Сіздің кездесуіңіз қандай болатынын да алдын ала білуіңіз қажет: жиналыс па, қабылдау ма,

әлде ресми емес қабылдау ма? Сахнадан сөйлейсіз бе, кафедрада ма, әлде топ ортасына шығу керек пе? Бұларды да алдын ала білгеніңіз дұрыс. Мұндай мәліметтер сіздің қандай жағдайға не лайықтап киетініңізді таңдауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, не жөнінде, қандай мақсат қойып сөйлейтініңізді анықтап алыңыз. Қанша уақыт талап етіледі? Сөйлеп болғаннан кейін сұрақтарға жауап беру үшін уақыт беріле ме? Регламентпен дәл сәйкестікте жүруді жоспарлаңыз!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 2 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР-ның Конституциялық Заңы.
- 3 «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» ҚР-ның Конституциялық Заңы.
- 4 «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңы.
- 5 «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» ҚР Заңы.
- 6 «Үкімет туралы» ҚР Конституциялық Заңы.
- 7 ҚР Президентінің «Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы» Жарлығы
- 8 ҚР «Ар-ождан» Кодексі
- 9 Уваров В. Н. Государственная служба и управление: учебник. – Петропавловск, 2014.
- 10 Мусилимова К. С. Государственная служба и управление: учебное пособие. – Караганда : Арко, 2017.
- 11 Глазунова Л. И. Система государственного управления. – М. : Юнити, 2003.
- 12 Мусилимова К. С. Государственная служба в РК. – Караганда : Болашак-Баспа, 2002.
- 13 Айтхожин К. К. Конституция Республики Казахстан и вопросы совершенствования правового статуса политических государственных служащих // Правовая реформа в Казахстане. – 2002. – № 2.
- 14 Борчашвили И. Ш. Понятие лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций, и лиц, приравненных к ним // Заңгер. – 2009. – № 5. – С. 69–74.
- 15 Буравлев Ю. М. Коррупция в госаппарате. Правовые и организационные проблемы системного противодействия этому злу // Государство и право. – 2008. – № 11. – С. 96–103
- 16 Байменов А. О казахстанской модели государственной службы. Сборник нормативно-правовых актов / под ред. А. Байменова. – Астана, 2000.

17 Амрекулов Б. Преступление против интересов государственной службы // Фемида. – 2000. – № 11. – С.14–20.

18 Зеркин Д. П., Игнатов В. Г. Основы теории государственного управления. – М., 2010

19 Серикбаев А. Вопросы теории и практики государственного строительства и государственной службы. Воплощение принципа социальности // Саясат. – 2002. – № 12.

20 Дауранов И. Н. Организация государственного управления : монография. – Алматы : Издательство НВШГУ, 2007.

21 Богачек И. А. Философия управления. Очерки профессионального управленца. – СПб., 2008

22 Атаманчук В. Г. Современная концепция государственного управления Россией // Государственное управление: проблемы теории, истории, практики преподавания. – Ростов н/Д., 2009

23 Атаманчук В. Г. Государственное управление: рациональность и эффективность его в период структурных перемен / Ракурс. Управление: теория, практика, поиск. – Минск, 2010

24 Чиркин В. Е. Государствоведение. – М., 2009.

25 Байгельдинов Е. Теоретические основы устойчивого развития. Евразийское сообщество. – 2009. – № 2. – С. 114–121.

26 Есентугелов А. Итоги реформ и состояние экономики: успех и ошибки, просчеты и их причины / Аль Пари. – 2009. – № 4–5. – С. 27–30.

27 Жиленко Г. Экономика РК в годы реформирования. Экономика и статистика. – 2008. – № 1. – С. 117–124.

28 Козбаненко В. Формы и методы государственного управления. Проблемы теории и практики управления. – 2010. – № 2. – С. 46–49.

29 Кубаев К. Экономическая модель эффективного государства. Транзитная экономика. – 2009. – № 4. – С. 49–58.

30 Атаманчук Г. В. Теория государственного управления: курс лекции. – М., 2012.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1 Мемлекеттік қызмет саяси жаңғырту факторы ретінде	4
2 Қазақстанның саяси жаңару процесіндегі мемлекеттік қызмет институтының эволюциясы	18
3 Мемлекеттік лауазым мемлекеттік орган құрылымының бастапқы элементі ретінде	45
4 Мемлекеттік қызметтегі мемлекеттік саясат	71
5 Мемлекеттік билік пен мемлекеттік басқару: қарым-қатынасы мен өзара іс-қимыл механизмі	83
6 Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымы	96
7 Мемлекеттік басқарудағы аймақтық ұйым	125
8 Мемлекеттік қызметшіге қойылатын этика талаптары	141
Әдебиеттер	151